



АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Жас ғалымдар” сериясы
Серия “Молодые ученые”
№1, 2013 ж.

Алматы, 2013

Хабаршы. «Жас ғалымдар» сериясы. – Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, - 2013. № 1. - 121 б.

Вестник. Серия «Молодые ученые». – Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, типография «Ұлағат», - 2013. № 1. – 121 с.

Бас редактор

Филол. ғыл. кан., аға оқытушы **С.А.Жиренов**

Главный редактор

Кан. филол. н., ст. преподаватель **С.А.Жиренов**

Бас редактордың орынбасары

Пед. ғыл. кан., аға оқытушы **А.Сманова**

Заместитель главного редактора

Кан. пед. н., ст. преподаватель **А.Сманова**

Редакция алқасы

Пед. ғыл. док., доцент **М.Абсатова**

Заң ғыл. док., доцент **А.А.Сабитова**

Ф.-м. ғыл. кан., аға оқытушы **Г.Тюлепбердинова**

Хим. ғыл. кан., аға оқытушы **Ж.Қ.Қорғанбаева**

Пед. ғыл. кан., аға оқытушы **А.И.Ибрагимов**

Редакционная коллегия

Док. пед. наук., доцент **М.Абсатова**

Док. ю. наук., доцент **А.А.Сабитова**

Кан. ф.-м. наук., ст. преподаватель **Г.Тюлепбердинова**

Кан. х. н., ст. преподаватель **Ж.Қ.Қорғанбаева**

Кан. пед. н., ст. преподаватель **А.И.Ибрагимов**

Жауапты хатшы

Аға оқытушы **Р.Ж.Жүнісова**

Ответственные секретарь

Старший преподаватель **Р.Ж.Жүнісова**

Журналдың көркемдеуші дизайнері

Оқытушы **Н.Е.Ажитаев**

Художественный дизайнер журнала

Преподаватель **Н.Е.Ажитаев**

• Редакцияға түскен ғылыми мақалалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Хабаршыға» сілтеме жасау міндетті.

- Жарияланған материалдардың нақтылығына авторлар жауап береді.
- Ғылыми пікірлер мен толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді.
- Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің жұмыстары қабылданады.

• Научные статьи, поступившие в редакцию, не рецензируются. Рукописи не возвращаются. При копировании материалов обязательная ссылка на журнал «Вестник».

- За достоверность материалов ответственность несут авторы.
- Научные отзывы и рецензии могут не соответствовать мнению редакции.
- К публикации в серии Вестника «Молодые ученые» принимаются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
© Казахский национальный педагогический университет имени Абая

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК

Сманова А.С. Қазақ ұлттық киімдерінің дизайндық ерекшеліктері мен даму кезеңдеріне сипаттама.....	4
Байтурбаева А.Т. Политические факторы формирования имиджа лидера в Республике Казахстан.....	18
Aldasheva A.A. Modern lines of development of tourism in Kazakhstan.....	27
Жиренов С.А. Тілдегі омонимдік-полисемиялық парадигмалар.....	30
Нұрсұлтанқызы Ж. Мақал-мәтелдердің гендерлік ерекшелігі.....	39
Қасенов Е.С. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі терминология мәселелері.....	44
Ибраимова Ж.Т. Қоғамдық-әлеуметтік фактордың қатысымдық мағынаға ықпалы.....	49
Әміржанова Н. Ұлттық бірегейлік және қазақ жазуының мәселелері (<i>Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ жазуы туралы ойлар</i>).....	55
Әшіров Ж.С. М.Мақатаев поэзиясындағы «от» концептісі.....	63
Мазобаева Ж.О. Лингвистикалық терминдерді қалыптастырудағы алаш зиялыларының пікір-көзқарастары.....	67
Жұмаділұлы С. Қазіргі айтыстағы әлеуметтік мәселелердің көтерілуі.....	71

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

Тюлепбердинова Г.А. Сравнительный анализ численных методов решения одномерной обратной задачи акустики.....	78
Қорғанбаева Қ.Ж. Металдыфеофитиндердің полимерлермен комплекстерінің түзілуі.....	88

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

Ибрагимов А.И. Взаимосвязь нравственного и эстетического воспитания учащегося.....	101
Жүнісова Р.Ж. Студенттерді зертханалық сабақтарда ғылыми-зерттеу нысандарымен жұмыс істеуге ынталандыру.....	105
Ажитаев Н.Е. Көркем - педагогикалық білім жүйесінде ақпараттық технологияларды кәсіби тұрғыда қолданудың практикалық негіздері.....	110

БІЗДІҢ АВТОРЛАР. НАШИ АВТОРЫ.....	118
--	------------

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясының ғылыми мақалаларды қабылдау ережесі.....	119
--	------------

Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ имени Абая» серия «Молодые ученые».....	120
---	------------

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ **ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК**

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ДИЗАЙНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНЕ СИПАТТАМА

Сманова А.С. –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушы, п.ғ.к

Қазақ ұлттық киімдері жайлы қазіргі уақытта беріліп жатқан ақпараттар мен оның үлгілерін дайындаушылар саны күннен-күнге арта түсуде. Арине, бұл жағдай қуантарлықтай. Дегенмен, қазақ ұлттық киім үлгілерін бүгінгі күн сұранысына лайықты етіп, күнделікті тұтынуға жеткізе алмасақ та, осы сала бойынша еңбек етіп, зерттеп, жобалап, сәндік әлемге шығарып, ат салысып жатқан өзіміздің отандық зерттеуші ғалымдарымыз, философтарымыз, өнертанушыларымыз және іс-жүзінде орындап, маусымдық сән апталықтарында көрсетілім жасап жатқан киім дизайнерлерінің үлесі орасан.

Қазақ ұлттық киім үлгілері жайлы мазмұнды білім мен оның тарихи нұсқаларын ажырата, түсіне біліп, ұлттық киім үлгісін жобалау болашақ киімнің орасандығын көрсетеді. Сондықтанда, қазақ ұлттық киім үлгілерінің даму болашағы оның тарихы мен ерекшеліктерін, әзірлеудегі әрбір бөлшек өңдеулерінің практикалық жағынан тиімділігімен, икемділік, дизайндық, әсемдеу мен әшекейлеу әдістерінің дұрыстығы мен сән талаптарына жауап беретіндігінің сақталуы нәтижесінде жобаланса, қазақ ұлттық киім үлгілерінде өзіндік сипат сақталары сөзсіз болмақ. Себебі, қазіргі жас дизайнерлер арасында ұлттық киім үлгісін жобалауға келгендегі көзқарастарда көптеген құптарлыққа келместей жағдайлар болып жатады. Сондай келеңсіз болған азды-көпті қателіктер ұлттық киім туралы білімнің толыққанды еместігінен екені көрініп қалады. Алайда, соншама еңбек етіп, ұлттық киім үлгісін топтама ретінде ұсынылуы, киім жобалаушылардың артуы еліміздің жеңіл өнеркәсіп пен халықтың сұранысы жағынан кішігірім болса да көрініс тауып, өз ұлтымыздың мәдениетіне қосылып жатқан үлестері болып табылады. Осы салада, білім беруде болашақ студент жастарымызға қазақ ұлттық киім үлгілеріне деген аялы көзқарастары мен мазмұнды білімді берудің маңызы ерекше. Сол себепті, қазақ ұлттық киімдеріндегі дизайн, оның ерекшеліктері туралы ең алдымен халық арасындағы және тарихи деректемелердегі ақпараттар жайында айтуды жөн көрдік. Ең алдымен бүгінгі өнер саласында көп қырлы «дизайн», «дизайнер» ұғымдарына түсініктеме берейік, заманауи техника мен технологияның дамуы кезінде көп қолданыста айтылып жүрген дизайн ұғымы қазақ ұлттық киім үлгісіне тікелей қатысты.

«Дизайн» - ұғымы XIX-XX ғғ ерекше шығармашылық іс-әрекет негізінде пайда болды. Дизайн жобалау іс-әрекетіндегі мәдениетті дамытудағы жаңаша бір үлгі болып анықталады. Дизайн адамзат рухани-

материалдық талап-тілектерін толыққанды қанағаттандыратын, жобалық-шығармашылық іс-әрекеттер үрдісі болып табылады. Дизайн бағытына қарай әралуан. Біздің бағыт киім дизайны. Ал, дизайнер маман иесі. Дизайн саласында жұмыс жасайтын, заттық материалдық ортадағы бұйымдардың тұтынушы талаптары мен эстетикалық жағынан, сапа тұрғысынан жоғары болуына жауапты қамтамасыз ететін маман иесін – дизайнер деп айтамыз. «Костюм» - адамға басты назар аудара отырып, образды тұрғыда шешілген ансамбль. Оның ішінде, ансамбль: киімді, аяқ киімді, шашты гримді, тағыншықтарды бірегейлендіреді және белгілі бір пайдалы эстетикалық функцияны атқарады. Аксессуарлар, костюмге қосымша сән беретін бұйымдар жиынтығы.

«Киім» -материалдық тыс жүйе, адам денесіндегі жасанды жамылғы, ол табиғаттың сыртқы қоршаған әсерлерінен сақтап және жеке адамның кейпін, дәуірдің көрінісін бейнелейді [1].

Қазақ ұлттық киімдерінің дизайндық ерекшеліктеріне төмендегі мысалдар дәлел бола алады. Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Қазақтың «дос басыңа, дұшпан аяғыңа қарайды» дейтін мақалы осы жайдан қалыптасқан. Сол сияқты сыпайылық көрсеткенде, біреуден біреу кешірім өтінгенде, аяққа жығылғанда бас киімді шешіп немесе бөрігін аяқ астына тастап аһ ұру да осы бас киімді қастерлеуден туған. Қазіргі уақытта қоғамдық орындарда, жиындарда (діни мейрамдарды қоспағанда) бас киім шешу мәдениеттілік белгісі ретінде осы ертедегі этикалық дәстүрлерден келіп жеткен.

Белдіктер мен күміс кіселерді сәндеу өнері де ежелгі салт. Қазақта «Етігі жаман төрге шыға алмас», «Белдігі жаман мықынын тірей алмас» дейтін мәтел бар. Бұл сияқты аталы сөздер адамның кедейлігі мен жоқшылығын кемітіп айтылған деп жорамалдау әсте дұрыс емес сияқты. Мұнда әр адамның өз бойын өзі түзеп, өз орнын өзі таба білуі абзал деген эстетикалық қағида, елдік дәстүр бар. «Кемер белбеу бел сәні, кемелді жігіт ел сәні» деген сөз де бізге осыны аңғартса керек.

Көк етік – көксауырдан оюлап тіккен жеңіл, үшкір тұмсық етік. Оны көксауыр етік деп те атайды. Көк етіктің қонышы, ойындысы, күлшіні оюланып, кестеленіп жасалады. Көк етікті көбіне серілер, батырлар, салдар киетін. Қазақтың «Көк етікті кез келмей, көн етіктіге бармай отырған қыз» дейтін мәтел сөзі осыдан қалған.

Халықтың сұлулықты ерекше бағалауы олардың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасауда әсемдік пен көркемдікті бірінші орынға қоюынан көрінеді. Осы айтқанымызға мына мәліметтер мысал бола алады: Халық арасында белгілі бір топтар үйде де, түзде де, күнделікті тұрмыста да ұдайы жақсы киініп жүрген. Олар бойжеткендер, бозбалалар, салдар, ән-күй, күрес өнерпаздары еді. Сол сияқты келіншектер де тұңғышын тапқанша өте сәнді киініп жүрген. Кестелі, зерлі, жалтырауық киімдерді қадірлі қарттардың да үнемі киіп жүруі ел рәсіміне тән сиымды салт деп саналған [2].

Қыздар мен жас әйелдердің ең бір сәнді киімі қос етек көйлек. Мұндай көйлек әдетте ұзын, кең, оның жеңінің ұшы мен жағасы, белі бүрмеленіп,

катпарлы желбір салынады. Қазіргі өлшеммен алғанда бір қос етек көйлекке 6-7 метрдей мата жұмсалады [2]. Оның үстіне қос етек көйлек ақ түсті қымбат жібектен, асыл матадан тігіліп, таза жүннен тоқылады. Осыдан халықтың сұлулық, сәнділік үшін қаражатын, малын, қолында барын аянбағандығын көруге болады. Салтанатты киімдердің белдігін жасау барысында тапсырыс иесі қымбат материалдар үшін таршылық көрсетпеген, шеберлер уақыты мен ісмерлігін аянбаған.

Сәукеле әйелдің бас киімдерінің ішіндегі ең әшекейлісі де, күрделісі. Сәукелені ұзатылатын қыздар мен сол қызға еріп жүріп сыңсу айтатын нөкерлер киген. Қалыңдық күйеудің еліне барғанда да сәукелесімен барған. Келіншек оны той өткенше киіп отырып, той өткен соң сәукелені іліп қойып, оның орнына бергекті желек киетін. Сәукеле төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Оның өн бойын алтынмен, күміспен, меруертпен, маржанмен, асыл тастармен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Ертеде кіші жүздегі Байсақал дегеннің қызының осындай бір сәукелесін 500 биеге бағалаған.

Ұлттық киімдерде, оның аксессуарлары мен әшекейлерінде ертедегі халықтың тыныс-тіршілігінен хабардар ететін сюжеттер де аз емес. Мысалы, І Петрдің Сібір жинағындағы (Олардың бір бөлігі Қазақстан территориясынан қазылған) ескерткіштер арасынан үш жануардың күресі, жолбарыс пен түйе күресі суреттелген құйма түймеліктер табылған. Ат, түйе, батырлар күресі, аңшылар көрінісі суреттелген бұйымдар да болған. М.Грязновтың айтуы бойынша шеберлер осындай көріністерді бейнелеу арқылы түркі-монғол батырлар эпосынан үзінділер көрсетуді мақсат тұтқан. Археологиялық қазбалардан б.э.д IV-III ғғ. тиесілі өрнектелген екі қапсырма табылған. Бірінде - ағашты көлеңкелеген екі ер кісі және сәукеле типтес бас киімді жас әйел бейнеленсе, екіншісінде - бір ер кісінің ерттелген аттарды жүгенінен ұстап отырғаны, ал екіншісінің әйелдің тізесінде жан тәсілім етіп жатқан көрінісі суреттелген. Осы көріністе ежелгі малшылардың өмірі анық танылады.

Дерекнамаларда осы сюжеттер: «Көшпелілердің ағаш түбіндегі демалысы» немесе «Салт аттылар ағаш түбінде» деп аталынған. М.П.Грязновтың айтуынша, осы көріністер алтайлықтардың «Қозы Көрпеш» поэмасының және қазақтардың «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасының сюжеттеріне ұқсас. Аңыздың қазақша нұсқасында Қозы Көрпеш өзінің қарсыласы Қодардың қолынан қаза болып, ағаш түбінде қайтыс болады, ал осы ағаш түбі оның Баян-сұлумен кездесетін жері еді. Көрпешке оның ағасы Айбас пен сүйіктісі Баян-сұлу келеді, Көрпешінің басын тізесіне қойып, оның өліміне қайғырады. Осы сюжет аңыздың ежелгі және соңғы нұсқаларында да кездеседі [2].

Қазақтың ұлттық киімдерінің дизайндық ерекшеліктеріне жасаған талдау оның тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғарылығын дәлелдейді. Мәселен, ұлттық киімдерде халықтың дүниетанымының, ой-түйсігінің, арман-тілегінің берілуін және оның ерекше эстетикалық талғаммен жеткізілуін, сондай-ақ қаншама ғасырлар елегінен өтіп ұлттық өнер ретінде ұрпақтан-ұрпаққа

мәдени мұра болып қалғандығын жете түсіну – студент-жастардың *ұлттық киімдерді сақтауға, оны бағалауға және дамытуға деген ынта-ықыласын арттырады.*

Ұлттық киімдер тұлғаның *патриоттық және интернационалдық сезімдерін қалыптастырудың да маңызды факторы* болып табылады. Өйткені өз халқының тарихын, мәдени мұрасын жете тануы арқылы оған деген сыйластық қатынасы артады және басқа халықтың рухани мұраларына да құрметпен қарау дағдылары дамиды.

Әсіресе, ұлттық киімдерді әзірлеу жеке тұлғаның адамгершілік сапаларын, сұлулық пен әсемдікке талпыныс іс-әрекеттерін, еңбек іскерліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Өйткені ұлттық киім үлгілерін жасау процесіндегі адами қарым-қатынастар тұлғаның адамгершілік сапаларын (*сыпайылық, ізеттілік, төзімділік, жауапкершілік және т.б.*) мен құндылықтарын (*сыйластық, сүйіспеншілік, еңбекке құрмет, өнерге құрмет, достық, ұжым және т.б.*) қалыптастырады.

Студент-жастардың ұлттық киімі үлгісін әзірлеуде қол жеткізген жетістіктері олардың өмірде өз күштеріне *сенімді болуын* қалыптастырады. Олардың бір әрекеттен жаңа іс-әрекетке көшу қажет болған жағдайда *батылдық, іскерлік, өткірлік* таныта алады.

Ертедегі халық осы өнер түрін кәсіп еткен. Ал, «кәсіп ету» мен «еңбек ету» бір-біріне жақын, бірін-бірі толықтыратын ұғымдар. Сол себепті де ұлттық киімдерді әзірлеу мен еңбек тәрбиесі өзара тікелей байланысты [].

Ұлттық киімдерді жобалауға жастардың қатысуы, бұйымдарды өз қолдарымен орындауы негізінде *олардың еңбек ету қабілеттері артып, шеберліктері шыңдалатындығы, еңбекке оң көзқарасының қалыптасатындығы* күмән тудырмайды.

Ұлттық киім үлгісін әзірлеудегі еңбек және эстетикалық тәрбиенің үйлесімділігі олардың тек қана ыңғайлы емес, сондай-ақ көз қуантатындай, көңілді көтеретіндей әсем болуынан аңғарылады. Мәселен, сәукелені өте ісмерлігі шыңдалған тігінші, кестелеуші шеберлер дайындаған. Сәукеле орамалы мен таспасына жуан иректеліп бұралған әшекейлер әр түсті жіптермен кестеленген. Орамалдың ортасы мен шеттері «есілген кестелермен» және торлы тігістермен әрленген. Сәукелеге арналған алтыннан, күмістен және қоладан жасалған салпыншақтар мен жапсырма белгілерді зергерлер құю, шекілеу, штамп басу әдістерін қолдану арқылы жасаған. Ориенталистердің Санкт-Петербургтегі үшінші конгресіндегі көрмеге Ақмоладан, Көкшетаудан, Солтүстік Қазақстан облысынан және Атбасардан әкеліп көрсетілген сәукелелер қымбат тастармен, інжумен, маржанмен, алтынмен әшекейленген, жібекпен жамылған. Оларды Шоқан Уәлиханов, Мейрам Жаңайдаров және Сандыбай Шапанов ұсынған. С.Шапанов ұсынған сәукелені 600 сомға бағалаған. Ол отыз маржан жіппен, он бес інжу жіппен әшекейленген, қызыл жібекпен кестеленген және алтын жіптен тұратын шашақтармен көмкерілген. Оның қаңылтыр белгілерінде өте қымбат металдардан асыл тастар орнатылған. 1893 жылғы Нижегород көрмесіне де қойылған сәукеле өте қымбат тұрған. Оның екеуі Атбасар

аймағынан әкелінген. Әдетте шебердің бір сәукелені жасауға бір жыл уақыты кеткен [4]. Мұндай мерзім уақыты адамның *шыдамдылығы мен төзімділігін* шыңдайды.

Жастарды ұлттық киім үлгісін жасауға қатыстыруға баса назар аудару барысында оның жеке тұлғаның *жан-жақты дамуының, оларды бірлестірудің, олардың бойында ұйымдастырушылық пен тәртіптілік сапаларын қалыптастырудың құралы* екендігін естен шығармаған жөн.

Ұлттық киім үлгісін жобалау процесі – практикалық, өндірістік іс-әрекеттер, яғни еңбек ету арқылы жүзеге асады. Әсіресе ұлттық киім үлгісін жасаудың тұтас процесінің немесе оларды дайындаудағы бірқатар жұмыс түрлерінің қолдан жасалуына байланысты олардың дене тәрбиесіне ықпалы зор. Ондағы әрбір жұмыс түрі – дене шынықтыру жаттығулары десек артық айтқандық болмайды.

Мысалы, тігу, сыру, кестелеу, жапсырмалау, қаптау және т.б. – қол жұмыстары. Бұлар *қол саусақтарының, бұлшық еттерінің шынығуына септігін тигізеді*.

Қазіргі уақытта да ұлттық киімдерде, қыз-келіншектер әшекейлерінде өсімдік тектес және космогониялық ою-өрнектер кездеседі. Бұл адамдардың *табиғатпен үйлесімділігін көрсетеді және оларға сыйластық қарым-қатынастарын танытады*.

Материалдарды ысырап етпеу *үнемділікке ғана тәрбиелеп қоймайды, жеке тұлғаның ақыл-ойының тереңдеуіне, ойының, шығармашылығының шыңдалуына да септігін тигізеді*. Мәселен, алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, пүліш, атлас, қырмызы сияқты бағалы материалдар пайдаланылады. Мұндай тігістерге, әсіресе, өзіне арналып жасалған алтын, күміс түстес жіңішке жиек зер қолданылды. Бағалы затты *ысырапсыз пайдалану* үшін оның өрнегі мен тігіс жіптерін санап білу керек. Ал жіптерді санау мен есептеудің, өрнектерді дұрыс шығарудың ойлылықты қажет ететіндігіне күмән тудырмайды.

Сондай-ақ, жастар үнемдеп пайдалануда бірқатар жаңа жұмыс тәсілдерімен де танысады. Бұл олардың ісмерлігін арттырады. Мысалы, қолмен тоқу өнерінің үй шаруашылығына тиімді тағы бір түрі бар. Ол бұрыннан тоқылып тігілген заттардың ескілерін тарқалтып пайдалану. Әдетте киім етегінен жағасына қарай, аяқ киім қонышынан басына қарай тоқылады. Сондықтан оларды тарқатқанда жағасынан етегіне, басынан қонышына қарай және олардың әрбір бөлшектерін жеке-жеке тарқатады. Тарқатып отырған жіпті аса қатты тартпай, домалаққа төгеді. Кейін оны домалақтап жай шумаққа төгіп алады да жуады. Келептенген жіпті жылы сумен сабындап жуып шайқап болған соң, бұрамай сорғытып кептіреді. Сорғыту үшін ілген кезде жиырылмайтындай етіп, оның төменгі жағына біраз салмағы бар не темір, не тас байлап қояды. Кепкен соң, оны қайтадан домалаққа төгіп қайтадан тоқуға кіріседі. Осы айтылғандар балалар мен жастарды қолда бар материалды әрі тиімді, әрі үнемді пайдалануға үйретеді.

Қазақ ұлттық киімдерінің мазмұнына, түріне, ерекшеліктеріне, атқаратын қызметіне жасаған талдау ұлттық киімдердің жеке тұлғаның

тәрбиесіндегі, соның ішіндегі еңбек тәрбиесіндегі әлеуетінің жоғары екендігін, осы айтылғандарды негізге ала отырып қазақ ұлттық киімдерінің үлгісін әзірлеу процесінің тұлғаның мамандығына қызығушылығын қалыптастыруға тікелей ықпал ететіндігін негіздеуге мүмкіндік берді.

Жоғарыда көрсетілгендей өзіндік жіктемесі бар, атқаратын қызметтері мен ерекшеліктеріне ие, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары қазақ ұлттық киімдерінің өзіне тән *шығу және даму тарихы* бар.

Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырларда түріктерде кездеседі. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған. Көшпенділер адамзат тарихында атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі ашық, қаусырылатын кеуде киімі – шапанды адамзат өркениетіне қосқан. XX ғасырдың 20-шы жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И.Руденко, күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеген [4].

Ұлттық киімдер қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің дамуымен қатар дамыды. Сол себепті біз зерттеу барысында ұлттық киімдердің дамуын кезеңдермен сипаттағанда қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шығуы мен дамуын қарастыруда Ұ.М.Әбдіғапбарованың қазақ тарихын топтастырған тарихшы ғалымдардың (А.Қ.Ақышев, М.Х.Асылбеков, К.М.Байпақов, Ж.Қ.Қасымбаев т.б.) топтамасын негізге ала отырып белгілеген кезеңдерін тірек еттік [5].

Мұнда қазақ халқының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі даму кезеңдері қоғамның барлық саласына қатысты алынған. Соның ішінде мәдениеттің даму барысы да жан-жақты ашылуы себепті бізге қазақ ұлттық киімдері түрлерінің әрбірінің осы кезеңдерге сәйкес даму жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Аталған топтама ірі бес кезеңді құрайды:

1. Ежелгі заман дәуірі (б.д.д. VI ғ. дейінгі кезең)
2. Орта ғасыр дәуірі (VI ғ. бастап – XVII ғ.)
3. Ресей империясы құрамында (XVIII ғ. – XX ғ. басы)
4. Тоталитарлық жүйе жағдайындағы Қазақстан (1917-1991 жж.)
5. Қазақстан – Егемен тәуелсіз мемлекет (1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін).

Біз зерттеу барысында *аталған кезеңдерге сәйкес* қазақ ұлттық киімдерінің өзіміз белгілеген түрлерінің *даму жолдарына сипаттама бар екенін анықтай аламыз.*

1. *Ежелгі заман дәуірі (б.д.д. VI ғ. дейінгі кезең).*

Сақтар ежелгі заманда өздерінің салт-дәстүрлерімен, жауынгерлік өнерінің дәрежесінің биіктігімен танымал болған. Төзімді сақтар бірнеше

тәулік бойы аттың жалына бастарын салып ұйықтай алған. Сақтардың киіну мәдениеті жөнінде археологиялық қазбалар (Пазырық (Таулы Алтай), Шелекті (Шығыс Қазақстан), Бесшатыр (Қазақстанның оңтүстік шығысы) қорғандары) арқылы пайымдауымызға болады.

Пазырық қорғанынан үлбір шекпеннің, екі қабатты киіз жадағайдың, күдері шапанның қалдықтары да табылған. Бір жадағай ұзын және кең, ал басқасы жұқа киізден жасалған қысқа. Қазақтың сырт киімінің жеке түрлері, мысалы үлбірлі тон, киіз жадағайлар Пазырық қорғанынан табылған киімдерге ұқсас. Осындай ұқсастықтар бас жағы өрнектелген киіз байпақтан да байқалады. Тығыз киізден жасалған басы үшкір тымақ біздің күнге дейін қазақтар тұрмысында да қолданыстан шыққан жоқ.

Әлемге аты әйгілі болған «Алтын Адам» жерленген 1969-1970 жылдары ашылған Есік қорғаны сақтардан қалған ескерткіш (б.з.д. IV – III ғғ.). Осы Есік қорғанында табылған Алтын киімді бекзада үйсін қоғамына тән адам деген болжам да бар. Осы қорғаннан алтын заттардың көшірмелері мен әсемделген киімдер, бас киімдер және аяқ киімдер үлгілері табылды.

Сақ мәдениетіндегі ұлттық киім үлгілерін сақ тарихын зерттеу негізінде бейнелеген суретшілердің (Қ.С.Ахметжан, М.В.Баст, М.В.Горелик) суреттерінен аңғаруға болады. Осы суреттер киізден жасалған шошақ бөрік, теріден немесе қолдан тоқылған мауытыдан тігілген қаусырмалы бешпенті, металл қаңылтырлар тағылған былғары белдік, тері шалбар және киіз етік сақ киімдерінің үнемі ат үстінде жүретін көшпелі өмір салтына ыңғайлы болғанын көрсетеді. Киімге тағылған қаңылтырлар, сәндік қызметімен қатар, қорғаныш қызметін атқарған болу керек. Әртүрлі аң стилінде салынған қымбат металдардан тағылған әшекейлер сақтар мәдениетінен бізге жеткен ең ірі мұралардың бірі.

М.В.Бастың суретінде сақ көсемі жеңі тұтастай пішілген өңіріне алтын жаспсырмалар қадалған және елтірімен әдіптелген қызыл түсті жарғақ камзол киген. Ал жеңі түгел сұр былғарымен оюланып, кестеленген, белдігіне теріден тігілген қалта-қоржыншаларды іліп жүретін былғары кісе белдік тағынған. Сарғыш жарғақ шалбарының балағын саптама етігінің қонышына қусырынған. Шекпеннен тігілген желбегейі өсімдіксал өрнектермен әшекейленген, ал басына құлақшыны бар қоңыр киіз қалпақ киген. Әйел үстіне жүннен тоқылған шұбар түсті матадан ұзын етек көйлек киіп, омырау тұсына дөңгелек алтын қапсырмалар қадаған. Беліне жүн тоқымалы белбеу байланып, оған ағаш тарақтарын тағып алған. Көйлектің үстінен иығына ақ-қызыл түстермен қораздар кейпінде қиюластыра кестеленген жүн тоқымалы жамылғы жамылған. Бас киімі де өзгеше бөркімен және түтікшелі бұрым қабымен ерекшеленеді [6].

Ғұндар да көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, ат құлағында ойнаған шабандоз, ер жүрек жауынгер халық болған. Ғұндардың тұрмысы мен шаруашылығы, мәдениеті басқа да көшпенді тайпаларға өз ықпалын тигізген. Ғұндардың сырт киімдерінің үлгілерін Нойн-ула жәдігерлерінен көреміз. Ол киім үлгілері қазақтардың ұлттық аң терілерінен тігілген ішіктері мен шапандарына келеді. Ғұндардың тұрмысы жөнінде ежелгі тарихшылар

былай деп жазған: «Теріден тігілген киімдер киеді. Киіз төсеніш төсеп, киізден жасалынған жамылғы жамылады». Ғұндар өз ата-балары сақтардың киім кию мәдениетін лайықты сақтап қалған. Шошақ бас киімдер, асқан шеберлікпен сәнделген сырт киімдер, сырылып тігілген жейделер, лақтың, құлынның терілерінен тігілген шалбарлар, былғары етіктер сапасы жоғары материалдардан тігілген.

Ғұндар аққуды отбасына бақыт әкелетін құс деп есептеп, оларға табынған, аққуды атпаған. Ондай ұғым қазақтарда да сақталған. Персеполес сарайындағы бедерлерден және Пасаргадағы зираттардан ұзын шапандар мен үшкір басты бөріктер киген сақтар бейнелерін көруге болады. Қытай дерекнамаларындағы жазбаларда «ежелгі орта ғасыр Қазақстан тайпаларының киімі, мысалы әскери шекпені, пішіні жағынан сақтардікіне ұқсас келеді» деген мәліметтер де бар. Қазақтар сондай шекпенді «кебенек» деп атаған. Үшкір басты қысқы үлбір тымақтың маңдайшасы бар, сондай-ақ желкені, арқа бөлігінің жоғарғы жағы мен мойынды жауып тұруға арналған кең және ұзын үш қалқаны болған. Осындай тымақ Әмудария қазбаларынан және Пазырық қорғанынан табылған. Әмудария тымағының түрі Маңғыстау және Ақтөбе облысы қазақтары тұрмысында ұзақ уақыттарға дейін қолданыстан шыққан жоқ.

М.В.Бастың археологиялық материалдар негізінде қалпына келтірілген киім үлгісінде ғұн ер адамы зер жіппен кестеленген, тік жағалы қызыл жібек жейде киген. Жейдесі сарғыш жүн шалбарына ышқырланған. Оның үстіне жасыл жібек торқадан тігілген, елтірімен әдіптелген шапан, беліне басы жылжымалы тиекті тоғысы бар кісе тағылған. Оның жапсырмалары мен тоғасы күмістен жасалған. Кіседегі арнаулы бауларға қызыл қынапты семсер мен ағаш қынабының сырты алтынмен қапталып, қызыл түсті әйнектастар және маржандармен айшықталған қанжар ілінген. Өкшесіз саптама етігін тобығы тұсынан қап сырмалар таспамен тартынған, батырдың қолында ғұндардікі деп аталатын садақтың күрделі түрі бар. Басына қызыл асыл тастармен маржаннан көз салынған алтын тәжі киіп, мойнына күмістен алқа таққан. Әйел қарапайымдау киінген – үстіне жібектен тігілген ұзын көйлек киген. Жібекті қытай көпестері жеткізген, ол кезде Қытай мемлекеті өзінің Қытай империясының тыныштығын сақтау үшін ғұндарға үнемі жібек торғын-торқалар сыйға тартып тұрған. Әйел аяғына қызыл былғары етік киген, басындағы қаңылтақ алтыннан соғылған тәтісі маржандармен және үшбұрышты салпыншақтармен сәнделген, ал құлағына жақұт көзді әдемі сырға таққан. Бай әшекейленген бас киімі мен жібектен тігілген киім-кешегіне қарағанда, олар да жаз – жайлауы, қыс – қыстауы және мыңғырған төрт түлігі сай шонжарлар санатына жатса керек [5].

Қаңлылар да қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі. Қытай, парсы жазба деректеріне сүйенсек қаңлылар біздің жеріміздің оңтүстігін – Сырдария, Арыс, Бадам өзендерінің алқаптарында өз мемлекетін құрған. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде Өзбекстандағы Курган-тепе обасынан табылған б.з.д. I – III ғғ. Былғары белбеудің сүйектен жасалған деталінде салынған суреттер зерттеушілердің пайымдауынша тайпа

адамдарының кескін-келбеттері, киген киімдері және әскери адамдардың қарулары жөнінен мағлұмат береді [5]. Мұнда батырлардың сырт киімдері қорғаныс жарағы қызметін атқарғаны көрініп тұр. Бастарына киген дулығалары, сопақша формамен жасалған кіреуке сауыттың ішінен киген тік жағалы сырылып тігілген киімдері, балағы көтеріліп кетпеуі үшін табанынан ұстап тұратын балақ бауы бар тар шалбарлары барлық көшпелі халықтардың өнер ескерткіштеріне жиі ұшырасады [6].

Үйсіндерден (б.з.д. II – б.з. VI ғғ.) қалған ең құнды мәдени мұра Қарғалы диадемасы. Бұл диадемаларға түрлі ырымдық сурет, әшекей салынып, түрлі белгілер тағылған. Диадемалар жұмсақ теріге не матаға бекітіліп, екі ұшына бау тағылып, шашқа, не бас киім сыртына байлануы мүмкін.

2. Орта ғасыр дәуірі (VI ғ. бастап – XVII ғ.)

Түрік қағанаты (VI ғ.) Иран, Византия мемлекеттерімен сауда-саттық байланыстарын жүргізді. Жетісу, Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар саудаға еркін араласа бастады. Сол кезде қағанат жеріндегі адамдардың жібектен тігілген киім кигендері жөнінде қаған ордасында болған Қытай моанхы Сюань Цзянь былай суреттеген: «Қаған жасыл жібектен жебегей шапан киген, оның жанында жүрген нөкерлері де қамқадан желбегей шапандар жамылған, қандай там аша көрініс».

Тараз базарында тауарлардың барлық түрлері сатылған. Ежелгі Русьтен бұл жерге қымбат бағалы аң терілері, мата түрлері, жарқырауық асыл тастар әкелген. Византиядан қымбат барқыт, алтындап тоқыған парша маталар, Фландриядан сапалы мауыты, Үндістаннан кашемир, мақта маталар, маржан тастар, Қытайдан жібек әкелінген. Көшпенді халықтар қаракөл терісін өңдеуді меңгерген. Төрт түлік малдың терісінен киіз өнімдерін жасап, жүні жоғары сапалы мата тоқыған. Археологиялық зерттеулер кезінде түріктер зираттарынан жібек киімдердің қалдықтары табылған. Бұл қағанат жерінде жібек өндірілмегенімен сауданың көп жағдайда айырбас түрінде болғанын көрсетеді.

Орта ғасырда Қазақстан территориясында өмір сүрген түркі тайпаларының бас және сырт киімдері үлгілері Орхон-Енисей ескерткіштері мен тас мүсіндерде сақталып қалған.

Қазақстан территориясындағы өнердің дами түсуі қыпшақ, қарлұқтар және т.б. (VII-XIV ғғ.) тайпалардың мәдениетінде көрініс тапқан. X-XII ғғ. олардың мәдениеті арта түсті. Қыпшақтар мен басқа тайпалардың тұрмысы мен мәдениеті туралы мәліметтер Орта Азия, араб және парсы дерекнамаларында берілген. Қыпшақтар, қаңлы мен наймандар туралы жазбалар Плано Карпини мен Вельгельм Рубрук еңбектерінде кездеседі. Олардың айтуынша үй шаруасына қажетті барлық заттарды және киімдерін әйелдер дайындаған, мысалы, «ұзындығы шынтаққа тең» әйелдер бас киімі төртбұрышты немесе үшкір басты болып келген, алтынмен немесе күміспен әшекейленген бас киімдері «бұқтас» деп аталған. Қазақ қыздарының тұрмысқа шығарда тойға киетін бас киімі – «сәукеле» қыпшақтардың бас киіміне ұқсас. Плано Карпини қыпшақтар мемлекетінде қазақтардың «асмалдық» деп аталатын затын кездестірген. Бұл - теріден жасалған

трапеция пішінді кілемше, онымен үйлену тойы кезінде қалыңдықтың түйесін әшекейлеген. Оның айтуынша қыпшақтар қайтыс болған адаммен бірге оның алтыннан және күмістен жасалатын бұйымдарын, өлікті әкелген күймесін және киімдерін көмген, сонан соң оның тұрған үйін бұзып тастаған. Бұл салттың қазақтарда бір бөліктері ғана сақталған, қазақтарда қайтыс болған адамның үйі қамшымен соғылып бұзылған.

3. *Ресей империясы құрамында (XVIII ғ. – XX ғ. басы)*

XVIII ғ. – XIX ғасырдың басы қазақтың ұлттық киімдерінің кеңінен өркен жайған тұсы болды. Біріншіден XIX ғ.аяғы мен XX ғ. басында қазақтың ұлттық тарихи-мәдени мұраларын жинап-зерттеуге арналған экспедициялар жиі ұйымдастырылды. Екіншіден, осы этнографиялық мәліметтерге қарағанда киімнің түрлері оларға безендірілетін ою-өрнек атауларының молдығы осы кезеңге саяды.

Қамзол - XVIII ғ. – XIX ғасырларда қазақ халқы арасында кең тараған ұлттық киім. Қамзол туралы мәліметтер XIX ғасырдың ортасынан бастап кездеседі.

Қаттама тек кейінгі кезде басқа халықтардан енген киім үлгілеріне қарап XIX ғасырдың ортасынан бастап пайда болғанға ұқсайды.

Сәнді кестеленген белдемше немесе белшалғыш қазақ, қырғыздардың тұрмыс құрған әйелдерінің сәндік үшін киетін киімдерінің бірі ретінде ертеректе пайда болғаны жөнінде деректер бар. XIX ғасыдың аяғына дейін әйелдер ойын-сауық кезінде көйлектерінің сыртынан киген.

XIX ғасырдың орта шенінен бастап орыстың ала бұлы, шығыс өңірде қытайдың кездемелері таралды. Ертедегі әйел көйлегі кимоно пішімді, екі бүйірі, қолтық тұсы кең, жеңі түзу, ұзын, жағасының төменгі бөлігі тілік (ашық) мойынды орап тұратын болған [7].

Билік басындағы, жоғары текті қазақтың таңдаулы өкілдерінің салтанат киімдерінің символикасында ою-өрнекпен қатар түсі де үлкен рөл атқарған. Шапандары қызыл, қызыл күрең, ал қызыл, қоңыр қызғылт, қырмызы жұқа шұғалардан, барқыттан тігілген. Хан, сұлтандардың XVIII ғасырдың соңына дейін киген ербала киімдерінің орнын осы ғасырдың соңында паршадан тігілген. Пішімдері күрделілеу, түстері де басқашалау шапандар ауыстырған. Бұл бір жағынан киімнің рәміздік белгісінің сапалық дамуының куәсі болса, екіншіден қарапайым көшпендінің мұндай киім киетін жағдайы болмаған, тіпті оның мұндай киіммен адамдар арасында көрінуіне де құқығы болмаған, себебі бұл биліктің ғана рәміздік белгісін көрсеткен.

Мысалы, қосетек салатын дәстүр XIX ғасырдың аяғына таман ғана ене бастады деген мәліметтер бар [8]. Бұл жәйттер қазақтың қосетек көйлегінің XIX ғасырдың соңында пайда болғанын дәлелдейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елінің тұрмысындағы өзгерістерге байланысты, мәдени өмірінде де өзгерістер болды. Осыған қарамай жүздердің, рулардың дәстүрлерінің сақталып қалуы, халықтың қоғамдық және мәдени өміріне өз әсерін тигізді, нәтижесінде жүз бен рудың ерте заманнан келе жатқан киім үлгілерінің ерекшеліктері сақталып қалды.

Бас киімде жиі географиялық, ру-тайпалық ерекшелік байқалады. Мысалы, ұлы суреткер М.Әуезов еңбектерінде сегіз сай уақ тымақ, үш құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмалаған алты сай найман тымақ, төрт сай аласа тобықты тымағы деген біртекті бас киімнің сан алуан түрлері аталатындығын, оны суреткер мұрасын зерттеген доктор Е.Жанпейісов еңбегінде атап өтеді.

Қазақтың халықтық киімі өзіне тән ерекшеліктерін сақтап бізге жеткен заттық өндірістің туындысы. Дегенмен, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тауарлық өндірістің дамуы, осы негізде капиталистік қатынастардың өркендеуі, көрші халықтармен экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нығаюы, орыстардың, украиндықтардың, немістер мен татарлардың, тағы басқа халықтардың көптен қоныс аударуына байланысты қазақ тұрмысына ене бастаған өзгерістер, сол сияқты қалалық моданың (сәннің) әсері халықтық киімге де ықпалын тигізбей қойған жоқ [8].

4.Тоталитарлық жүйе жағдайындағы Қазақстан (1917-1991 жж.)

Бұл кезеңде де ұлттық киімдер ізін жоғалтпай, әрін тоздырмай, әлі де болса халық игілігіне, әсіресе, егде тартқан адамдарға қызмет етіп келе жатқан тұрмыстық мәдениеттің түйіні іспетті болды. Тіптен көркемөнерпаздықты, театр-концерт ұйымдарын былай қойғанда, әр түрлі маталардан тігілген қаптал шапан, бешпент, қамзол, бағалы аң терілерінен, қаракөл елтірісінен, жұқа ақ киізден тігілген бөрік, тымақ, қалпақ секілді бас киімдер, саптама етік, мәсі, кебіс республика тұрғындары арасында кеңінен танылып келеді. Қазақша киімнің қонымдылығын, пішімінің мұқият ойластырылғандығын, келбеті мен әшекей бірлестігін дәріптейтін игі дәстүрлер қазіргі киім үлгілеріне де кеңінен пайдаланылуда. Тіптен бұл кезде үйлену салатанатына киетін тойлық киімдер де өріс ала бастады. Ал, егде тартқан азаматтардың киім-кешегінде жас ерекшеліктерімен байланысты еуропалық үлгі мен халықтық нұсқа қатар пайдаланылып келе жатқандығының өзінде де үлкен мән бар.

Әйтсе де, адамның жеке басына қажетті киімнің барлық түрлерін дайын күйінде сатып алуға мүмкіндік туғандықтан, қазір үй жағдайында қазақша киім тігу азая түскенін, тіптен көп жерлерде бұл кәсіптің жойылып кеткендігін де айта кеткен жөн. Бұл кезде дала жағдайына қолайлы түйе жүн шекпен мен сеңсең тонды, күпі мен пұшпақ ішікті, түлкі тымақ пен сусар бөрікті тек музейлерден ғана көріп жүрміз. Ал, малшылар киген кебенек (Жетісуда - кебентай) мүлдем жоғалған. Мұның мәнісі елімізде халық тұтынатын тауарлардың молшылығына байланысты өнімсіз де, уақытты көп алатын киіз басып, түйе жүнінен шекпен тоқитын, зерлі оқамен кесте тігетін, былғары илейтін, алтын-күміс соғатын ісмерлердің өнері ығыстырыла бастағанында болып отыр. Оның үстіне республикада халық шеберлерін ұйымдасқан түрде материалмен қамтамасыз ету, олардың ісіне сауатты басшылық жасау жағы да әлі де болса жөнді жолға қойылмай келеді.

Осы жылдарда ғылыми-техникалық прогрестің, жаңа сәннің әсерімен, сол сияқты қазақша киімнен ешбір хабары жоқ, ұлттық дәстүрлерге жатпайтын жалған элементтермен айналысатын, бірақ өздерінің

«туындыларын» кино, теледидар, театр қоғамы мен концерттік ұйымдар арқылы, тіптен жергілікті өнеркәсіп жүйесі арқылы тықпалауға мүмкіндігі бар кейбір суретші-модельерлердің орынсыз араласуынан халықтық киім-кешектің пішімінде немесе тігісінде ғана емес, оның материалында да, әшекейінде де, тіптен бас киімге үкі қадауда да әр қилы өзгерістер пайда бола бастағандығы аңғарылады.

XX ғасырдың 20-жылдары Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси-идеологиялық тегеуірінді ықпалына түскен қазақтар енді фабрикалық киімдерді тұтынды. Нәтижесінде, әсіресе, күнделікті тұрмыстық қолданыстағы киімдердің түрлері жаппай тұтыныстан ығыстырыла бастады. Екіншіден көз көрген «кәріқұлақ» қариялардың айтуына қарағанда, XX ғасырдың 20-30 жылдары «қызыл қырғын» науқаны кезеңінде, әсіресе, аты шулы 1928 жылғы «ірі жартылай феодал-байлардың шаруашылығы мен мүлкін кәмпескелеу» деп аталатын қанқасап шара кезеңінде «ескінің көзі» ретінде мәпелеп сақталынып келген бір киімнің асыл (сән-салтанаттық, ғұрыптық, аңшылық, жекеленген кәсіби және т.б.) түрлері «қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің артта қалған, қараңғы кезеңінің» ескерткіштері мен символдары ретінде аяусыз жойылды [9].

5. Қазақстан – Егемен тәуелсіз мемлекет (1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін).

Қолөнердің бай мұраларын жинап, заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды сақтап қалу және дамыту мақсатында тәуелсіздіктің таңы атысымен көптеген ұлттық киімдеріміз жан-жақты зерттеліп, жаңа заман талабына сай жаңғыртыла бастады. Осы салада Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейдегі беделін көтеру саласында шығармашылық жұмыспен айналысып, қазақ халқының ұлттық киімдерін әлемге танытып жүрген кәсіпорындардың бірегейлері:

Қазақ мәдениетінің жаңару кезеңінің символындай Қазақстандағы ең алғашқы қайталанбас қазақтың ұлттық киімдерін зерттейтін және тігетін, өзінің тауар маркасы бар өз бастауын 1947 жылдан алатын ғылыми орталық «Сымбат» сән Академиясы.

Танымал кәсіпорынның бірі – 1997 жылы шаңырақ көтерген «Ерке-Нұр» фирмасы. Негізгі бағыты, ұлттық киім және ұлттық киім үлгілерінің негізінде, өркениет талғамына сай қазіргі заманғы киім тігеді. Бұл фирманың Республика тігін индустриясында алатын орны да ерекше. Онда тігілетін ұлттық киімдердің халықтың сұранысына ие болып жүргені де бізді қуантады.

Осылайша қазақ ұлттық киімдерінің дамуын тарихи кезеңдермен қарастыру бізге ұлттық киімдердің қайсыбір түрінің қай кезеңде дамып жетілгенін, қай түрінің басымырақ дамығандығын, қай түрінің қай кезеңдерде тоқырап қалғандығын айқындауға мүмкіндік берді.

1. Ежелгі заман дәуірінде шекпен, жадағай, шапан, үшкір бас киімдер, аяқ киім түрлері дамыған. Сақтар өмір сүрген дәуірде киімдер негізінен киізден жасалған. Ғұндар тұсында сәнделген сырт киімдер, сырылып тігілген жейделер, көйлектер, шапанның елтірімен әдіптелген үлгілері пайда бола

бастаған. Шекпеннің «кебенек» түрі кең дамыған. Қаңлыларда жауынгерлік, қорғаныс киімдері, тік жағалы сырылып тігілген киімдер, балақ бауы бар тар шалбарлар жиі кездескен.

2. Орта ғасыр дәуірінде Түрік қағандығында жібектен, қамқадан тігілген желбегей шапандар пайда бола бастады. Сауда-саттықтың дамуына байланысты Византиядан, Фландриядан, Үндістаннан әкелінген асыл маталар, Ежелгі Русьтен алынған қымбат бағалы аң тәсілдері киім өнерінде кеңінен қолданылды. Қыпшақтардың, қарлұқтардың, наймандардың киім өнерінде сырт киімдердің, аяқ киімдердің, бас киімдердің түрлері көбейген. Мәселен, бас киімдердің «бұқтас», «сәукеле» түрлерінің пайда болуы осы кезеңге саяды.

3. XVIII - XIX ғғ. қазақ ұлттық киімдерінің кеңінен өркен жайған тұсы болды. Киімнің қамзол, қаттама, белдемше, шапан түрлері дамыды. Жібек шапандар жұқа шұғалар мен барқыттарға алмастырылды. XVIII ғасырда парша шапандар, XIX ғ. аяғында қос етек көйлектер пайда болды.

XIX ғ. екінші жартысында қазақ елінің тұрмысындағы өзгерістерге байланысты киім үлгілерінде географиялық, жүздік, ру-тайпалық ерекшеліктер байқалды. Бұған үш құлақты керей тымақ, қыпшақ тымақ, сырмаланған алты сай найман тымақ т.б. жатқызуға болады. Сауда-саттық жолымен және Ресей империясының құрамындағы бірқатар елдермен қоян-қолтық араласуы қазақ киімдері үлгілерінің көбеюіне септігін тигізді.

Дегенмен, XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында осындай басқа халықтар өнерімен ене бастаған өзгерістер, қалалық сәннің дамуы, тауарлық өндіріс пен капиталистік қатынастардың өркендеуі, көрші халықтармен экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нығаюы халықтық киім үлгілерінің дамуына кері әсерін тигізді.

4. Тоталитарлық жүйе жағдайындағы Қазақстан (1917-1991 жж.) кезеңінде еуропалық үлгідегі фабрикалық киімдердің өріс алуы халықтық киім үлгілерін ығыстыра бастады. Әйтсе де елде қарттардың киетін қаптал шапандары, бешпент, қамзол, бөрік, тымақ, қалпақтар, саптама етік, мәсі кебістер сақталып қалды. Киім үлгілерінде қазақша киімнің пішімі мен әшекейіндегі негізгі дәстүрлер кеңінен қолданылды. Той киімдері өріс алды. Фабрикалық дайын киімдердің көбеюінен қолмен тігілетін, жібек жіппен, зермен, оқамен кестеленетін, тігуде ұзақ уақытты қажет ететін ұлттық киім үлгілері сирек кездесетін болды.

Ғылыми-техникалық прогресстің дамуымен, еуропаның сәннің ықпалымен, қазақша киімнен хабары жоқ суретші-модельердің орынсыз аралаусынан ұлттық киім пішімінде, тігісінде, тіпті үкі қадауында да әр қилы өзгерістер болды.

XX ғ. 20-30 жылдарда мүлікті кәмпескелеу кезеңінде ескінің көзі ретінде сақталып келген халықтың бірқатар сән-салтанаттық, ғұрыптық, аңшылық, кәсіби түрлері жойылды.

1966, 1986 жылдары ССРО, ҚазССР Кеңесі Үкіметінің «Халықтың көркемөнер туындыларын дамыту» қаулы-қараларының шығуына байланысты археологиялық, этнографиялық экспедициялар, ғалымдардың

зерттеу нәтижелерінде ұлттық киімдердің бірқатар үлгілерінің мазмұны талданып, жинақталды [11].

5. Елдің егемендік алуы кезеңінде ұлттық мәдени мұраларды жинап, зерттеу кейінгі ұрпаққа үйрету мәселелері қолға алынды. Ұлттық киімдерді өндіретін арнайы киім ательелерінде («Сымбат», «Еркенұр» және т.б.) негізінен ұлттық киімдердің сахналық, үйлену той киімдері және шапан жабу дәстүрінің сақталуына байланысты шапанның түрлері дамыды. Шапанға безендірілетін ою-өрнек, кесте, әшекей түрлері өркендеді.

Осы жоғарыда айтылғанның бәрі қазақтың ұлттық киімдері түрлерінің көптігі мен алуан түрлілігін, оның әлеуметтік мәнінің кеңдігін, бірқатар ерекшеліктерге ие екендігін, атқаратын қызметтерінің жан-жақтылығын, шығу, даму тарихының тереңдігін, қоғамдық қатынастық, тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғарылығын, құрастыру, әзірлеу технологияларының сан түрлілігі мен көп қырлылығын, еңбек операцияларының қиындығы мен күрделілігін, дизайнының мазмұндылығын аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жолдасбекова С.А. Костюм композициясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 255 б.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.
3. Асанова С., Птицына А. История казахского народного костюма и прикладного искусства. – Алматы.: Тауар, 2000. – 220 с.
4. Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы.: Алматыкітап. 2007. – 384 б.
5. Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақ сәндік қолданбалы өнерінің тағлымы: оқу құралы. – Алматы, 2002. – 118 б.
6. Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда XIX-начала XX века. – Алматы, 1964.
7. Жәнібеков Ө. Қазақы киімі. – Алматы: Өнер, 1996.
8. Жер Ана. №3. - Алматы, 2001. –Б. 36-37.
9. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). – Алматы.: Дәуір, 2006. – 446 б.
10. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. /Ғылыми каталог. Алматы.: Өнер, 2009. – 344 б.
11. Собрание постановлений правительства СССР. – 1968. – №16. – си.108. – С. 395-401.

Резюме

В данной статье говорится история и развития модели казахского национального костюма, для студентов и будущих дизайнеров дано общее сведения и информации по данной проблеме. А также при изучении изготовления национального костюма для молодежи студентам показано разностороннее возможности воспитания и формирования личностных свойств будущего специалиста.

Обосновано исторические этапы развития казахского национального костюма.

Summary

In given clause is spoken of development, the history about model Kazakh of a national costume and for the competitors and designers is given the general (common) items of information and information on the given problem. And also at study of manufacturing of a national costume for youth to the students is given versatile opportunities of education and formation of properties at development of the future expert.

Is proved historical stages of development of the Kazakh national costume.

Кілт сөздер: дизайн, дизайнер, аксессуар, әшекей, әсемдеу, үлгі, интернационал, сыру, жапсырмалау, қаптау, рәміз, зерде.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИМИДЖА ЛИДЕРА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Байтурбаева А.Т. -

к. полит. н., ст. преподаватель кафедры МО Каз НПУ им. Абая

В современном Казахстане проблема изучения содержания и обеспечения формирования политического лидерства стоит особенно остро. Это обусловлено рядом причин. К ним можно отнести, прежде всего, такие, как: незавершенность модернистских и реформаторских процессов, сложность и непредсказуемость их протекания, недостаточная развитость информационно–технологического потенциала современного казахстанского общества. Исследовательские находки в данной области политологии только находят свое применение. Между тем мировые достижения в данном направлении развиваются «семимильными шагами».

Считаем необходимым выделить такие причины, которые обуславливают необходимость изучения политического лидерства и его влияние на характер политической модернизации в Казахстане. Во-первых, сегодня происходит профессионализация политического лидерства в казахстанском обществе. На повестке дня стоит проблема компетентности избранных в высшие эшелоны власти политических лидеров, которые зачастую неспособны решать поставленные перед ними политические задачи. Глава государства постоянно указывает на необходимость привлечения прежде всего грамотных управленцев с устоявшимся политическим имиджем и соответствующим политическим опытом [1]. В таких условиях исследование отечественного политического лидерства определяет эффективность и результативность принятия и реализации важнейших политических решений.

Во-вторых, политическая практика стала трудным и не всегда выполнимым испытанием для претендующих на приоритетные роли в

публичной политике и государственных органах власти. Обычно уход известных деятелей из активной публичной политики означает смену лидерского корпуса.

В-третьих, есть объективная потребность в правовом государстве и развитии демократических принципов организации общественной жизни. Политическая трансформация Казахстана наложила свой отпечаток на неравномерность протекания политических процессов в различных областях республики. Некоторые регионы до сих пор придерживаются элементов политического режима Советской власти. Другие же области пытаются продолжать и развивать традиции демократических политических режимов при непосредственном участии своих лидеров. В данной ситуации политическое лидерство может быть именно тем рычагом, который ускоряет, а не тормозит демократические политические процессы в различных областях Казахстана.

В-четвертых, в современном Казахстане назрела политическая необходимость интегрировать в общество методы, способы и приемы обеспечения положительного политического лидерства на основе уже имеющегося опыта. Потребность в расширении возможностей современной политической науки и практики приводит казахстанских исследователей к необходимости применять ранее неиспользовавшиеся методы и приемы при изучении политических процессов. Политическая наука, решая прикладные задачи диагностики и прогнозирования политических процессов, все чаще выходит за рамки академических приемов. Накопленный (пусть и не большой, но весьма поучительный) опыт казахстанского лидерства позволяет рассуждать о сравнительных достоинствах традиционных и актуальных политических проблем политического лидерства, делать на их основе конструктивные выводы в отношении дальнейшего развития политических режимов и процессов.

Кроме того, одна из основных задач, актуализирующих проблему исследования политического лидерства, заключается в том, что его назначение, реализуясь в политико-властной деятельности конкретных лидеров, иногда вступает в противоречие с индивидуально-личностными возможностями политических лидеров и их характеристиками. Динамичные изменения в политических институтах требуют от сложившегося лидера совокупности высоких качеств специализированной деятельности наряду с претворением их в жизнь или реализацией в соответствии с ожиданиями местного населения и элиты.

На сегодняшний день казахстанские политические лидеры представляют собой дифференцированную деятельность в социальном, политическом и идеологическом направлениях согласно своему управленческому опыту и стажу в профессиональной публичной политике. Если же и существуют определенные различия между лидерами, то они находят свое отражение в политическом лидерстве как более общем понятии. Это обуславливает необходимость в поиске новых подходов к оценке роли

и места лидеров в политико-властных отношениях и системе политического управления.

Тілдегі омонимдердің құрамдас компоненттері омонимформа, омофон бірнеше сөздің өзара үйлесімі арқылы жасалады. Тілдік тұлға каламбурды полисемиялы сөздің әр түрлі мағыналары коммуникациялық ситуация барысында қолданады. Ал жазушылар болса белгілі сөзді жаңаша кейіпке енгізіп, жеке авторлық омоним жасайды. Бұл турасында В.В.Виноградов: «айтылуы бойынша сөздің жаңадан этимологиялануынан немесе айтылуы бірдей түбірден жасалған жаңа жеке авторлық омонимнен каламбур құрыла алады» – дегенді айтады [6, 58 б.]. Тілдегі ұлттық танымның сөз тудырудағы рөлін арнайы сөз еткен Ғ.Б.Шойбекова омонимдік-полисемиялық бірліктердің ерекшелігі туралы мынадай пікір білдіреді. «Тілдің сөздік қоры, сөздік құрамы, сөз мағыналарының тарылуы мен кеңеюі, антонимдік, синонимдік, омонимдік мағыналар биологиялық заңдылық пен тілдің ішкі даму заңдылығына сәйкес келеді. Конверсиялық жолмен дамыған сөздердің мағыналық қырлары жіктеліп, сөздік қорға бірнеше мағыналы сөз ретінде енеді. М.Белбаеваның «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» «ая» (айа) сөзінің омонимдік қатарда тұрған үш мағынасы берілген:

Ая І. зат. Аумақ, көлем, мөлшер;

Ая ІІ. ет. Біреуге жаны ашу, есіркеу;

Ая ІІІ. зат. Қойнау, баурай.

ҚТТС-та *айа* сөзінің дәл осындай мағыналары берілген. Сөз мағыналарының дамуын конверсия деп көрсету үшін олардың арасында мағыналық байланыс болу керек. Үш атауға да ортақ сема бар, бірақ олар әлсіз байланыста тұр. Тарихи-семантикалық аспектіден қарастырмайынша, бұл сөздің мағыналық сипаты ашылмайды, ортақ семаны табу қиынға түседі» – деп, омонимдер мен полисемиялы сөздердің табиғатын тану үшін оларға тарихи-салыстырмалы тұрғыдан келу арқылы ұлттық дүниетанымдағы сөз тудырудың ерекшелігін тануға болатындығын айтады [7, 222 б.].

Полисемиялы сөз бен омонимиялы сөздердің парадигмалы байланысы мен өзіндік ерекшеліктері тікелей контекст арқылы ажыратылады. Контексте полисемиялы сөздер мағыналас бірліктермен жақын, іргелес тұрмауы қажет, өйткені, олардың өзара мағыналық сәйкессіздігінен орынсыз комизм туады. Ауыспалы мағынада қолданылған полисемиялы сөз контекст әсерінен тура мағынада көрінуінен каламбур пайда болады. Орынсыз каламбурлар сөйлеудегі субъектінің адами мәдениетінің төмендігінен, көп мағыналы сөздерді орынсыз пайдалану салдарынан жеңіл әзіл мен жел сөзді тудырады.

Полисемиялы сөздермен ұласып жатқан омонимдерді бір-бірінен ажырату үшін «омоним сөздер айтылуы мен тұлғасы бірдей болғанымен, жеке-жеке заттар мен құбылыстардың атауы болып табылатындығын» бірден-бір белгісі деп танып, осы белгімен сәйкес келетін сөздерді полисемиялы сөздердің санатына емес, омонимдер тізбегіне жатқызуға болады. Жалпы сөздік қордағы сөздерді омонимдер деп тану үшін, біріншіден, олардың айтылуы мен тұлғасы бірдей болуы қажет, екіншіден, олардың контекстегі мағынасы бөлек-бөлек болып, бір-бірімен семантикалық жағынан ұштаспай, мағыналық жігі бөлек болуы қажет. Дегенмен де кейбір омонимдер мағыналық жағынан полисемия құбылысымен өзара байланысқа түсіп, мағыналық және қолданысы жағынан өзара байланысып кетуі тіл табиғатына тән құбылыс. Тілдің даму барысында сөздің мағынасында көптеген мағыналық өзгерістердің болуы табиғи құбылыс. Сөз семантикалық жағынан дамығанда, өзара байланысы бар әр алуан мағыналы полисемиялы бірлікке айналады. Немесе бұл процесс керісінше жүріп, сөз мағыналары бір-бірінен мүлдем алшақтап, басқа мағыналы омоним сөздерге айналып кетеді.

Жалпы тіл біліміндегі омонимия мен полисемиялы парадигмалардың туындауына ішкі және сыртқы факторлардың әсері ықпал етпей қоймайды. Омонимия мен полисемиялы парадигмалардың берілу мәнін, субъектінің шығармашылық қуатымен байланысты екендігін де ескерген жөн. Сол себептен де материалдық өмірде жоқ, бірақ адамның қиял әлемінің нәтижесінде пайда болған бірліктерді – объективті дүниедегі құбылыстар қатарына жатқызуға болады.

Омонимия мен полисемиялы парадигмалардың арасындағы жалпылық пен байланыс бір өлшемге негізделмейді. Омонимия мен полисемиялы парадигмалардың контексте мағыналары айқындалады. Омонимия мен полисемиялы парадигмалар семантикалық құбылыс. Омонимдер семантикалық жағынан әр келкі мағыналық мазмұнға ие болса, полисемиялар мағына жақындығына негізделеді. Сонымен аталған парадигмалардың теориялық негізіне сүйене отырып мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1) омонимдер мен полисемиялы парадигмалар әр түрлі сөздер болып табылады және лексикалық омонимдер мен полисемиялы сөздер контексте анықталып, айтылар ойдың нақтылығына семантикалық өрістің кеңдігіне негізделеді;

2) омонимдер мен полисемиялы парадигмалар сөз таптарына қатысты болуына сәйкес бір-бірінен ажыратылады;

3) омонимдер мен полисемиялы парадигмалар бір лексика-семантикалық топқа жатады;

4) коммуникация барысында омонимдер мен полисемиялы парадигмалар өзара қатынасқа түседі және бір-бірінен семантикалық қолданысы жағынан алшақтайды;

5) омонимдер мен полисемиялы парадигмалар деп аталатын микроқұрылымдарды түзеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. -Москва: Советская энциклопедия, 1966. -608 с.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. -Алматы: Сөздік-словарь, 2002. -304 б.
3. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.
4. Хасанов Ғ.Қ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография. –Алматы: Үшқиян, 2009. -488 б.
5. Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. Фил. ғыл. док... дис.: 10.02.02. -Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2008. -346 б.
6. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Просвещение, 1963. -255 с.
7. Шойбекова Ғ.Б. Ұлттық танымның сөз тудырудағы рөлі // Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2004.

Резюме

В статье с теоретической точки зрения рассматривается омонимично-полисемичные парадигмы в языке. Представляется возможность разностороннего познания названных лексических категории через рассмотрение в парадигматическом формате омонимично-полисемичных единиц.

Resume

In article from the theoretical point of view it is considered omonomichno-polisemichnye paradigms in language. Possibility of versatile knowledge named lexical is represented to a category through consideration in a paradigmatic format is homonymous-polisemichnyh units.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Нұрсұлтанқызы Ж. -

*Қызылорда қаласы, Болашақ университетінің доценті, филология
ғылымдарының кандидаты*

Қазіргі заман лингвистикасында тіл негізінен екі парадигмада зерттеліп келеді деуге болады. Біріншісі – құрылымдық, екіншісі – антропоцентристік парадигма. Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде гендерлік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивті лингвистика, прагмалингвистика, лингвопсихология, паралингвистика сияқты жаңа салалардың ғылыми негізін зерделеп-тануға ықпал етті.

Гендерлік лингвистика тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым. Ал «гендер» ұғымы жынысты биологиялық тұрғыдан емес, оны әлеуметтік-мәдени құрастырылым ретінде айқындайды. Гендерлік зерттеулер аясына «жыныс», «гендер», «гендерлік рөлдер» сияқты ұғымдар енеді. Қарым-қатынас процесінде ер адамдар мен әйел адамдар арасында гендерлік ерекшеліктер байқалады. Адамның жынысқа бөлуіне

қарай ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, іс-әрекеті ажыратылып отырады, олар түрлі қызмет атқарады. Тіл арнаулы «еркектік» және «әйелдік» болып бөлінбесе де, олардың сөйлеу әрекетіндегі мінез-құлқына қарай айырмашылықтар байқалады. Антропоцентрлік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. Әлеуметтану сөздігінде: «Пол человека как sex определяется с точки зрения биологических различий, а как gender – представляет собой культурную и социальную конструкцию. Таким образом, существует два биологических пола (самка и самец) и два социокультурных (мужчина и женщина)»- деген анықтама беріле келіп, халық дүниетанымында қалыптасқан стереотиптерге байланысты ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастың әлеуметтік құрастырылымы болып табылатыны көрсетіледі [1, 222]. ТМД елдерінде гендерлік топшылаулар, ой-тұжырымдар 1990 жылдарда пайда бола бастады. Ресейде М.Арутюнян, Т.Рурко, А.Клецин, О.Воронина, Т.Клименкова, В.Бодрова т.б. зерттеушілер гендерлік бағытты дамытты. XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап гендерді лингвистикамен байланыста қарастырған ғылыми зерттеулер жарық көре бастады. Зерттеуші А.В.Кирилина өз еңбектерінде «гендер» және «жыныс» ұғымдарын ажыратып берді: «Гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» [2, 133]. XX ғасырдың 80-шы жылдарынан бастап гендерлік зерттеулерге арналған еңбектер көбейе түсті. Тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым – гендерлік лингвистика пайда болды. Гендерлік лингвистика теориясын, әдістемесін талдап-түсіндіруде батыс лингвистері Дж.Лакофф, Д.Спендер, О.Есперсон, орыс лингвистері А.В.Кирилина, М.А.Китайгородская, Н.Н.Розанова елеулі үлестерін қосты. Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи сипатқа ие. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, тұңғыш профессор Қ.Жұбанов әртүрлі халықта әйелдер тіліне тән ерекшеліктер болатынын көрсеткен. Қ.Жұбановтың еңбектерінде әйел тілінің спецификалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Қ.Жұбанов «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп

еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйелдердің специфик тілі болып табылады», - дейді [3, 41].

Кейінгі уақытта отандық тіл білімінде гендерлік тұрақты тіркестердегі әйел лексемасын қарастырған А.Смайловтың зерттеу еңбегінде [4], қазақ әйелінің қоғам өміріндегі, ұлттық мәдениеттегі рөлі мен орнын сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындап, әйел концептісінің лексика-семантикалық, концептуалдық мазмұнын аялық білім деңгейі тұрғысынан түсіндірген А.Байғұтованың кандидаттық диссертациясында [5], әйел қолөнеріне байланысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты мен ономазиологиялық негіздерін жан-жақты зерттеп, әйел қолөнеріне қатысты атаулардың табиғатын тілдік және тілдік емес факторлар арқылы анықтап, оның ұлттық сипатта қалыптасуы мен рухани-мәдени өмірдегі орнын, этномәдени мазмұнын қарастырған А.Әлімжанова [6] еңбектерінде қарастырылған.

«Әйел» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Әйел затына байланысты қазақ тілінде көптеген мақал-мәтелдер кездеседі. Әйел атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «әйел» концептісінің туыстық қатынастар аясына қыз, келін, ана, жеңге, абысын, ене лексемалары енсе, қоғамдағы әлеуметтік орнына орай бәйбіше, тоқал, жесір лексемалары қолданылады. Ал жас ерекшелігіне орай қыз (бойжеткен, қалыңдық, келін, келіншек), әйел (жұбай, жары, қосағы), бәйбіше (тоқал, жесір), кемпір (әже, кейуана) ұғымдарын жатқызамыз.

Мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттер ғалымның тілдік бейнесіндегі ана образын сипаттайды. **«Әйел – ана»** когнитивтік моделі аясына: *Ана болған дана болады; Ананың алақаны – балаға айдынды қоныс; Мылқаудың тілін анасы біледі. Ананың сүйген жері отқа күймейді, оқ та тимейді; Ана жақсылығын ауырсаң білерсің; Ақ жаулығы ананың – ақ көрпесі баланың; Ананың басқан жерінде пейіш бар; Ана баласын арыстанның аузынан алады; Анасыз үй – панасыз; Ағайынның алтын сарайынан, Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, Қарызынан да құтыла алмайсың; Ананың жыртық лашығы артық; Алты жеңге бірігіп ана болмас; Ағайын – алтау, Ана – біреу; Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды; Анаңа ауыр сөз айтпа, атыңа ауыр жүк артпа* т.б. мақал-мәтелдер енеді.

«Әйел – үйдің берекесі» когнитивтік моделі. Ғаламның тілдік бейнесінде «жақсы әйел» ер адамның жақсы қасиеттерін асырып, жаман қасиеттерін жасырып, отбасының түтінін түтетіп, үйдің берекесін, ырысын молайтатын жан екені сипатталады. *Әйел – үйдің көркі, Еркек – түздің көркі; Әйел – үйдің ажары; Үйді қырық еркек толтыра алмайды, Бір әйел толтырады; Әйел – үйдің ұйытқысы; Әйел – үйдің қазығы. Әйел өлсе, үйің кетеді, басыңнан күйің кетеді; Еркек үйдің иманы, әйел үйдің жиганы; Жақсы әйел – үй дәулеті, Жақсы шапан – той дәулеті.*

«Әйел – адал жар» когнитивтік моделі. Дүниенің гендерлік бейнесінде әйелге отбасы ұйтқысы ретінде берілген ерекше орын паремиологиялық бірліктерде жиі кездеседі. Ер адамды ер етіп, ел ішінде атағын асқақтатып, оның отбасының түтінін түтетіп, жақсысын асырып, жаманын жасыратын да әйел екені сипатталады. Төменде келтірілген мақал-мәтелдер «әйел» концептісіне жағымды коннотация үстейтін ұғымдар әртүрлі тілдік қолданыстар арқылы суреттелгенін көрсетеді. *Жақсы әйел басындағы бағың, астындағы тағың; Ер жолдасы – қатыны, Ақ жаулығы болмаса; Жақсы әйел – теңі жоқ жолдас, Түбі жоқ сырлас.*

«Әйел – үлгі» когнитивтік моделі. *Жақсы әйел жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар; Жақсы әйел – үй дәулеті, Жақсы шапан – той дәулеті;*

Дүниенің паремиологиялық бейнесінде әйел бейнесін сипаттайтын жақсы-жаман қасиеттер қатар қолданылып, «әйел» концептісі төңірегінде жүйеленген ассоциативтік өрісін көруге мүмкіндік береді: *Жақсы әйел – зейнет, жаман – әйел бейнет; Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді; Атың жақсы болса – пырағың, Қатының жақсы болса – шырағың; Жақсы әйел жаныңды марқайтады, Жаман әйел ерте қартайтады; Жақсы әйел жаман еркектің басын хан қылады, Жаман әйел жақсы еркектің басын даң қылады; Денің сау болса – бір бақыт, әйелің жақсы болса – мың бақыт; Жақсы әйел – жігітке біткен бақ, Жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ; Жақсы әйел өміріңді ұзартады, Жаман әйел үстіңе тұз артады; Алған жарың жақсы болса, ат үстінен дүбір ет, Алған жарың жаман болса, иіге кіріп сыбыр ет; Жаман қатын төсегінен белгілі, Жаман жігіт есебінен белгілі; Жақсы әйелдің қолы ұзын, Жаман әйелдің тілі ұзын.*

«Жаман әйел» когнитивтік моделі. Ғаламның тілдік бейнесінде «Жаман әйел» стереотиптік үлгісін беретін мақал-мәтелдер «әйелі жаман болса еркектің қадірі кетіп, ел алдындағы абыройы түседі» деген ой тұжырымдайды: *Қатыны жаман – ер азар, Қарашасы жаман – хан азар; Қатының жаман болса, кісі алдында тіл қатпа; Атың жаман болса, сатып құтыларсың, Қатының жаман болса, қайтып құтыларсың?; Ер жігітті қартайтатын үш нәрсе бар: шабан ат, жаман қатын, өтпес пышақ; Қатының жаман болса, Арманың кетер. Қапа-қасіретпенен заманың кетер!*

«Жаман әйел» стереотиптік үлгісін танытуда мынадай қасиеттер айрықша сипатталады:

еріншектік: *Еріншек қатынның етегі жыртық, Ерке қатынның еріні тыртық; Еріншек әйел она жағады, Ерінбес әйел еңбек табады;*

салақтық: *Салақ қатын тұтқышқа жарымас; Салақ қатынның үйінен сабақты ине табылмас; Салақ қатынның етін құрт жейді, Терісін ит жейді; Тазалығы қатынның тарағынан белгілі;*

олақтық: *Олақ қатын оймақшыл, салақ қатын сауықшыл; Олақ қатынның пісірген сүті іріп кетер, илеген терісі шіріп кетер; Үш күндігін ойламаған әйелден без; Жанбаса – отын жаман, Жаға алмаса – қатын жаман;*

ұрысқақтық, жеңіл ауыздық: Жақсы әйелдің қолы ұзын, Жаман әйелдің тілі ұзын; Қатының шайпау болса, кісі алдында тіл қатпа;

айлакерлік: Әйелдің күші аз, айласы көп; Бұлт шығып жаңбыр жаумай елді алдайды, Әйелдің айлакері ерді алдайды; Бір қу байтал, екі айғырды аш қалдырады; Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк болған; Хан жарлығынан қатын жарлығы күшті;

ұятсыздық: Ұятсыз әйел – тұзсыз ас; Шыққан даудың себебін әйелден ізде;

арсыздық: Арсыз әйел зәрін шашады, Бәрін сатады. Абыройын ашады;

жеңіл жүріске салынуды: Опасыз қатыннан опалы ит артық; Күйеуі өлген әйел келіншек болады, Күйі кеткен жігіт еріншек болады; Баусыз оймақ қолда тұрмас, Байсыз қатын үйде тұрмас.

Қазақ дүниетанымында әйелдерді еркектерден бір саты төмен санаған. Осыған орай шөпжелкен, шүйкебас, салпы етек, төмен етек сияқты лексемалар да қалыптасқан.

«Әйел» концептісін қалыптастыратын мақал-мәтелдер «Әйел-ана», «Әйел-шеше», «Әйел-қыз», «Әйел-келін», «Әйел-тоқал», «Әйел-жесір», «Әйел-қатын» образдарын топтай келіп, олардың әрқайсысына тән гендерлік белгілерді жинақтап көрсетеді. **«Әйел-жесір»** когнитивтік моделі. Көптеген мақал-мәтелдер жесір әйелдің гендерлік бейнесін сипаттайды. Қазақ халқы жесірін жылатпаған, басқа руға, жерге көшуіне рұқсат бермеген. Осыдан келіп, *Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді; Жесір қатын – жел буаз; Әйелдің ақылын жесірінде көр, баланың ақылын жетімінде көр* деген сияқты мақал-мәтелдер пайда болған.

Қорыта келгенде, тіл – этностың өмірінен, оның мәдениеті мен тарихынан, дүниетанымынан, менталитетінен хабар беріп отырады. «Әйел» концептісін қалыптастыратын мақал-мәтелдерден әйел бейнесінің ұлттық табиғаты жан-жақты ашылады. Қазақ тіліндегі «Әйел» концептісін қалыптастыратын мақал-мәтелдер образ жасауда, ұлттық танымның ерекшелігін көрсетуде, ұлттық дүниетанымды беру мақсатында, этнос болмысын, таным-түсінігін әр қырынан көрсетуде мол ақпарат береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. Социологический словарь / Пер. с англ. под ред. С.А. Ерофеева. -Казань. Изд-во Казан. ун-та, 1997. -420 с.
2. Кирилина А.В. Язык и гендер. - М.: Языки славянской культуры, 2005. -624 с.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғылым, 1999. -581б.
4. Смайлов А. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2008. -25 б.
5. Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс. –Алматы, 2008. -143 б.

6. Әлімжанова А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2008.

Резюме

Важнейшее достижение современной когнитивной лингвистики состоит в том, что язык уже не рассматривается «в самом себе и для себя», он предстает в новой парадигме с позиции его участия в познавательной деятельности человека. Такими проблемами, как хранение информации о мире и их структурирование в языке в процессе коммуникации занимается когнитивная лингвистика, совершенно новое и мало изученное направление. Объектом нашего статьи является - концепт. Концепты представляют собой концентрат культуры и опыта народа. Данная статья посвящена исследованию концепта «Женщина» в казахской речевой культуре согласно представлению его в пословицах и поговорках.

Resume

The most important achievement of modern cognitive linguistics consists that language isn't considered any more «in itself and for itself», it appears in a new paradigm from a position of its participation in informative activity of the person. Such problems as storage of information on the world and their structuring in language in the course of communication is engaged the cognitive linguistics, absolutely new and a little studied direction. Obyektom of ours of article is a concept. Concepts represent a concentrate of culture and people experience. This article is devoted to concept research «Woman» in the Kazakh speech culture according to its representation in proverbs and sayings.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қасенов Е.С. -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, филология
ғылымдарының кандидаты*

Адам ойының үздіксіз дамуы күнделікті өмірде жаңа ұғымдардың пайда болуына ықпал етіп, жалпы тіл білімінің терминдік жүйесін толықтыру үстінде. Қазақ тіл біліміне байланысты терминдердің жасалуы, жалпы терминдік жүйе ретінде қалыптасуы тілдің дамуымен және А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды жекелеген ғалымдардың еңбектерімен де тығыз байланысты. Әсіресе, ұлттық терминологияның қалыптасуында А.Байтұрсынұлы еңбектерінің орны өлшеусіз. Ғалымның «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар», т.б. еңбектерінде тіл біліміне қатысты терминдер мен термин жөніндегі ойларды кездестіруге болады. Сондықтан ұлт терминологиясының қалыптасуы мен дамуында ғалымның бұл еңбектерінің маңызы орасан зор.

Академик Р.Сыздық өзінің «Ғылыми таным үзіктері» атты еңбегінде: «А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту ісі мен білім-ғылым саласында істеген қызметі теңдесі жоқ феномендік құбылыс болды дей аламыз. ... А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер – білім-ғылым саласының «бұйымдары», – деген құнды пікір айтады. Расында да, халық тілінің ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік, т.б. терминдерін тұңғыш рет дүниеге келтіріп, тілдік бірліктерін жасау – қиын іс. Әлбетте, белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесін тілде таңбалау белгілі бір сала терминологиясын қалыптастыруда айрықша маңызға ие болып келеді. Ал нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен тығыз байланысты. Демек, А.Байтұрсынұлы оқулықтарынан орын алған терминдер терминология саласының бастауы болғандығын дәлелдейді. Бұған ғалым Р.Сыздықтың: «қазақтың білім-ғылымының ұлт тілінде көрінуі мектеп оқулықтарынан басталады» - деген пікірі дәлел. [1, 254 б.].

А.Байтұрсынұлы білім-ғылымның кез келген саласы жалпы оқырманға, оқушыға түсінікті болуы үшін бейтаныс ұғым атауларын қазақша ұсынуға мәжбүр болды. Осы бағытта ғалым жан-жақты ізденді, барынша еңбектенді. Термин, атау жасау мәселесіне үлкен ыждағаттылықпен қараған ғалым өз еңбектерінде терминдердің қазақша баламаларын берген. Мысалы, «Тіл-құрал» оқулығының «фонетика», «морфология», «синтаксис» тарауларын «дыбыс жүйесі», «сөз жүйесі» деп атауды жөн санады. Осылай атады да. Сондай-ақ ғалым бүкіл ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасауда олардың оңтайлы тәсілдері мен тиімді жолдарын анықтау керектігін сезіне келе, терминжасамның негізгі жолы – ұлт тілінің өз мүмкіндіктерін пайдалану деп таниды. «Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салаларының терминдерін жасауда «ұғым»-ды атау керектігін білген, өйткені, жоғарыда айттық, ғылыми танымдар негізінен абстракт (дерексіз) ұғымдар болып келеді, сондықтан термин болатын сөз алдымен сол «ұғымды» дұрыс айтатын (танытатын) болуы шарт. Ахаң бұл принципті қатаң ұстаған. Тіл табиғатын танытуға қажет белгілі бір терминге басқа сөз емес, нақ осы сөзді ұсынып отырғанын көбінесе түсіндіріп кетеді. Мысалы, *үстеу* «үстеулер сөздің мағынасын үстейді», *одағай*, «оңаша одағай айтылады», *сын есім* «заттың сынын көрсетеді», етістік «заттардың өткен-өтпеген істерін көрсететін сөздер» деп термин болып тұрған сөз мағыналарының белгілі «ұғымды» беруге жақындайтынын қоса көрсетіп отырады, әсіресе етістік категорияларының ұғымдарын терминдеуде «сөз» бен «ұғым» ара қатынасын жақсы пайдаланған» - дейді академик Р.Сыздық[1, 255 б.]. Мұнда тілші-ғалым Р.Сыздық А.Байтұрсынұлы ұсынған терминдердің «сөз» бен «ұғым» арасындағы қатынасы тығыз байланыстағы мүлде жаңа терминдер екендігін баса айтып өтеді.

А.Байтұрсынұлының фонетикалық, грамматикалық ұғымдарды орыс тіліндегі атауларынан калька жолымен аударып алғандығы да байқалады. Сонымен қатар ғалым жасаған тіл білімі терминдерінің көпшілігі араб, парсы

тілдеріне негізделгені де аңғарылады. Мәселен, бүгінгі таңда қолданылып жүрген қате, әріп, әліппе, есеп т.б. сөздер араб тілі негізінде жасалған терминдер деуге болады. Бұл ойымызды зерттеуші К.А.Қарабаева өзінің «Авторлық терминдер: пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектері негізінде)» атты зерттеуінде: «А.Байтұрсынұлының алғашқыда кейбір тілдік ұғымдар үшін термин ретінде парсы, араб сөздерін қолданғаны белгілі. Бір кездері Еуропада ғылым латын тілі негізінде жасалса, Шығыс ренессансы дәуірінде ғылым тілі араб тілінде жасалғаны, араб тілінің бірнеше ғасыр бойы адамзат ғылымы дамуында прогрессивтік рөл атқарғаны – бүгінде тарихи шындық» – деген пікірі қуаттайды [2, 63 б.].

А.Байтұрсынұлы: «біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра- араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» – деген тұжырым жасайды[3]. Ғалымның бұл ойының астарында ұлттық ғылым негіздерін қалыптастыру жатқандығы белгілі. Осы ретте ғалым қазақ тілінің бұдан былайғы жерде негізгі жұмыс құралына айналуға тиісті сөз, сөйлеу, сөйлем, буын, таңба, әріп, тұлға, жалғау, жұрнақ, қосымша, тасымал тәрізді толып жатқан атауларды тауып, орын-орнына қойып, қалыптастырды. Термин жасау принципінде ана тілдің ішкі мүмкіндігін жақсы пайдаланды. Мәселен, сөздерді *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар* деп немесе *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай* деп атаулары бүгінде тілімізге сіңіп, қалыптасып кетті.

Ғалым Ж.Манкеева «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері» деген мақаласында: «Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай, жаңаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі, термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуші терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми «көкжиегін», білім аясын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн екенін жалпы тіл табиғатын анықтауға негіз ретіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар (мысалы, психолінгвистика) тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан

басталғанын байқаймыз» – деген пікір айтады[4, 16 б.]. Әлбетте, тіл білімі саласындағы тілдік бірліктер білім-ғылымға ұмтылған өзге де адамдарға мейлінше түсінікті болуы қажет. Сондықтан А.Байтұрсынұлы бастауыш мектеп оқулықтарынан және осы мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарынан өзге еңбектерінде жаңа сөздердің түсінікті болу жағын басты назарда ұстап, терминдердің барлығында да ұғым дәлдігіне қатты назар аударған. Мысалы, ғалымның морфология, лексика, синтаксис салаларына қатысты ұсынған сөз тұлғасы, сөз мағынасы, ұғым, сөз жүйесі, түбір сөз, туынды сөз, қосымша, қосалқы, жалғау, жалғаулық, септік жалғау, атау тұлғасы, ілік септігі, барыс септігі, табыс септігі, жатыс септігі, шығыс септігі, жұрнақ, сөз табы, атауыш сөздер, зат есім, деректі зат есім, дерексіз зат есім, жалқы есім, жалпы есім, сын есім, жай шырай, сан есім, реттік сан есім, есептік сан есім, есімдік, жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, етістік, көмекші етістік, туынды етістік, болымды етістік, болымсыз етістік, үстеу, мекендік үстеу, шылау, одағай, емле, демеу, сөйлем, сөйлем жүйесі, сөйлем түрлері, сөйлем мүшесі, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, т.б. терминдерін ұғымды дәл берген терминдер деп толық айта аламыз.

Ғалым дерексіз ұғымдарға атау ұсынуда тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама компоненттің әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне де баса назар аударған. Мысалы, ғалым ұсынған тысқарғы жалғау, ішкергі жалғау, жалқы есім, жалпы есім, т.б. терминдердің алдыңғы сипаттама бөліктері тұлға жағынан біркелкі, яғни бір жұрнақпен жасалған немесе ұйқас сөздер болып келеді. Күні бүгінге дейін ешбір өзгеріссіз пайдаланылып келе жатқан бұл терминдер ***біріншіден, А.Байтұрсынов ұсынған алғашқы терминдер болуымен, екіншіден,*** ғылымның тіл білімі саласындағы қажеттілікті толық өтеуге алғандығымен құнды.

А.Байтұрсыновтың тіл мен жазуға қатысты терминдерінің келесі тобы - тыныс белгілерінің атаулары болып табылады. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қазақ жазуы турасындағы мақалаларында А.Байтұрсынов қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: *дыбыс, әріп, емле, белгі, ноқат (нүкте), үтір, дәйекші* деген сөздер. Ғалым пунктуацияның жазу мәдениетінде мәні зор екендігін анықтай отырып, тыныс белгілері дегенді тыныстар, «нүктені тыныс, үтірді жарты тыныс, сұрау белгісін – сұраған жауаптын аяғына қойылады деп түсіндірген. Пунктуацияның бүгінде қолданылып жүрген атауларын (*дефис деген бірер бөгде тілдік терминнен басқаларын*) түгелге жуық Ахмет Байтұрсынов жүйелеп ұсынды. Терминолог-ғалым Ш.Құрманбайұлы А.Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегінің өлшеусіз екендігін айғақтайтын мынадай пікір айтады: «А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ

терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді». [5, 437 б.]. Мысалы, ғалымның мына терминдері *жалқылау (айырыңқы), жалпылау, әдістері, дыбыспен жаттығу, әдісқой (методист), сауаттау әдісі, таңбаша жазу, әріпше жазу, дыбысты әдіс, тұтас сөз әдісі*, т.б. әдістеме терминдері болып табылады. А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әліппе астары», «Ана тілінің әдісі», «Қай әдіс жақсы?» деген еңбектеріндегі әдістемеге қатысты жоғарыда аталған терминдерінің бүгінгі таңда ұшыраспайтындығы ол терминдердің сәтсіздігінен емес, оқыту әдістері түрлерінің өзгергендігін танытса керек. Сондай-ақ ғалым А.Байтұрсынұлы әдебиеттану терминдерін ұсынуда ана тілінің мүмкіндігіне сенім артқан, мүмкіндігінше халықаралық терминдердің қазақша баламасын ұсынуды жөн санаған. Мысалы, *мәндес сөздер (синоним), айқындау (эпитет)*, т.б. «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде ғалым: «қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатаң қарап, қашып тұрмаймыз, жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылық (*жат сөзділік*)», – деген құнды пікір айтады. Демек, ғалым А.Байтұрсынұлы ғылымның барлық саласындағы ұғымдарды білдіруде ана тілінің сөз қазынасын негіз, ұйтқы ретінде алған. Сондықтан А.Байтұрсынұлы ұсынған әр саладағы терминдер күні бүгінге дейін қолданыстан түспей, өміршендігімен танылып отыр.

Түйіндей келгенде, А.Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің терминдерінің жасалу жолдарын айқындап берген, қазақ терминологиясының пайда болуы мен дамуында зор еңбек етіп, ғылыми ұстанымдарын қалыптастырған ғалым. Ол – термин жасауда қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалануды негізгі шарт ретінде ұстанып, әр салаға қатысты ұғымдардың мағынасын толық беретін сөздерді ана тілінің сөздік қорынан алу керектігін үлгі ете білген дара тұлға.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. Алматы: Кие. 2009.
2. Қарабаева К. Авторлық терминдер: пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектері негізінде). Ф.ғ.к. ғылыми дисс. Алматы, 2010.
3. Қазақ әдебиеті. 1998, 8 мамыр.
4. Манкеева Ж. «А.Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: Арыс, 2004. – 15-18 б.
5. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Ғылым. 1999. – 568 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности терминов в трудах А.Байтұрсынова.

Summary

In given article is considered particularities term in works A.Baytursynova.

ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ МАҒЫНАҒА ЫҚПАЛЫ

Ибраимова Ж.Т. -

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, филология

ғылымдарының кандидаты

Тіл – қоғаммен өте тығыз байланысты құбылыс, әр ұлттың мәдени-тарихи дамуынан ақпарат беретін құрал. Сондықтан да әр кезеңнің ізі, таңбасы тілде көрініс тауып отырады. Сол сияқты әр кезеңге тән тілдік тұлғаның танымы да қатысымдық мағынаның туындауында өз ізін қалдырып отырады. Әр дәуірге тән өзіндік белгілер, ерекшеліктер тілдік көрсеткіштер арқылы ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Қатысымдық мағынаның қалыптасуында қоғамдық-әлеуметтік факторлардың маңызы зор. Осындай факторлардың қатарына тілдің белгілі бір уақыт аралығындағы кезеңдік ерекшеліктерін жатқызуға болады. Аталған ерекшеліктер арқылы сөз мағынасының тарихи даму процестеріне көз жеткізуге болады. К.Аханов бұл құбылысты былайша түсіндіреді: «Тілдің тарихи даму барысында оның құрылымы жетіліп отырады. Тілдегі құбылыстардың шығу тегін, өзгеруі мен тарихи дамуын білу оның қазіргі қалпын, қыр-сырын жете танып білуге көмектеседі. Демек, тілді синхрониялық тұрғыдан қарастыру қаншалықты қажетті және маңызды болса, оны диахрониялық тұрғыдан қарастырып зерттеу де соншалықты қажетті және маңызды» [1]. Сондықтан да сөз мағынасының ерекшелігін жете түсіну үшін оның әр кезеңдегі қолданыстық сипатының да рөлі зор.

Бұл тұрғыда Б.Ақбердиева: «Сөз дегеніміздің өзі тек қана дыбыстардың тіркесуі емес, белгілі бір мағынаның көрсеткіші, ал мағына болса, қатып қалған нәрсе емес, ол да кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп, дамып отырады» [2]. Демек, сөз және оның мағынасының дамуы әрбір қоғамдық даму кезеңдеріндегі дүниетанымдық көзқарастарға тікелей байланысты. Зерттеуші пікіріне сүйенсек, сөз және оның мағынасының дамуында, қолданыс ерекшелігінде кезеңнің өзіндік әсері мол. Яғни әр кезеңнің өзіне тән мағыналық, қолданыстық ерекшеліктері және оның өзіндік себептері бар. Тілдегі сленгтер (ауызекі сөйлеу лексикасына тән қолданыстар) мен жаргондық құбылыстардың өзін осындай тілдік деректердің қатарына жатқызуға болатындығы сөзсіз. Сонымен, тілдік бірліктер тілдегі заттардың, құбылыстардың атауы ғана емес, олар сонымен қатар осы заттар мен құбылыстар, олардың әр алуан ерекшеліктерінің, сапа белгілерін адам санасындағы танымдық дамуын да білдіреді. Демек, тілдік бірліктер, сөз мағынасының өз кезеңіне сай дамуының, жүзеге асуының, қолданылуының бірден-бір кепілі.

Сөз семантикасының өзгеруі әр кезең өкіліне, оның сөйлеуде сөзді қолдану сипатына тәуелді. Кезең сөздің қатысымдық семантикасына әсер ететін фактор ретінде қарастырылуы негізсіз емес.

Жалпы, тілдік тұлға – тілді қолданушы ретінде тіл білімін зерттеушілер тарапынан әр қырынан талданып келеді. Ал тілдік тұлға – өз кезеңінің жемісі. Сондықтан да тұлғаның сөйлеуі кезең еншісінен алған дүниетанымы мен біліміне, қоғамға қатысты көзқарасына, қоршаған ортасына тәуелді. Бір кезеңнің өкілі тудырған сөздің қатысымдық мағынадағы қолданысын екінші бір кезеңнің тілді қолданушысы түсінбеуі мүмкін немесе оны басқаша реңкте жұмсауы ықтимал.

Мәселен, XIX ғасырдағы киім атауларының қолданысына назар салып көрсек:

Қазақ жеріне сеңдей ағып қара шекпен келе бастағалы халық дағдарып, қайтеміз, бұрынғыдай отыра береміз бе, жоқ, 15-тен кестіріп алып ата мекенімізге түпкілікті ие боламыз ба деген ойға қалып еді.

....Бұл ілкімді мырзалар жұрттың алақандай жерін сатып қызмет көрсеткенше, оларға маңайындағы қара шекпендерден өрнек алып, жерлерін өздері пайдалануға үйрену керек еді].

Келтірілген мысалдардағы «қара шекпен» тіркесі арқылы XIX ғасырдың II жартысындағы тарихи оқиғалардың куәсі боламыз. Аталған уақытта Қазақстан территориясына Ресей империясынан орыс шаруаларының көптеп қоныс аударған кезі еді. Оларды қазақтар «қара шекпен» атағаны жоғарыдағы мысалдардан аңғаруға болады. Осы мәтіндегі ойды жеткізу барысында киім атауы мүлде басқаша мағынада жұмсалып тұр. Бұл сөзімізге академик Р. Сыздықованың мына бір пікірі де дәлел бола алады: «Орыс шаруаларының орысша атаулары крестьян және мужик сөздерін қазақша атаудың сол кезде бірнеше варианты болды. Ең көбірек қолданылғаны (әсіресе солтүстік-батыс өлкелерде) қара шекпен тіркесі болды» [3].

... бүйтіп тамақ, ұйқы, жалқаулық үшеуін қатар мінген жұрттың ақсақалының олжасы – «азусыз ат, жағасыз шапан» деп бишаралардан айыпқа алған арық тай, алты көз ләңке, жастарының олжасы – түн жамылып жетелеген біреудің тоқтысы, асы иә сиыры, болыс, би, ауылнайларының олжасы – момыннан ауыстырып алған он-он бес тиын, бәрінің айтқаны - өтірік.бүгінгі болыс, би, ауылнай һәм елу басы ескі тондағы бит қой. Шаруа қылсаң жаз шығады, халық пайдасын қуған аға-іні болсаң, ескі тонды сілкіп-сілкіп суға ал! .

Бұл жерде келтірілген мысалда киім атауы орынды теңеу тауып, шебер қолданылып тұр. Тон ескі заман және ескі замандағы мықтылар мағынасында қолданып, нақты тікелей киімнің өзі деген мағынаны білдіріп тұрған жоқ. Сөз семантикасына негіз болып тұрған уәж – тонға биттің түсуге бейім болатындығы. Сол негізде ескі тондағы биттің – ескі мықтылардың жаңа заманда да биліктен кетпей отырғандығы осы сөйлемнен көрініс тауып, сөз мағынасы өзінің тура мағынасынан алшақтап, қатысым негізінде туындаған семантикаға ие болып, астарлап жеткізу мақсатында тілдің коммуникациялық мақсатына бағынып тұр.

Түркістаннан баратын жұмыскерлерге алу керек нәрселер мынау деп отыр: ең аз болғанда үш нар көйлек-штан, екі сүлгі, я сүлгі орнына жарарлық орамал, төсектік киіз, көрпе һәм қыс киетін сырт киім мен етік.

Қыс киімге кіреді қабыған шалбар, қаптал шапан, күпі я тон, елтірі бешипент я пұшпақ ішік, киіз байпақ етігімен].

Бұл мысалда адамдардың күнделікті тұрмысына ең қажет зат ретінде көйлек, орамал, сырт киім мен етік танылып отыр. Олардың қажеттіліктері қоғамдағы сұраныстары арқылы айқындалып, олардың сол кездегі орны мен маңызы білдіріліп тұр. Сөйтіп бұл атаулардың тілдік қарым-қатынас барысындағы көрініс табар мазмұны арқылы олардың негізгі мағыналарына ең қажет зат, зәрулік сияқты қосымша мағыналық реңктер үстеліп отыр.

Келтірілген үзіндіден сол кездегі қоғам өкілдерінің психологиясы айқын аңғарылады. Яғни жаңа нәрсе, жаңа зат тек дәулетті, бай адамдардың немесе жоғары топ өкілдеріне ғана тән. Ал ортаңқол, шаруа адамына жат нәрсе ретінде түсіндіріледі. Мысалға сондай-ақ ауызекі сөйлеу стилі тән. Сөйтіп киім атауы арқылы коммуникант санасына сол кезеңдегі адамдар тұрмыс-тіршілігімен қатар олардың дүниетанымы да жеткізіліп тұр.

Ал енді осы тіркес М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында былайша көрініс табады:

Дарья мен Фекла және тағы бірнеше батыл крестьянкалар бұл кезде ауыл ортасына жетіп, қазақ қатындарының ішіне араласып кетіп, бақандарды алып, ұмтылысып жүр. Тұстарына келген жақсы киімді жасауларды жонынан ұрып қалысады.

Алғашқы мысалда «жақсы киім» – құрметтіліктің, барлықтың, байлықтың, ретінде көрініс тауып тұр. Бұл атау – оқиға кейіпкерінің арманының орындалуының басты шарты, ал оның жолдасының негізгі талап-тілегінің бірі. Бұл үзінді арқылы, жақсы киім киіну арқылы сол кезеңдегі дәулетті, бай адамдар бейнесі айқын көрсетілген. Келесі мысалда, «Абай жолы» роман-эпопеясында дәл осы тіркес арқылы «жақсы киім» – қоғамдағы «жағымсыз топ» өкілдерінің белгісі ретінде суреттеледі. Сөйтіп, оларға деген қоғамның төменгі тап өкілдерінің наразылықтары мен реніштері беріліп, екі топ өкілдерінің психологиялық ерекшеліктері айшықтала түскен.

... Болыс атаулының мойындарына жез шынжырға орнатылған үлкен жез знактар бар. Бұрын аталары сыйға алған шенді шапан, оқалы тон жамылғандар да тұр. Аталары алған сый шапандарын бүгін өз беделі таусылған ұрпақ нәсілдің кейбіреуі әдейі киіп алыпты.

Бұл мысалда келтірілген «шенді шапан», «оқалы тон» сияқты киім атаулары оқырмандарын тарихи оқиғаның куәгері етеді. Тарихқа көз жүгіртсек 1868 жылға дейінгі патша өкіметі, олардың отарлау саясаты және осы саясатты жүзеге асыру мақсатында олардың жергілікті билік өкілдеріне, болыс-билерге, аға сұлтандарға сыйлық таратқан «дәстүрін» еске түсіреміз. Сондай-ақ бұл мысалда қазір сол қадір-қасиетінен айырылған, шарасыз ұрпақ өкілдері орынды сыналған.

Қазіргі уақыттағы тұрмыстық лексикаға қатысты сөздер қандай қолданыстық сипатқа ие? Жоғарыда талданған кезеңдерден айырмашылығы бар ма, осы мәселелерге нақтылы мысалдармен талдап өтсек. Бір ғана **шапан** сөзінің қолданысы:

Той иесін жүздеген адам көбірек тілекпен көміп салады, отыз-қырық шапан жамылады .

Кейінгі кездері кімнен қашан енгені белгісіз, жаназа үстінде ата жолы деп үш жүздің өкілдеріне шапан тарату рәсімі пайда болды. Әр рудың өкілдеріне жақынынан айырылып отырған үй шапан береді .

Ертеректе шапан тарату дүниеден озған адамға байланысты таратылатын. Ол кезде шапан құрғыры табыла бермейтін. Оқалы алтын жіппен әдіптелген шапандар кез-келген сәреде иін тіресіп тұр. Шапан – кәделі киім .

Абылай киген қайран зерлі шапан, айыр қалпақ ...көрінгенге қор болды-ау

Бұл мысалдарда қазақтың ұлттық сырт киімдерінің бір атауы ретінде танылатын шапан қоғам дамуымен бірге қолданыс аясының басқаша сипат алуымен ерекшеленеді. Яғни аталған киім атауы бұрын күнделікті өмірде жиі әрі қоғамның барша өкіліне тән киім атауы болса, қазіргі кезеңде бұл лексемадан мынадай мағыналық қолданыстық ерекшеліктерге көз жеткізуге болады: киелілік, жоралғылық яғни жаңа салттың пайда болуына негіз болып тұр. Осыдан келіп оның орынсыз қолданушылық, салт дәстүрді бұзу деген жағымсыз семалары беріліп тұр.

Ине-жіптен жап-жаңа шыққан көк шапан жағамыз жалбырап, жеңіміз желбіреп, етегіміз салбырап дүкенге топ ете түстік..мені толғандырар жайлар жоқ емес. Ол – шет жұрттан келген қонақтарға жабылатын шапандардың тағдыры. Олардың елдерінде де біздегідей жарыса шапан жабу салты болса уайымдамас едім .

Келтірілген мысалда қазіргі қоғамдағы келеңсіз жайт ұлттық салт-дәстүрді орынды-орынсыз бұрмалаушылық мәселесі көтерілген. Яғни аталған киім атауы осы бір жағымсыз құбылысты жеткізудегі орынды құрал болып табылады. Сөйтіп, тұрмыстық лексика элементі сатира қаруына айнала білген.

...Оған сөз бар ма? мәселен, осындайлардан құтылғысы келген Абай бабамыз болыс болғысы келген. Өзіңіз жоғары лауазымды шенеуніктің шекпенін кигіңіз келе ме?

«Шенеунік шекпені» киім атауының ауыспалы мағынадағы қолданысы өте шебер қолданылып, тамаша метафора жасап тұр.

Нұрғали Ертілесұлының етегінен ұстап, ізіне ерген бір қауым шәкірттері: «Біздің бәріміз Жұрғалидың «шекпенінен» шыққанбыз дегенді мақтана айтып жүрміз» .

Досым Омаров деген жігітті докторлық диссертациясында Абайдан кришинаиттық ұғым іздегені үшін кінәладық. Мен соны көріп отырып ойладым, Абай неге қазақ шаңырағынан шықпауы керек, ол неге біздің шапанымыздың шалғайында ғана болуы керек .

Осы мысалдардағы «Жұрғалидың шекпенінен» шығу, «шапанның шалғайында болу», «жыртық шапанның шалғайынан шығу» деген қолданыстар бүгінгі күндегі сөздің ауыспалы мағынасын берудегі сәтті қолданыстар деп тануға болады. Бұл жердегі беріліп тұрған «шыққан тек», «белгілі бір шеңберде ғана болу», «осы белгіленген кеңістіктің аясынан

шығу» деген мазмұндар аталған тіркестер арқылы беріліп баяншы пікірін қабылдаушы санасына көркемдік тәсіл арқылы шебер жеткізіп тұр.

Шоқан десек, оқалы кителді қатар көреміз. Қазақтың құндыз бөркі мен оқалы шапанын киген Шоқанды көзге елестету тіпті, қиын.

Аталған мысалда келтірілген киім атауы бүкіл бір ұлттың белгісі, символы ретінде танылған. Сондай-ақ хабарды жеткізуші трансмиссор арқылы сол қоғамдағы өмір шындығы көрініс тапқан. Яғни қазақ оқығандарының орыстың әскери киімін киюді мақсат тұтқаны осы мысалдан-ақ айқын аңғарылып тұр.

Жалпықазақстандық ұлт қазақтың шапанына сай келе ме?

Американың қалпағы қазаққа жараспайды.

Бұл мысалдарда қолданылған «қазақтың шапаны», «американың қалпағы» деген тіркестер арқылы «белгілі бір ұлт» мағынасы беріліп тұр. Яғни осындай астарлы мағынада жеткізілген ой арқылы қазіргі кезеңдегі қоғамдағы саяси мәселе орынды жеткізіліп тұр.

Кешқұрым қызды бөлмесіне шақырып ап ақыл айтатын. – Бұл еркектердің көркіне қызықпай, бөркіне қызық. Көрік әйелдерге керек, ал бөрік, еркектердің абыройы мен дәулетін көрсетеді.

Бұл мысалда қазақтың киелі бас киімінің бірі – бөрік лексемасы ерекше символдық мәнде қолданады. Осы ой арқылы қазақ халқының дүниетанымы көрініс табады. Жалпы қазақ түсінігінде бөріктің ер адамдарға қатысты тұстары өте көп. «Бөріктің намысы бір», «бөрікті» деген сөз орамдары – сөзіміздің айқын дәлелі. Сондай-ақ бұл атау басқа да қоғамдағы құбылыстарды, оқиғаларды жеткізде де белсенді қолданылады. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай беретін» мақал-мәтелдерде бұл атау көптеп кездеседі: «Заманың қалай болса, бөркің солай», «бөркің тар болса, басыңды қысар, мінезің тар болса, басыңдағы бағың ұшар». Алғашқы мақал-мәтелде бүкіл «заман ағымы» деген мағынада қолданылып тұрса, кейінгі мысалдың тәлім-тәрбиелік маңызы өте зор. Әсіресе, жас ұрпаққа берер тәлімі мол.

Демек, киім атаулары әр кезеңде өзіне сай дамуды басынан кешіріп отырған. Алғашқы кезеңдерде ең қажет құрал, мұқтаждық, қол жетпес арман мағынасында қолданылса, «Абай жолы» роман-эпопеясында киім атауларының ұлтқа, руға тән ерекшеліктері, салт-жоралғылық мәні айқындалып, қолданыс аясы кеңі түскен. Ал қазіргі жоғарыда талданған мағыналарына қосымша ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан киелі де көне мұра, қоғамның дамуы барысындағы өзгерген салт-дәстүрге қайшы жағдайды суреттеудегі, сондай-ақ халықтың саяси өміріндегі жағымсыз құбылыстарды жеткізудегі, ашудағы маңызды құрал болып отыр.

Бұл арада тілдің өзгерісіне байланысты стильде байқалатын өзгешеліктер зерттеу нысаны қаралып отыр. Сөйлеудегі стильдің өзгерісін белгілі бір кезеңмен шектеп, кезеңдерге топтастырып көрсетудің өзі қиындау мәселе. Дегенмен, үлкен уақыт аралығында мұндай өзгерістердің айқынырақ бола түсетіндігі анық. Шартты түрде қазақ ауызекі сөйлеу стиліндегі өзгерістерді немесе сөйлеу актісіне тән өзіндік сөз қолдану, сөйлем құру ерекшеліктерін, нақтырақ айтқанда, айырмашылықтарын XIX ғасыр

соңындағы немесе XX ғасыр басындағы сөйлеу стилі және XX ғасырдағы сөйлеу стилі және қазіргі сөйлеу стилі деп жіктеуге де болды. Бұл бағыттағы сөйлеудегі ерекшеліктер дегеніміз – сөйлеуде байқалатын әр кезеңнің сөйлеуіндегі айырмашылықтар. Осы айырмашылықтар негізіндегі қазақ тілінің сөйлеу стилінің кезеңдерін айқындап, ажыратып беру қазақ стилистикасындағы күрделі мәселелердің қатарына жатады.

Сонымен, кезеңнің тілге ықпал етпей қоймайтыны секілді, сөз мағынасынан қатысымдық семантиканың туындауына әр кезеңнің келбеті, қоғамдық құбылыстары әсер етпей қоймайды. Сондықтан қоғамның белгілі бір даму кезеңі тілдің қатысымдық мағынасынан көрініс табады. Бұл қатысымдық семантиканың қоғамдық-тарихи кезең ерекшелігіне байланысты екенін көрсетсе, сонымен қатар қатысымдық мағынаның тарихи тілдік деректерді анықтауға ықпал ететінін де аңғартады:

1) бұл қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың тілге әсері;

2) тұрмыстық лексиканың тілде қолданылу ерекшелігі әлеуметтік жағдайға да байланысты болады. Сондықтан кезең еншісіндегі тілдік тұлғаның танымы, оның сөйлеуіне, сөздерді қатысымдық мағынада жұмсауына әсер етпей қоймайды. Қатысымдық мағынаның туындауына да сөйлеудегі даму кезеңдері әсер етеді деген тұжырым осындай қорытындыдан шығып отыр. Әлеуметтік жағдайдың қандай күйде болуы, ұлт танымының даму деңгейі, қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтар, мәдени даму тілге әсер етеді десек, осы өзгерістердің әсері қатысымдық мағынаның пайда болуына да ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. – 664 б.
2. Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар: Филол. ғыл. канд. дис... автореф. – Алматы, 2001. – 30 б.
3. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

Резюме

В данной статье рассматривается важная роль этапов формирования коммуникативной семантики.

Summary

In this article is considered the important role of stages of formation of communicative semantics.

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ жазуы туралы ойлар)

Әміржанова Н. -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушы,
филология ғылымдарының кандидаты*

Кез келген ұлттық қоғамдастықтың ұлттық бірегейлігі тарихи, саяси, мәдени, тілдік, территориялық, діни, өркениеттік және т.б. әртүрлі факторлармен анықталады. Ұлттық бірегейлікті сақтауда аталған факторлардың әрқайсысының атқарар рөлі ерекше. Соның ішінде біз жеке-дара бөліп алып қарастырып отырған тілдік фактордың өзіндік маңызды қызметі бар.

Ал тілді тұрақтандыратын, асқақтататын – оның әліпбиі, яғни жазуы. Жер бетін мекен еткен барша халық өзіндік ұлттық мұраларын осы жазу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп келеді. Әліпби – ұлттың рухани байлығы. Жазу – ұлттың рухани қазынасын, мұрасын, ғылымын, көркемөнерін, әдебиетін, мәдениетін сақтаушы қойма.

Жазу мәдениеті өте ерте заманда қалыптасқанымен, әлем халықтары арасында жазудың негізгі үш түрі (латын, араб, кирил) кең қолданысқа ие.

Орта ғасырларда бүкіл Еуропа халықтарына кең таралған латын әліпбиі грек жазуы негізінде пайда болған. Дегенмен, әрбір халық (тілі) әліпбиін өз тілінің дыбыстық жүйесіне лайықтандырып, әріптердің мағынасын сақтап, формасын ғана өзгеріске түсірген. Еуропаның сексен пайыз, Азияның елу шақты, Африканың жүз отызға тарта, Американың алпысқа таяу халқы осы графика үлгісін қолданып келеді. Латын әліпбиінің тіл ерекшелігіне бейімделгіштігі және жазудағы икемдігіне көз жеткізген басқа да әлем халықтары оны өз әліпбиі ретінде қолданысқа енгізуге бет бұра бастады.

Еуразияның кіндігінде орныққан түркі тілдес халықтар өткен ғасырдың 20-жылдары осы әліпби негізінде жазуын дамытқаны тарихтан мәлім.

Жазу мәдениетіне саясаттың кереғар ықпалының нәтижесінде әліпбиін өзгертуге мәжбүр болған осы түркі тілдес халықтардың ішінде тек қана Түрік мемлекеті латын графикасына негізделген жазумен сауаттанып келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы лебі соғылып, Кеңес Одағының ыдырауымен түркі тілдес тәуелсіз республикаларда түркілік идея бас көтере бастады. Ұлттық бірегейлікті бекіту мақсатында қазақ зиялылары түркілік түбірге назар аударды. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы мәселе қазақ зиялы топ өкілдерінің бастамасымен, 1989 жылы «Тіл туралы» заңның қабылданысымен-ақ көтерілген болатын. Осындай әрекеттер өзге де түркі тілдес республикаларда орын алып, бұл үдерісті ашық қолдаған, өзінің сыртқы саясатында басқа түркі тілдес елдермен байланысын нығайтуды мақсат еткен, ортақ түркі әліпбиі идеясын шабыттандырушы, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің түрлі салалық институттары мен жоғарғы мектептері, университеттерімен қарым-қатынас жасаудың инициаторы **Түркия** елі болатын.

Түрік мемлекетінің ұстанымы бойынша, түркі тілдес елдер өркениетін нығайтудың негізгі мәні мәдени құндылықтарда жатыр. Түркі мәдени бірегейлігін қалыптастыруда басты рөлді түркі тілдерін латын графикасына көшіру атқаратыны белгілі.

1991 жылы Түрік үкіметі Анкара қаласында ұйымдастырылған жиынға Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Өзбекстан және Түрікменстан мемлекеттерінің тіл білімі ғылымының жетекші мамандарын шақырады. Мұнда аталған мемлекеттердің негізгі халқының латын графикасына өту мәселесі талқыланады.

Жыл сайын Түркия және тәуелсіз түркі мемлекеттерінің саясаткерлері мен ғалымдарының қатысуымен конференциялар өткізіледі*.

1992 жылы тағы да Түркия мемлекетінде түркі халықтарының бүкіләлемдік конгресі өтеді. Қазақстаннан бұл жиынға 50 делегат қатысады. Конгресс күнтізбіндегі мәселелер арасында түркі халықтарының жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі де бар болатын. Осы жиынға қатысқан академик-тілші ғалым Ә. Қайдар бастаманың конгреске қатысушылар тарапынан кең қолдау тапқандығын, латын графикасы түркі халықтары тілінің ортақ әліпбиі ғана емес, олардың мәдени, рухани, әдеби тағы басқа да байланыстарының іргетасы болуы қажеттігін айтады [1].

Конгрестен қайтқан академик-тілші ғалым Ә. Қайдар қазақ жазуының латын графикасына өтуі кезек күттірмейтін аса қажеттілік екенін негіздеп, үлкен мақала жариялайды. Соңын ала осы мәселе бойынша ел президентіне де ашықхат жолдайды.

Осы хат негізінде ел президенті әліпби ауыстыру мәселесіне байланысты қоғамдық пікірді зерттеу үшін өкілетті органдарға тапсырма жүктейді [2, 2].

* 1991 жылдың қараша айының 18-20 күндері аралығында Стамбулдағы Мармар университетінде өткен конференцияда КСРО құрамында болған түркі мемлекеттеріне қазіргі таңда Түркияда ортақ латын әліпбиі негізінде қолданылып отырған **29 әріптен** тұратын әліпбиді тағы бес әріппен толықтырып қолдануды ұсынды. Аталмыш әліпби барлық түркі тілдес халықтар үшін ортақ әліпби болады және олардың әрқайсысы оған өзінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты өзгертулер енгізе алады деп болжам жасалады.

Осы мәжілістен соң 1992 жылы 19-21 маусым аралығында Стамбулда Түрік Республикасының президенті Тұрғыт Озалдың бастамасымен Түркия және бес түркі мемлекеттерінің үкіметтік делегацияларының жоғарғы деңгейдегі кездесуі болып өтеді. Осы бірінші кездесу барысында және 1993 жылдың 8-10 наурыз аралығындағы Анкарада өткен кездесуде Әзербайжан, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияның мәдениет министрлері ортақ әліпби мәселелерін күн тәртібіне түсіріп талқылайды. Сонымен қатар, 1992 жылдың 4-8 маусымы аралығында Анкарада, 1992 жылы 22 маусымда Мюнхенде, 1992 жылы қараша айының 26-27-і күндері Анкарада, 1993 жылдың 21-23 наурыз күндері Анталияда Түркия және посткеңестік түркі мемлекеттерінің ғалымдары кездесу өткізіп, ортақ әліпби мен орфография мәселесін ұзақ талқылайды. 1993 жылы қыркүйектің 22-26-ы күндері аралығында Түркияның мәдениет министрлігі ұйымдастырған, Анкарада өткен, Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан және Түрікменстан мемлекеттерінің тіл мамандары қатысқан конференцияда ортақ жазудың оң және теріс жақтары талқыланады. Күн тәртібінде бір ғана мәселе – түркі халықтарын тек Түркияда ғана қолданылып отырған латын әліпбиіне негізделген ортақ жазуға көшіру болды. Мамандардың талқылауы мен пікір алысуынан соң, түркі халықтары үшін бұл әліпби ортақ және өздерінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты өзгертулер енгізуге болатындай келісіммен, ғылыми негізде жасалған **34 әріптен** тұратын әліпби жүйесі қабылданады. Осыдан кейін Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан мемлекеттері біртіндеп жаңа әліпбиге көшті.

Тіл комитеті тарапынан ұйымдастырылып, ғалымдардан, әдебиет және өнер, қоғам қайраткерлерінен, мемлекеттік мекемелер өкілдерінен құрылған комиссия қазақ жазуын латын графикасына көшіру бойынша келіп түскен жобаларды сараптау жұмысын бастап кетеді.

1995 жылы март айында Қазақстан халықтары ассамблеясының бірінші сессиясында Н. Назарбаев латын графикасына өту мәселесі қоғам мен мемлекет назарынан тыс қалмау қажеттігін қозғағанымен, не үкіметке не басқа мемлекеттік органдарға нақты тапсырма берген жоқ.

Ал 2007 жылы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президенті **Н.Назарбаев** Қазақстан халықтары ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде және 2012 жылғы жолдауында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру мәселесіне қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де, латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңістік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен минустарын зерделеп алуымыз керек» деген-ді.

Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігі латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшу шараларын А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының құзырына тапсырған болатын. Аталған институтқа Философия және саясаттану, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер және Экономика, Информатика институттарының ішінен ғылыми қызметкерлер, орындаушылар тағайындалып, латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбилерінің жобалары талқыланды, жаңа әліпбиге кететін экономикалық шығындар есептеліп, халық арасында түрлі әлеуметтік сауалнамалар және шетелдік тәжірибелер қарастырылып, сараптамалар, ғылыми негіздемелер жасалды. Алайда, қазіргі Қазақстан қоғамында өзекті мәселе болып тұрған қазақ жазбасын өзгерту — әліпби мәселесі басы ашық күйінде қалып отыр. Оның басты себебі — ғалымдар, қоғам, өнер қайраткерлері арасындағы әртүрлі көзқарастар мен пікір қайшылықтары. Өз ұстанымдарын негіздеуге тырысқан зиялы топ өкілдері бір тоқтамға келген жоқ. Сонымен қазіргі қазақ қоғамында әліпби реформасын жасау мәселесіне қатысты төрт түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші топ **Орхон жазуына** өту керек десе, екіншілері А.Байтұрсынұлы реформалаған **араб әліпбиі** негізінде жасалған төте жазуды қайта ұстануды қолдайды. Үшінші топты құраушылар **қолданыстағы әліпбидің** кемшін тұстарын реформалау керек, ал басқа әліпбиге көшу халықты сауатсыздандыруға жеткізетіндігін алға тосады. Енді бір басым бөлігі қазіргі заман технологиясында қолдануға жеңілдігін, басқа да артықшылықтарын санамай ескеріп, **латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне** түпкілікті тоқталуды жөн санайды.

Бір айта кетер жайт, осы төрт топ өкілдерінің пікір қайшылықтары өткен ғасырдың алғашқы ширегінде болған әліпби реформалауға қатысты қызу тартыстарды еске түсіреді.

Көне түркі жазуы – түркі халықтарының, атап айтқанда, қазақ халқының тілдік, рухани мұрасы. Мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларда Орхон жазуына, араб графикасына көшу ұстанымын қолдайтын ғалымдардың пікірі ауық-ауық көрініп қалады. Жазушы А.Сейдімбек «Қазақ әліпбиін жаңғыртуға қатысты ойласатын мәселелер» атты мақаласында кез келген әліпби компьютерге жат болмайтынын, қытай, жапон, араб, орыс, грузин, армян сияқты елдер төл әрпімен-ақ әлемдік өркениеттен қалыспай келе жатқанын айта келіп, төл руникалық әліпбиді қабылдауға ұсыныс жасайды [3]. Ә.Жақыпов, С.Сыпатайұлы, Аманқос Мектеп-тегі осы пікірге қосыла отырып, қазірден бастап көне түркі жазуына белгілі бір саты бойынша көшуді жоспарлау керек екенін атап көрсетеді. А.Мектеп-тегі: «Руна жазуы – әрбір рудың қасиетті рулық таңбасының жиынтығы. Руна алфавитінің құрамында қазақтың, башқұрттың, түрікменнің, татардың, ұйғырдың, түріктің қасиетті рулық таңбалары бар. Сондықтан мемлекеттік тілдің баянды болуы үшін, рухани тәуелсіздіктің кепілі – руна алфавиті, – деп айта келіп, – ақыры әліпбиді өзгерту керек екен, мәңгі жазу үлгімізді – ежелгі түркі руникалық әліпбиді тілімізге икемдеп алуға мемлекеттік деңгейде бүгіннен бастап қам жасағанымыз лазым. Руника жазуын, яки бабатүрік төлтума жазу нұсқамызды алар болсақ, орыс, ағылшын, қытай, араб т.б. өзге жұртқа мәдениетіміздің ежелден дамығандығын іс жүзінде дәлелдейміз. Өзгеге жалтақтаған мінезден арыламыз,» – деп түйіндейді [4].

Бұл пікірлер ұлтжандылық сезімнен шыққан көзқарас екені даусыз. Алайда, кейбір маман ғалымдар пікірінше, көне түркі таңбаларының дыбыстық мәнінің айқындалмаған тұстары көп.

Ғалымдардың көрсетуі бойынша, Орхон әліпбиінің вокализм жүйесі 8 дауыстыдан, консонантизм жүйесі 16 дауыссыз дыбыстан тұрады. Осымен байланысты Орхон әліпбиіне көшетін болсақ, *тон* сөзіндегі *т* дауыссызын бір таңбамен, *төн* сөзіндегі [н']-ді басқа бір таңбамен белгілеуге тура келеді және 9 дауыстыны 5 әріппен, 16 дауыссызды 32 әріппен таңбалауымыз қажет. Орхон «Әліпби» концептісімен байланысты кодқа салынған мұндай ақпараттар тек филолог, тарихшы, шығыстанушы, қоғамтанушы және дилетанттардың тілдік санасында білім алу жолымен жүйеленген. Ал өзге жұртшылықтың когнитивтік санасында білім түрінде орныққан ақпараттар жеткілікті болмағандықтан, мұрагері ретінде қайта жаңғыртып Орхон әліпбиін, қазақ әліпбиі ретінде алу ұсынысы қалың жұртшылықта қолдау табатыны күмәнді болып қалды. Ұсынылған жобалар жоқтың қасы, ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан негіздеу, мықты дейтіндей факторларды ашып көрсету жағы олқы болып келеді [5]. Сонымен Орхон-Енисей руналық жазуы бүгінгі заманның информациялық қауырт та қарбалас талаптарын орындауға ыңғайланбағандықтан, оны қабылдауға болмайтын тағы да басқа себептермен мамандар тарапынан көп қолдау таба қойған жоқ.

Екінші топ өкілдері латынға да көшпей, кирил жазуында да қалып қоймай, араб жазуына көшуді қолдайды. Шынында да, осындай шешуші сәтте қайтадан ислам мәдениетімен табысу үшін, ата-бабаларымыз мың жылдан астам уақыт бойы қолданып келген, қазақ тілінің барша дыбысын толығымен

кескіндеп, өрнектей алатын, жетілген, жаңғыртылған араб жазуына көшсек қайтеді деген ой желісімен айтылған пікірлер баспасөз беттерінде оқтын-оқтын көрініп қалады [6]. Араб жазуын қолдаушы Д. Елдесов өз тұжырымын: “Латинский алфавит не является национальным, традиционным для тюркских народов, как арабский или древнетюркский. Лингвисты заняты тем, чтобы придать увядающей кроне языка европейскую, латинскую форму. Хотя за ней для нас нет ничего ни литературы, ни истории, ни религии. Пробуждение национального самосознания казахов, возрождение духовности и языка связано с культурой и письменностью Степи-арабской и древнетюркской. Для начала оздоровления языка необходимо ввести учебную программу казахских школ и вузов изучение арабского алфавита и основы языка, древнетюркских письменности. А также реформировать нынешней казахской алфавит (и произношение названий букв) согласно фонетике языка Абая с учетом алфавита Байтурсынова и привести в соответствие с ним заимствования или заменить их казахскими эквивалентами. Это языковая и школьная реформа, которая поможет развитию языка— деп көрсеткен [7].

Әліпбиді өзгертуге байланысты пікірталастар негізінен соңғы екі топтың арасында ерекше өтуде. Кирил негізіндегі әліпбиді жақтаушылар өз негіздерін дәйекті дәлелдерімен көрсетеді. Атап айтқанда:

- кирил жазуы Қазақстандағы әлеуметтік барша салада этностар арасында қарым-қатынастық қызмет атқару құралы;
- Қазақстандағы барлық тілдердің, тіпті қазақ тілінің өзін қосқанда, бірыңғай жазу тілі;
- осы кезеңге дейінгі барлық баспалық өнімдер кирил жазуымен жарық көрген;
- графиканы өзгерту – халықтың тоқырап қалып, сауатсыздануына әкеліп, орта, аға буынның жас буынмен арасындағы сабақтастығы үзіледі;
- жас буын ұрпақтары мәдени құндылықтардан мақұрым қалып, латын графикасымен білім алған жас буын үшін бұл мұралар қолжетімсіз болады;
- психологиялық, экономикалық жағынан тиімсіз болып саналады.

Аталған және басқа да проблемалар болғандықтан, латын жазуына өтудің қажеттігі жоқтығын айтып, бұл мәселені Қазақстанда латын графикасын енгізуге қолайлы жағдай болатын болашақтың үлесіне қалдырған дұрыс деп ойлайды.

Жалпы графиканы өзгертуге қарсылық танытып, кирил жазуының сақталып қалуына үн қосып жүргендер тобында О.Сүлейменов, Э.Төреханов Е.Игенберлин А.Құлпатшаева Л.Дүйсембекова Ж.Асанов және т.б. ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері бар. Сонымен қатар, Қазақстанның әліпби реформасына көрші Ресей ақпараттары да теріс көзқарастар танытып, өз ықпалын жүргізуден айрылып қалу қаупінен қорқатындықтарын, отаршыл пиғылдан арылмағандықтарын байқатып қалды. Осы пікір ағымындағы жазушы Б.Нұржекеұлы мәселеге басқа қырынан келіп, мысал ретінде: «...бақыт» сөзін «bagъt» деп таңбалаудың не артықшылығы бар, одан да қолданып отырған әліпбиімізді реформалап, орыс тілінен енген таңбаларды

алып тастауға болады» – деп, жазу реформасын жасаудың өзінше тиімді нұсқасын ұсынады.

Қазақ тілінің латын негізіндегі әліпбиге көшу қажеттігін мәселе ретінде көтеріп жүргендердің шоғыры анағұрлым басымырақ. Осы ұстанымды қолдаушылар да өзіндік дәйектерін көп аспектілік негізде ұсынып, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі Қазақстанның түркі **халықтары әлемімен жақындасуына** мүмкіндік беретіндігін, ал бұл дегеніміз Қазақстанның мәдениетін және **ұлттық бірегейлігін** нығайтуға септігін тигізетіндігін; латын графикасына өту Қазақстанның Ресейдің империялық ықпалынан, сыналап енген орыс мәдениетінен құтылудың жолы ретінде ұлттық бірегейліктің ғұмырын ұзартатын, әлем қазақтарын біріктіретін құрал екендігін, Қазақстанның өзінің дербес **ұлттық жазуы** болатындығын басты критерий етіп көрсетеді.

Айта кетерлік жайт, бұрынғы посткеңістік түркі елдері дербестік алысымен ұлттық бірегейлігін нығайту, ұлттық тілін дамыту, орыс тілінің және әліпбиінің отарлық әсерінен құтылу мақсатында өткен ғасырдың 1990 жылдарында-ақ өз жазуларын латын әліпбиі үлгісіне түсірген болатын.

Әліпби ауыстыру мәселесі көтерілген 1990 жылдардың басында латын графикасы негізіндегі әліпбиді енгізуге байланысты қарсы көзқарастардың көп болуына қарамастан, Ә.Қайдаров бастаған қазақ ғалымдары осы ұстанымды берік ұстанды.

Ғалым академик Ө.Айтбаев қазақ тіліне және бүкіл Қазақстанға латын графикасын енгізудің принциптік мәні бар екенін айта келіп, бұл мәселеге филологиялық тұрғыдан қарап, латын әліпбиі кирилге қарағанда қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай келетіндігін атап көрсетеді. Сонымен қатар, оның пікірінше, латын әліпбиі қазақ халқының тілін, рухын, ділін сақтайтын маңызды мәдени элемент [8].

Д.Исабеков мерзімді баспасөз беттерінде латын графикасын қолдайтындығын білдіріп келе жатқан қазақ жазушысының бірі. Оның пікірінше, латын әліпбиі қазақтың дербес ұлт екендігін сездіретін, ұлттық бірегейлікті бекітетін және өзінің ұлттық мүдделерін қорғауға мүмкіндік беретін құрал.

Профессор К.Хұсайын тіліміздің өзге түркі тілдес халықтардан ерекшелігі болғанымен, түріктік біртұтастықтың негізі ретінде жазуымыздың латын әліпбиі негізінде болуын қолдайтындығын баса айтып көрсетеді. Дегенмен, ғалым қазақ тілінің латын әліпбиіне ауысуын рухани байлығымыздан ажырап қалмау үшін сатылап жүргізу қажеттілігін айтады [9].

Неміс ұлтының өкілі, жазушы, аудармашы Герольд Бельгер көп жылдар бойы осы пікір ағымын қолдап келеді. Оның көзқарасынша, латын жазуы түркі халықтарының жоғалған байланыстарын қайта қалпына келуіне себеп болады [10].

Жалпы латын әліпбиіне өту, яғни әліпби реформасына байланысты нақты дәйектер келтіріп жүрген ғалымдар: Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, З.Базарбаева, Р.Қадыржанов, А.Айтқожин, А.Мереке, Д.Мыңжасарқызы, А.Шананов, И.М.Кушенов, М.Жұрынов М.Алтай,

Р.Бұласай, Б.Сарбалаұлы, Қ.Ғабитханұлы, А.Сейітұлы және тағы басқалар осы мәселені әр қырынан талдап, жобаларын ұсынып келеді.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілгеннен бері, 1990 жылдардан бастап қазақ тілінің ұлттық әліпбиін жасау үшін лингвистер, програмашылар және тағы басқа сала мамандары өзіндік жобаларын ұсынып келеді. Ұсынылған жобалардың көпшілігі лингвистикалық талаптарға, сонымен қатар ортақ әліпби жүйесіне сәйкес алынбағандықтан, көпшілік ғалымдар тарапынан қолдау тауып отырған жоқ. Айта кетелік, кейбір жобаларда қазіргі қолданыстағы 42 әріп автоматты түрде латын әрпіне түсіріліп берілсе, ендігі бір топ жобаларда орыс тілінен енген кірме дыбыстар қосар таңбамен, мысалы, **в, ф, ш** дыбыстары **bh, fh, ch** әріп тіркестерімі арқылы таңбаланған. Сондай-ақ қазақ тілінің төл дыбыстары да осы жүйеге салынып, **қ → kh, ұ → qw** үлгісінде алынған [11]. Орыс тіліндегі **ч, ш** дыбыстары **sh** және **ch** қос әріп тіркесі арқылы берілген [12]. Қазақ тілінің **ө, ң, ғ** секілді төл дыбыстары қосар таңба арқылы таңбаланып, **ө → oe, ң → nh, ғ → gh** тұрпатымен ұсынылған [13].

Жаңа әліпби қазақ жазуының кемшіліктерін болдырмауға мүмкіндік беретін, тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, дамуына ықпалын тигізердей деңгейде болып, түркі тілдес халықтардың қабылдаған әліпбилерімен ортақтық сипатын сақтау басты алғышарт ретінде саналуы қажет. Ал жоғарыда келтірілген екі әріп тіркесі арқылы бір дыбысты белгілеу, жазу тәжірибесінде оңтайлы болмайды, қайта жазуды күрделендіре түсетіні сөзсіз. Ғалым Н.Уәли осы мәселеге байланысты ұсынған жобасында қазіргі қолданыста жүрген кирил әліпбиі мен жаңа латын әліпбиі арасындағы айырмашылықтарды санамаалап көрсетеді :

«Дәстүрлі» әліпбиде

- әріп саны – 42
- негізгі дыбыстың саны – 29
- емле ережелері – 54 бап
- жазу-сызу ұлттық сипатта емес.
- шеттілдік сөздер орыс орфография сымен жазылады.
- әліпбиді үйретуге көп уақыт кетеді
- компьютерде қолданудың қиындығы көп
- мәтін теріміне біршама көп уақыт кетеді
- негізгі әліпбиден Интернеттік нұсқа алшақ

«Жаңа» әліпбиде

- әріп саны – 29 (28)
- негізгі дыбыстың саны – 29
- емле ережелері – 30 (34) бап
- жазу-сызу ұлттық сипатта
- шеттілдік сөздер қазақ тілінің заңдылығымен жазылады.
- әліпбиді үйретуде аз уақыт кетеді.
- компьютерде қолданылу қиындығы біршама аз
- мәтін теріміне біршама аз уақыт кетеді
- негізгі әліпбиден Интернеттік нұсқа алшақ емес

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкерлері (Ә.Қайдар, К.Хұсайын, Н.Уәли, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова) латын графикасына өткен Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерінің көшу тәжірибесін негізге алып, оның тиімді және тиімсіз тұстарын зерделей отырып, ортақ түркі әліпбиі қорындағы таңбалары бар жобалар ұсынды.

Ұсынылған қазақ жобалары мынадай принципке негізделіп жасалды:

- әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізгі фонемаларынан алшақ келмеу;
- бір дыбысқа бір әріп жүйесін қолдану;
- басы артық графемаларды алмау;
- қазақ тілінің үндесім заңдылығына толықтай бағындыру;
- көзшалымға оңтайлы болуы;
- кірме әріптерді қысқарту;
- компьютер бағдарламаларына жеңіл графемаларды алу;
- түркі тілдес халықтар қолданып отырған әліпбимен жақындастыру;
- қазақ тілінің ұлттық әліпбиін жасау.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері жасап ұсынып отырған латын графикасына негізделген әліпби жобалары өз кезегінде өткен әліпби тарихымызды саралап, түркі әліпбилерін бірлестіру идеясы тұрғысынан зерделеніп жасалған үлгілер екендігін айтқымыз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Латыншаға көшу – заманауи қажеттілік, бірақ ол – ұзаққа созылатын процесс // Алматы ақшамы, –2006 ж. –2 қараша.
2. Дөңгелек үстел «LATIN: Бір адым алға ма әлде екі адым кейін бе?» // Ана тілі. – 2007. –18 қаңтар.
3. Сейдімбек А. Қазақ әліпбиін жаңғыртуға қатысты ойласатын мәселелер (келіп түскен хат).
4. Мектеп А. Жаңа қаріпті ұсынушылар – ұлтты рухани дағдарысқа итермеушілер // 50 де 50. –2006. – 3 қараша.
5. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары. Алматы, 2007. –194 бет.
6. Бегулләһ Ә. ибн Алдамжар әд-Дөйти. Латынға Исраил көше ме? // Ана тілі. –2006. – 9 қараша.
7. Ельдесов Д. Что за графической основой языка? // Ана тілі. –2007. – 24 мамыр, (№ 21).
8. Айтбаев Ә. Бұл мәселенің пісуі жетті // Алматы ақшамы. –2006. – 2 қараша.
9. Хұсайнов К. Тіл тынысын ашу үшін қазақ балабақшасын көбейту керек // Алматы ақшамы. –2006. – 2 қараша.
10. Бельгер Г. Біз бәрібір латынды тандауға мәжбүрміз // Алматы ақшамы. – 2006. – 2 қараша.
11. Диханбаев Н.Б., Диханбаева Н.Н., Диханбаева А.Н. // Казахский алфавит Диханбай на основе латинской графике. – Тараз. – 1999.
12. Бұласай Р. Қазақ алфавиті (келіп түскен хат)

13. Тоқтарұлы Ө. Латын әліпбиі адам үркетін дүние емес//Айқын, –2006. –27 қазан.

Резюме

В статье рассматриваются научные проблемы современного алфавита как одного из мощных идентификаторов нации.

Summary

In article scientific problems of the modern alphabet as one of powerful identifier of the nation are considered.

М.МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ОТ» КОНЦЕПТІСІ

Әшіров Ж.С. –

*Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің аға оқытушысы*

Концепт – қазіргі таңдағы гуманитарлық ғылым салаларының көпшілігінде негізгі категория, түсінік ретінде қарастырылып келе жатқан ұғым. Терминнің төл – латын тіліндегі (conseptus) мағынасы – ой, ұғым, түсінік деген мағына береді [1, 215]. Концептінің терминдік мағынасының тарихи дамуына көз жүгіртсек, оның «ұғым» сөзімен мазмұндас болғанын байқауға болады. Алайда лингвистиканың қазіргі сатысында концепт ассоциациялар мен моделдердің, танымдағы құбылыстардың жиынтық көрінісіне ие болып отыр.

Жалпы, тіл білімінде концепт туралы теориялық білім әлі тиянақталып біткен жоқ. Концепт табиғатын зерттеуші ғалымдар оны әр түрлі сипатта түсіндіріп келеді.

Орыс тіл білімінде концепт терминін 1920 жылдар соңында С. Аскольдов-Алексеев алғаш қолданса [2], концепт, концептілік өріс ұғымдарының тұрақталуы Д. Лихачевтың есімімен байланысты [3].

И.А. Стериннің пікірінше концепт сөзбен байланысты болуы міндетті емес, өйткені сөйлесуде (мәтінде) концептінің коммуникативті-релевантты бөлігі ғана тіл арқылы көрініс табады [4]. Бүгінгі таңда концепт пен концептілік талдаудың бірізді жүйесі нақтыланбаған. Белгілі бір концептілердің табиғаты туралы жазылған еңбектер мен ғылыми мақалалардан концептілік талдаудың дефинициялау, контекстік талдау, этимологиялық талдау, синонимдік қатарларына қарай талдау, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, жекелеген авторлық қолданыстағы номинацияны талдау сияқты түрлерін атап көрсетуге болады.

Концептілік талдау зерттеушінің мақсатына тікелей тәуелді. Сол себепті де концептілік талдаудың кемінде екі түрлі жолы бар деп айтуға болады. Олар: когнитологиялық және мәдени-концептілік. Когнитолог ғалымдар (Е.С.Кубрякова) концептіні санадағы ментальды құрылым, ақпараттық бірлік, ал концептілік талдаудың мәні сөздің қолданыс ерекшелігін, санадағы құрылымдарын тануда деп біледі [5]. Яғни тілге когнитивтік тұрғыдан келгенде тіл ғылымы логикамен, психолингвистикамен, адам миының физиологиясымен

тығыз байланысты байланыста болады. Бұл тұрғыдан алғанда концептуалды талдауға негізінен анкеталық әдіс, ассоциативті талдау әдістері алынады.

Концептілерді мәдени қырынан қараған ғалымдар концептілік талдауды этимологиядан бастауды жөн көреді. Мәдени бағытта талдаушылар концептінің ішкі формасын анықтауда концептінің пайда болу кезеңіндегі мәдени құндылықтарға (архатиптер, дүниетаным, салт-жоралғы, дәстүр, ырым, т.б.) баса назар аударады [6].

Қазақ тіл білімінде концептілерді танып-талдаудың үлгі-ұмтылыстары Қ.Рысбергген [7], А. Әмірбекова [8] сынды ғалымдардың еңбектерін көрініс тапқан. А.Әмірбекова концептілерді екі топқа жіктеп таниды. Біріншісі – танымдық: жалпы түсінік беру, ұғым беру қызметіндегі сөздер; екіншісі – көркем концептілер: бейнелі сипат беру қызметіндегі сөздер деп жіктеп көркем мәтінді концептілік талдаудың алгоритмін түзеді:

1. Мәтіннің концептуалдық кеңістігін қалыптастыратын мәтінге дейінді пресуппозицияларды анықтау;
2. Шығарма тақырыбына семантикалық талдау жасау;
3. Мәтіннің тірек сөздерін анықтау
4. Тірек сөздердің арасынан жиі қайталанатын сөздерді анықтау
5. Бір тақырып шеңберіне қолдана тұрып, әр түрлі экспресивтік мән беретін сөздерді анықтау;
6. Тірек сөздер қолданылған барлық контекстерді пайдалана отырып, мәтіннің концептілік ортасын белгілеу
7. Концепт орталығының құрылысын моделдеу [8, 80-81 б.].

Концепт және концептілік талдау мәтінге бағынышты, мәтін мазмұнына тәуелді. Жекелеген тілдік бірліктердің қолданыстағы толыққанды сипатын көркем әдеби туындылар арқылы тануға болады. Олай болатын себебі көркем мәтіндегі әлемнің түзілісі, ондағы бейнелер мен автор ұсынған концепцияның іргетасы жекелеген сөздердің концептілік өрісіне негізделіп құрылады. Осындай тілдік бірліктердің бірі – от лексемасы. От – түркі халықтарының шаруашылық, мәдени өмірінде ерекше маңызға ие. Көшпелі халықтың тұрмыстық жағдайы үнемі отпен байланысты болып келді. Сол себепті де ұлт санасында отқа байланысты отқа май құю, отпен аластау, сияқты ырым-жоралғылар, От-Ана сынды тотемдік түсініктер қалыптасты. Оттың ұлт ұғымындағы орны туралы Ш. Уәлиханов: «...барлық шамандық салттың ішінде отқа табыну қазақтарда әлі күшінде. Қазақтар отты әулие деп санайды. Аса жоғары құрметтеудің белгісі ретінде, қазақтар монғолдар сияқты отты ана деп атайды. Отта тазартушы қасиет бар деп түсінеді, екі оттың арасынан өткізіп тазартады. Оны "аластау" дейді. Қыстаудан көшкенде көшті екі оттың арасынан өткізеді» деп жазған болатын [9, 100 б.].

От сөзінің түркілік сипатын М. Қашқаридың сөздігінен көруге болады. Қашқари сөздігінде отқа қатысты:

1. *От. Шөп өсімдік.*
2. *От. Мал жейтін шөп.*
3. *От. Дәрі, дауа.*

4. *От. У, заһар* деген мағыналар ғана көрсетіліп, *от өнді, от іштім, Бек оған от берді* деген мысалдар келтірілген [10, 63-72 б.].

Көркем поэтикалық мәтіндерде от лексемасы «алтын оттай жайнау», «найзағай отындай жарқылдау», «оттай ыстық», «оттай гүрлеу», «оттай күй», «оттай қайнау», «оттай ойнақшу», «отша лаулау» сынды тұрақты теңеулер түрінде кездеседі [11, 228-230 б.].

Ұлттық санадағы ғаламның тілдік бейнесіндегі маңызды орынға ие концептілердің бірі – от концептісі.

Ұлт танымында от концептісі табиғи (от – табиғи апаттардың бірі, тілсіз жау) мифологиялық, діни-мистикалық (от-ана, тозақ оты), этнографиялық (отқа май құю, отпен аластау т.б.) жүйелерден құралады.

Мұқағали Мақатаевтың шығарамаларында от концептісінің бойындағы мағыналық реңктер сараланып, оттың сапалық (физикалық, химиялық) қасиеттері, ассоциативтік ерекшеліктері, халықтық танымдағы құндылығы көрініс тапқан. От лексемасының ақын тіліндегі көрінісі ақынның аялық білімін, этномәдени деңгейін, ақын танымының ұлттық санамен байланысын көрсетеді.

Ақын танымында от ең алдымен сапалық қасиеттері арқылы анықталған стереотиптік белгілерімен танылады:

*Қып-қызыл оттан бозарып шыққан жалынға
Телміре бермей, ертерек бүгін дамылда* [12].

М.Мақатаевтың дүниетанымы халықтық дүниетаныммен тығыз сабақтастық танытады. Поэтикалық жүйедегі «от – ошақ – отбасы» ассоциациялық тізбек этнос санасындағы от, отбасы, түтін түтету ұғымдармен, ғұрыптық түсініктермен үндес.

Ұлттық танымдағы оттың қасиеттілігіне байланысты «отты аттама», «ошақты аттама» «отты өшірме» сынды тыйымдардың, «отың /шырағың сөнбесін!», «түтінің түзу шықсын!» сынды тілек сөздердің түп мәні тотемдік түсінікте жатыр. От - жылу, от бар жерде өмір бар, тіршілік бар. Ақын танымында да от тоқтаусыз тіршіліктің бастауы ретінде танылып, төмендегідей когнитивтік модельдермен өрнектеледі:

От – жылу, ыстық.

Көзімді алмай қарайтынмын егістікке телміріп,

Бірде шалқып, Бірде жанған, бірде өшкен оттарға – деген жолдарда оттың физикалық қасиеттері мен ерекшеліктері өзектелсе, төмендегі жолдарда оттың осы қасиетінен туындайтын сапалық белгісі /жылу көзі/ ауыспалы мәндегі адам жанының суықтығына қарсы мәнде қойылады:

*От жағып қоймайсың ба алаулатып,
Отыр ғой қабатыңа қырау қатып.*

От – береке, бірлік. Ақын танымында от тіршіліктің, берекенің белгісі ретінде көрініс тапқан:

*От жанды, ас та келді алдарына,
Айналды жалғыз түтін малды ауылға*

.....

Қызған еңбек әлі дағы тынбапты.

Жарқырайды түнгі ауылдың оттары

От – ошақ – отбасы. От пен ошақ ұлттық таным жүйесінде әрекеттестік жақындығы жағынан қойындас ұғымдар болып табылады. Ақын өлеңдерінің контекстінде от/ошақ пен отбасы ұғымдарының сабақтастық мәні айрықша байқалады:

*Оттары қайда ауылымның,
Ошақ та сөніп қалған ба?!*

.....

*Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.*

От – мифтік танымның символы. Ақынның өлең жолдарында от тек қана физикалық құбылыстың көрінісі емес, сонымен қатар, мифтік санамен тікелей байланысы бар бейне ретінде де көрініс табады:

*Отқа тарт, түнгі жолаушым!
От жанған жерде ошақ бар,
Барарсың, мүмкін, қонарсың
Отқа тарт, отқа, жолаушым,
Жоғалсын үрей, жоғалсын!*

.....

*Әкеліп үрей кімдерге,
Әкеліп үміт кімдерге*

Жанады оттар түндерде – деген жолдардағы от – жарық көзі – қараңғылық бинарлық жұбын құрай отырып, қараңғылық – мифтік қара күштер – жамандық ассоциациялық тізбегімен шендесе келе, оттың қара күштерден қорғаушы мәні өзектеледі. Мұқағали Мақатаевтың тілдік қолданысындағы от лексемасының концептілік жүйе түзуі ақын дүниетанымының ұлттық таным дүниесімен сабақтастығынан туындап отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Большой англо-русский словарь. - М.: Наука, 1987.
2. Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово // Русская речь. -М.: Наука, 1986.
3. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // ИАН СЛЯ. 1983. Т.52, №1.
4. Стернин И. А. Может ли лингвист моделировать структуру концепта? // Когнитивная семантика: Материалы 2-ой международной школы-семинара по когнитивной лингвистике. Ч. 2. Тамбов, 2000.
5. Кубрякова Е.С. Язык и знание. М., 2004. С.372-375.
6. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры. Опыт исследования. М.,1997.
7. Рысберген Қ. Онимдік концептіні моделдеу тәжірибесі //Қазақ тіл білімі мен түркологияның өзекті мәселелері. І Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаевтардың 100 жылдығына орай өткізілген Халықаралық конференция материалдары. Алматы, 2007

8. Әмірбекова А. Көркем мәтінге концептілік талдау үлгілері // Тілтаным 2005, №3
9. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Ғылым, 1996.
10. Махмұд Қашқари . Түркі сөздігі. 3 томдық. Т. 1
11. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы: Арыс, 2007.
12. http://ikitap.kz/book/m_makataev_olender_jinagi

Резюме

В статье рассматриваются методические проблемы концептуального анализа и концептосфера лексемы «огонь».

Summary

Methodical problems of the conceptual analysis and концептосфера lexemes "fire" is considered In article.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПІКІР-КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мазибаева Ж.О. -

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақ тілі теориясы және әдістемесі

кафедрасының аға оқытушысы

1910 – 1930 арасында қазақ елінің зиялы қауымы ұлттық тілдің дамуын негізге ала отырып, білім және өнер салаларына арналған дәстүрлі еңбектерін жаза бастады. Осы уақыт аралығында білім және өнер саласында көптеген еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатов, М. Жұмабаев, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанов, Н.Төреқұлов сияқты қазақ зиялылары болды.

Өртүрлі салаларда қазақ тілінде кітап жазу және басқа тілдерден аударылуы нәтижесінде онда көптеген терминдердің енгізілгенін байқауға болады. Бұл оқу құралдары терминдердің қалыптасуына тікелей ықпал етті. Алғашында термин жасаудың белгілі бір құралы, қағидаты мен тәсілі болмағандықтан термин жасау қиын және шиеленіскен іс болды, сонымен қатар қазақ зиялылары үшін ауыр жүкке айналған міндет еді.

Қазақ зиялылары жазған мақала, кітаптарында бар күшін салып қазақ тілін және оның сөздік қорын дамытуға атсалысты. Қазақ тілінің сөз қорының терминдену барысында ең ұтымды тәсілдерді шығарып, оларды осы тәсілдерге қатысты етіп, қазақи ұлттық сана сезімді қалыптастырды. Әуелі қазақ зиялыларының І Ұлттық ғылыми конференцияда, кейін 1926 жылы Бакуде Бүкілодақтық түркологтар жиынында халықаралық терминдер мәселесінде қазақ тілінің барлық мүмкіндіктері қолданылғаннан кейін, туыс тілдердің де сөз қорының қолданылу барысында ұлттық терминдердің жасалу қағидаларын шығарды [1].

Қазақ терминологиясын зерттеушілердің барлығы дерлік А.Байтұрсыновтың пікірі мен оның жазған еңбектерінде көрсетілген қазақ

тілінің терминдену үдерісіне белсенді түрде қатысты және кейін де сол бағытта жұмыс істеді.

Х.Досмұхамедұлы өз зерттеулерінде лексика, грамматика, фонетика, аударма, тіл, тарих салаларына байланысты мәселелер жөнінде құнды пікірлер қалдырған. Ғалымның тіл біліміне қатысты онға жуық еңбегін атап өтуге болады. «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» [2,229] деген еңбегінде ғалым қазақ тіліне терминдерді басқа тілдерден орынсыз қабылдамау, алған күнде тілдің өз заңына сәйкестендіріп қабылдауды ұсынады. Кірме қосымшаларды үндестік заңына бағындырып қолдану керектігін айтады. *Дыбыстардың құрамын, түрлеріне қарай оларды дауысты, дауыссыз, дәнекер дыбыс, жарым дауыстылар, жарты дауысты, жуан дыбыстар, жіңішке дыбыстар* деп бөліп атайды.

Х.Досмұхамедұлы фонетикалық терминдерді жалаң және күрделі деп бөліп қарастырады. 1. Жалаң атаулар: *дыбыс, буын, басу (екпін), дауыссыз, дауысты, демеу, әндесу//үндесу, дыбыстарды екілетіп айту, дыбыстарды қосарлатып айту, ереже, шолақ (у)* т.б.; 2. Тіркес атаулар: *дауыстылар гармониясы, жарым. дауысты, дәнекер дыбыс, бас буын, бітеу буын, шала кос дыбыс, саңыраулау естілеу, жіңішке сөз, жақша белгісі, ағайындас дыбыс, жат харіф* т.б.

Лексикалық терминдер: *меншікті түпкі сөз, еуропа сөздері, жуан сөз, сөз өзгерісі, шала сіңген сөздер, жат сөздер* т.б.

Емлеге байланысты терминдер: *әліфбе//әліппе, дәйекші, ноқат, апострон, сәкін, үтір, сызықша* т.б.

Морфологиялық терминдер: 1. Жалаң атаулар: *етістік, сарф, көсемше, тәуелдік, тұқыл, түбір, демеулік* т.б.; 2. Тіркес атаулар: *ниетті көсемше, ұйғарынды есімше, үнемді көсемше, асыл нұсқасы, туынды демеу, билік рай,* т.б.

Жалпы тіл біліміне қатысты терминдер: *халық тілі, "шатақ тіл", жалғамалы тіл, хукімет тілі, қазақ тілінің заңдары, ғылым тілі,* т.б. [3].

Аталған терминдердің көпшілігі осы күнде қолданылады, ал бірен-саран атаулар қолданыста жоқ. Мәселен, *дәнекер дыбыс, ниетті көсемше, жарым дауысты, ұйғарымды есімше, екілетіп айту,* т.б.

Ғалымның 1924 жылы жарық көрген "Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы" атты еңбегінде қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатысты кейбір мәселелер баяндалады. Түркі тілі – жалғамалы тіл болғандықтан қосымша жалғанғанда сөздердің түбірі өзгермейтінін, қазақ сөздерінің түбірі бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке келуі сингармонизм заңдылығы екендігін айтып, "сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті", - дейді [2,82].

Х.Досмұхамедұлының ғылыми терминология мәселесіне терең бойлауына ең әуелі оқулықтар жазу қажеттігі себепкер болып, жол ашқан.

Қ.Кемеңгерұлы – қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, олардың саны мен құрамы, буын, сингармонизм табиғаты, т.с.с. мәселелерге ерекше көңіл аударып, пікір қалыптастырған зерттеушілердің бірі. Қ.Кемеңгерұлы қазақ тілінің дыбыс қорының зерттелуі сингармонизмге негізделуі керектігін терең пайымдаған. Ол сингармонизмді дауыстылармен қатар дауыссыздардың үндестігі деп түсінеді. Түркі тілдеріндегі сингармонизм табиғатын тануда зерттеушілер екіге жіктелген. Яғни И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.В.Радлов,

П.М.Мелиоранский, А.Байтұрсынұлы, Е.Д.Поливанов, Т.Шонанов, т.б. зерттеушілер сингармонизмді дауыстылардың ғана үндесуі деп түсінсе, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, К.К.Юдахин, т.б. зерттеушілер оны сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндесуі деп түсінген. [4].

Қ.Кемеңгерұлының терминдік атауларды қолдануда, дыбыстарды дауысты, дауыссыз, жарты дауысты деп топтастыруы да Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлының жіктеуімен ұқсас. А.Байтұрсынұлы ұяң дауыссыздарды жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай әрі сөз соңында келмеуіне байланысты ымыралы, ымырасыз деп жіктесе, Е.Омарұлы жарты дауыстыларды қосымшаның басқы дыбыстарын өзгертуіне байланысты ымыралы, ымырасыз деп бөледі. Ал Қ.Кемеңгерұлында ымыралы, ымырасыз деген атаулар кездеспейді. Келтірілген ғалымдардың бәрінде де дауыстылар құрамы мен қатаң дауыссыздарды топтастырылуында ұқсастық байқалады. Мысалы Б дыбысы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қатаңға жатқызылса, Е.Омарұлы мен Қ.Кемеңгерұлының еңбектерінде ұяң дауыссыздар қатарына жатқызылған.

Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлының дыбыстарды топтастыруы бірдей. Қ.Кемеңгерұлы қатаң дыбысқа сәл дауыс қосылса, ол өзгеріп, ұяңға айналатынын ескеріп, әрі қатаң дыбыстар өзінен кейін қатаң дыбыстың, ұяң дыбыстар ұяң дыбыстың келуін қажет ететіндіктен, үнсіз дауыссыздарды жұптап топтастырады. Ал үнді дауыссыздардың бұдан ерекшелігі – бір жағынан, сыңары болмайды, екінші жағынан, диссимиляциялық өзгерістерге түседі.

Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлының қатаң, ұяң дауыссыздарын А.Байтұрсынұлы «қысаң жолды, босаң жолды дауыссыздар» деп атайды. [4]. Осы терминдерді Қ.Жұбанұлы да пайдаланады.

Ғалымдардың қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анықтауда, дауысты, дауыссыз, жарты дауыстыларды саралауда, дауыссыздарды қатаң мен ұяңға жіктеулерінде бірізділік байқалады. Атаулары (терминдері) әртүрлі болғанмен, топтастырулары бірдей.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, емле мәселесін сөз еткен Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы, т.б. ғалымдардың тұжырымдарынан Қазан мектебінің өкілдері И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.А.Богородицкий, т.б. ғалымдардың әсері байқалады. Қ.Кемеңгерұлы «фонема» атауын қолданып, фонема, дыбыс пен әріптің айырмашылықтарын түсіндірген, дыбыстардың корреляттық байланысын, психофонема теориясын, т.б. анықтауы жағынан И.А.Бодуэн де Куртенэнің еңбектерімен таныстығы байқалады.

Сонымен қатар Қ.Кемеңгерұлы шақ түрлері, оның көрсеткіштері туралы өз пайымдауын жасаған. Оның шақ түрлерін тануы А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі жіктеулерден өзгешелеу. Екі ғалымда да келер шақ, осы шақты тануда өзгешелік жоқ. Ал өткен шақта Қ.Кемеңгерұлы "прошедшее определенное", "прежде - прошедшее I, II; давнопрошедшее" сияқты түрлерін қосып, өткен шақтың 6 түрін көрсетеді. [4].

Қ.Кемеңгерұлының шақ түрлеріне жеке-жеке атау беріп, оның мәні мен реңкін түсіндіруі өзіне дейінгі ғалымдардан өзгеше екенін көреміз. Өзінен басқа ғалымдардың еңбектеріне сүйенгенімен, қолданған терминдерін қайталамай,

өзінше терминдік сипат беріп, шақтардың түрліше мән, реңкін де өзінше түсіндіреді. Мәселен, ғалым бұрын дағдылы, қалыпты түрде өтіп тұрған істі білдіретін өткен шақ түрін "прошедшее постоянное" деп атаса, әлі толық аяқтала қоймаған істі білдіретін шақ түрін "несовершенное прошедшее"¹¹ деп атайды [4].

Уақыттың талап етуі бойынша білімді азаматтардың ғылымға деген ынта-жігері оларды тарих сахнасына шығарады. Жиырмамыншы жылдары ұлттың игілігіне қызмет жасаған кемеңгер халық қайраткерлерінің арасынан Телжан Шонановтың бейнесі ерекше жарқырап көрінеді. Оның саяси-қайраткерлік келбеті, білімдарлық бет-бейнесі өз заманында-ақ айқын еді.

Т.Шонанов зерттеулерінен көптеген ерекшеліктерді анық көруге болады. Қазақ жерін отарлаудың кезеңдеріне тоқталуы, ғалымдардың еңбектеріне талдай жасай білуі, заң-қаулыларды ғылыми тұрғыдан, түсініктеме бере отырып талдауы, отаршылдық саясатының түп-төркінін санамалап беруі, нақты ұсыныс, талап-тілектермен дәйектеуі және термин сөздерге талдау жасауы, оның баламасын дәл беруі [5] арқылы ғалымның жан-жақты білімдар, саяси жағынан толысқан, қоғам қайраткері, нағыз тіл жанашыры екендігін көре аламыз.

Педагог ғалым Т.Шонанов ғалым А.Байтұрсынұлымен бірлесіп, 1926 жылы мектеп оқушыларына арнап 412 беттік «Оқу құралын» (хрестоматия) құрастырды. 1927 жылы ҚазПИ-дің доценті М.Жолдыбайұлымен бірлесе отырып «Жаңа арна» оқулығын шығарды. Сонымен қатар «Тіл дамыту» (1931); «Тіл дамыту» (ІІІ бөлім, 1931); «Тіл дамыту» (1939) оқулықтарын шығарды. [6]. «Тіл дамыту» кітабында қазақ тілі мен оқыту әдістемесіне байланысты талдаулар жасай отырып, нақты оқыту турасында құнды пікірлерін ортаға салады.

Аталмыш еңбегіндегі «Жол аузында» деп аталатын мақаласында азат жолға байланысты ғылыми тұжырымдар жасай отырып, азат жолға нақты анықтама береді. Сонымен қатар осы еңбекте Т.Шонанов көптеген мысал өлеңдер мен мәтіндер бере отырып, олардың тыныс белгілерін дұрыс қою жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салады. Ғалым сөйлемге, сөйлем мүшелеріне анықтама беріп, ғылыми қорытынды жасап, терминдік атауын нақтылайды.

Ғалымның 1933 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ тілінің оқу құралы» (орыс мектептері үшін) атты еңбегінде балалардың қабылдауында жеңіл ете отырып, суретті көрініс береді. Осы еңбегінде екпінге анықтама беріп және оны мысалдар арқылы түсіндіреді. Қазақ әліпбиінің кестесін жасайды, орысша-қазақша айтылуы мен жазылуын көрсетеді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарға классификация жасап, орысша аудармасымен қоса, оларға ғылыми тұрғыдан анықтама береді.

Т.Шонанов өз еңбектерінде әдеби тіл нормаларын сақтау, тілдің тазалығын қорғау секілді маңызды проблемаларды көтерді. Әртүрлі Ғылыми Кеңестерде терминология мен орфография заңдылықтары жөніндегі сұрақтарды алға тартып, оларды шешу жөніндегі ой-пікірлерін ұсынып отырды.

Тіл ғылымы мен терминология мәселесі Т.Шонанов шығармашылығының күретаымыры болды. Аталмыш мәселелер туралы көптеген еңбек жазып, ұлт ғылымының өркендеуіне айрықша үлес қосты. Және еңбектерінің ең ұтымдысы – әрбір ұсынған материалдарының нақты, дәлелді болуында. Ғалым тұтастарын

қазақ тілі заңдылығын бұзбауға, табиғатына жат нәрсені тілге таңбауға шақырып отырғанын ерекше атауға болады. Ғалым Т.Шонанов – қазақ тілінің нағыз жанашыры бола білді.

Алаш зиялылары қазақ тілін сан қырынан зерттеп, оның қыр-сырын жан-жақты аша түсуге тырысқан. Соның нәтижесінде қазақ тілі атауларының, терминдердің бірқатар мәселелеріне байланысты түрлі көзқарастар, бағыттар болған. Кейбір мәселелерге келгенде бірін-бірі дамытып, қолдап отырса, енді бірқатар мәселелерде басқа қырынан келіп, тіл терминдерінің жан-жақты айқындалып, нақтылана түсуіне ықпал етіп отырған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана, 2002.
2. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. Ташкент, 1924. Алматы, 1992, 53 б. 18 -32
3. Досмұхамедұлы Х. Аламан, Ана тілі, 1991, 172 б.
4. Жұбаева О.С. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: филол. ғыл. канд. ... дисс. Алматы, 2002.
5. Құлманов Қ.С. Т.Шонанұлының шығармашылық мұрасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. Астана, 2002
6. Салқынбай А. А. Байтұрсынұлы терминдерінің мәні // Профессор С.М. Исаев оқулары / «Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – Б. 127-132
7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ әдебиеті // №29-30, 2008.

Резюме

В статье рассматриваются лингвистические термины, которые предложили интеллигенции алашординси.

Summary

The article deals with linguistic terms that suggested intelligentsia alashordintsy.

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ КӨТЕРІЛУІ

Жұмаділұлы Смағұл –

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің 2-курс магистранты*

Жер бетінде қай ұлттың болмасын өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары болғаны ақиқат. Қазақ халқының сондай бір өзге ұлттардан шоқтығын биік етіп көрсететін теңдессіз өнері, есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып, жетіліп, бүгінгі күннің де қажетіне жарап отырған халық ауыз әдебиеті болса, оның ең бір өміршең жанры қазақтың қанына сіңген таңғажайып тамаша қасиеттің бірі табан асты суырып

салып, жәй сөзбен емес, өлеңмен өрнектеп жеткізе білетін - айтыс өнері. Айтыс ертеде тек қазақтарда ғана емес, өзге халықтарда да болғандығы осыған дейін бізге жеткен әдеби-тарихи еңбектерден белгілі. Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабында айтыс турасында айта келіп, «Француз әдебиетінен басқа, ескі араб әдебиетінде «Мұғалла хат» деген өлеңдер болған, бірақ бұл нағыз айтыс емес, көбінесе өлең жарысы сияқты» [1, 173 б.] болғандығына тоқталады. Сонымен қатар, осы тақылеттес пікірді Қ.Жұмалиев өз еңбегінде «Айтыс қазақтан басқа арабтардың бадауилер тайпасында, түркітілдес елдердің бір қатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында болған» [2, 102 б.] деп келтіреді. Ал қазір айтыс тек қана қазақ халқында, ішінара қырғыз ағайындарымызда кездеседі. Бірақ, қырғыз айтысы біздегідей жоғары деңгейге көтерілмеген.

Айтыс ежелден қазақпен бірге жасасып, халықтың ауызындағы сөзі, көңіліндегі мұңы, көзіндегі жасы, көкірегіндегі шері болғандығы мәлім. Ауыз әдебиетінің көркемдігі мен көлемі жағынан ең бір ерекше дараланған, дәуір тарихының жылнамасы, бізге жеткен бабалар дауысы, халық жаршысы іспетті. Халқымыздың бүгінге дейін айтысты асқақтатып, әлпештеп отырғаны ұлттық демократиямыздың ежелден-ақ жоғары деңгейін айқындап көрсетеді.

Өнер атаулының ішінде айтушы мен тыңдаушы арасында психологиялық эмоциялық күшті байланыс болатын, азаматтық құқық теңдігі толығымен жүзеге асатын сәт айтыстың тұсы екендігі шындық. Бабаларымыздан жалғасқан осы киелі өнеріміз осы заман ағымына ілесіп, кемелденіп дамып отырды. Кешегі кеңестік кер заманда да өз күшін жоймаған айтыс тәуелсіздік таңы атқаннан кейін ақындарымыз тіліне еркіндік алып, мейлінше шырқау шыңға көтеріліп дами түсті. Бұрынғыдай бір облыс, аймақтың көлемінде шектелмей, жалпы республикалық деңгейден асып, халықаралық биікке көтерілді. Бұған дәлел 2004 жылғы Мәскеудегі айтыс, 2008 жылғы Францияда өткен айтыс. Айтыстың осыншалық зор дәрежеде дамуына бірден бір басты себеп: XX ғасырдың 90 жылдары Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жарияланып, сөз өнерінің дамуында да жаңа бағыт басталды. Дәстүрлі поэзия өз жалғасын тауып, жаңарып, жан-жақты мол білімі бар, сауатты болуымен қатар, бұрынғы дәстүрдің озығын пайдаланып, кейде жазба ақындардың айта алмаған салмақты ойларын көркем тілмен кестелеп жеткізе білуімен дараланды. Нағыз суырып салма ақындардың жаңа толқыны келіп қосылды. Жас толқындар қазақ халқының арғы-бергі тарихындағы ерлік қаһармандық істерді, тарихымыздағы хандарды, би-шешендерімізді, қайраткерлеріміздің абзал ісін жалғастырды. Айтыс халқымыздың бастан кешкендерін, отарлық бұғаудың зардаптарын, қуғын-сүргінді және т.б. қиыншылықтарды көрген халықтың қасіретін камтиды.

Ал кешегі ақындар легін Мұхамеджан Тазабеков, Мәлс Қосымбаев, Ақмарал Ілеубаева, Айнұр Тұрсынбаева, Бекарыс Шойбеков, Аманжол Әлтаев, марқұм Оразәлі Досбосынов, Дәулеткерей Кәпұлы жалғап әкетті.

Әрине осы заманғы айтыс ақындарының басты мақсаты тәуелсіздікті жырлау болды. Осы заманғы ақындар айтысында ең әуелі ата-бабаларымыз

ғасырлар бойы аңсап өткен азаттығы, арайлап атқан тәуелсіздігіміздің ақ таңы асқақ сезіммен жырланды.

Үш жүз жыл бойғы бодандық қамытын киіп, ұлтым деп ұрандаған ерлерін атқызып, одан қалса, абақтыға жапқызып шерменде еткені, елім-айлаған қазақтың басынан кешірген сан қилы қиыншылықтары елінен-жерінен айрылған мұңлы халықтың жай күйін Әбілқайыр Сыздықовпен болған айтысында Иманғазы Нұрахметұлы былай деп бейнелейді. Иманғазы:

*Ақынсың өзіңді еркін меңгермеген,
Сөзің көп олпы-солпы жөнделмеген.
Ел көрмеген сұмдықты көрсетем деп,
Оғаш мінез көрсеттің мен көрмеген.
Бір кезде ақтабан ғып Жоңғар шапқан,
Шоқпар жоқ ел басына сермелмеген.
Он алтыда ұлдарын оққа байлап,
Жүректерді жібімес тоң кернеген.
Аштық жылы үш қазақтың екеуі өліп,
Біреуі қасіреттен сенделген ең.
Үш жүз жыл бодан болып бөгде жұртқа
Қайғыны басқа жұрттан кем көрмеген.
Әбеке-ау, бұдан артық сен көрсетер,
Тағы қандай сұмдық бар ел көрмеген? [3, 141-142 б.]*

Сан жылдар бойы боданда болып келген халқымыз қашанда азаттықтан үмітін үзбеді. Армандаған азаттық үшін егей ерлеріміз халқым деп басын бәйгеге тікті. Өз билігі өзіне тиер еркіндікті аңсап, сол үшін аянбай күресті. Соның бірі кешегі кеңес үкіметінің құлауына себепкер болған қазақ жастарының қайсарлығы танылған 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі Шорабек Айдаровпен болған айтысында Оразалы Досбосыновтың жырларынан былайша көрініс тапты:

*Махамбетің аңсаған азаттық бұл,
Бас кеткен соң ісі алға баспай қалған.
Кенсары ханға да керегі сол
Тәуелсіздік еді зой басты ойланған.
Ақыры сексен алты себеп болып,
Ақ елге ажал оты жастай жанған.*

*Горбачев Колбинді әкеп айдап салып,
Бірлігіңнің жоқтығын жақсы аңғарған.
Иіс сезгені болмаса, кәпір кесір,
Ит ішіне бәрібір жақпайды айран.
Қазақта шалдар босқа шамданбаған,
Тамаша іс күтпе деп тас маңдайдан, [4, 1]*

Азаттық үшін ат арқасын төсек, жалын жастық етіп елінің ертеңі үшін басын оққа байлаған батыр бабаларымыздың аңсаған арманы орындалып, тәуелсіздікке жеткенде енді өсіп келе жатқан жас ұрпақ бабаларының осы ерен

Обращаясь к исследованиям В. Я. Скворцова, мы обнаруживаем, что «прекрасное» является связующим звеном между истиной и добром, в силу своего чувственно-интеллектуального, целостного характера. Это утверждение органической связи истины, добра и красоты, восходящее к античности, имеет особое значение в связи с задачей нравственно-эстетического воспитания студентов средствами искусства».

Произведения искусства, непосредственным предметом отражения в которых являются эстетические стороны действительности, почти всегда затрагивают нравственный аспект. Иногда (в плакате, рекламе, семейно-бытовой драме, или кинофильме) это выступает явно и сразу бросается в глаза. В других видах и жанрах искусства (пейзаж, натюрморт, лирическое стихотворение, музыкальное произведение) нравственные мотивы могут выступать очень косвенно, приглушенно и опосредствованно.. Но независимо от степени и глубины отражения нравственных аспектов деятельности человека в произведениях искусства нравственные ценности никогда не являются прямым предметом отражения. Произведение может быть посвящено моральным проблемам, только взятым в их эстетическом преломлении. То есть, произведения подлинного искусства, сохраняя художественную специфику, как правило, оказывают большое влияние на моральное сознание учащихся. Воздействие это имеет ряд особенностей. Художественное произведение воспитывает не через абстрактное перечисление совокупности моральных норм и принципов, не через иллюстрированные образы, служащие воплощением тех или иных черт нравственности, а через конкретно-чувственное воплощение живых человеческих характеров во всей их целостности и неповторимости. В

подлинных произведениях искусства никогда не дается «чисто» нравственная оценка поступка или человеческого характера. Нравственная оценка всегда интегрируется в эстетической, дается при помощи сложнейшей совокупности изобразительно-выразительных средств того или иного вида или жанра искусства.

Несомненно, мы знаем, что знакомство с литературой и искусством позволяет учащимся овладеть специфическим анализом художественного образа, воспитывает способность эстетического отношения к продуктам творчества. Но обращение к былым традициям, к культурному наследию не случайно. Так как именно в произведениях народного творчества материализована народная память, народная мудрость, красота, торжество гармонии и меры. В наши дни народное искусство приобретает всё большее значение. Возникая в виде художественного промысла вызванного к жизни разнообразными причинами, народное декоративно-прикладное искусство становится необходимой частью художественной и экономической культуры. Отражая в своём содержании исторически сложившиеся национальные черты.

Искусство, несомненно, показывает свободу нравственного аспекта деятельности человека как одну из неотъемлемых черт прекрасного, возвышенного и героического характера. В этом моменте нравственный и эстетический идеалы как бы пересекаются и совпадают. Эта особенность воспитательного влияния искусства имеет особое значение в формировании морального облика современного человека нашей республики.

Таким образом, нравственное и эстетическое воспитание — сравнительно самостоятельные направления воспитательной работы. Каждое из них решает свои характерные задачи, имеет свои средства и методы. Тем не менее оба вида воспитания имеют много общего и по своему содержанию и по направленности. Их совместные черты предопределены всем укладом нашей жизни, развитием нравственных общественных и эстетических отношений. Оба они объективно направлены на формирование всесторонне гармонически развитой личности современного государства. Достижению этой цели, несомненно, способствуют умелое сочетание факторов эстетического и нравственного воспитания, особенно широкое использование искусства.

Список литературы:

1. http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/arkhiv/poslanija_prezidenta_rk_narodu_kazakhstana/
2. Нысанбаев А. Н. Человек и открытое общество. — Алматы, 2001. — 544 с.
3. Ольсевич Ю. Я., Гудков А. А. Критика экологической критики. - М : Мысль. - 1990. - С. 12-13.
4. Ильясова А. Н. Становление и развитие нравственной теории в Казахстане.- Алматы, 1997. — 238 с.

5. Скворцов, В.Я. Искусство. Эстетика. Медицина / В.Я. Скворцов. – Волгоград, 1993. – 160 с.

Түйін

Бұл мақалада оқушыларды эстетикалық тәрбие берудің өзара әрекеттесімділігі негізінде тәрбиелеу жөнінде қарастырылады.

Summary

This article examines the relationship of moral and aesthetic education of students.

СТУДЕНТТЕРДІ ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРДА ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЫНТАЛАНДЫРУ

Р.Ж.Жүнісова –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушы

Кез келген елдің дамуы - оның білімі мен ғылымының дамуымен өлшенетіні белгілі. Біздің елде бұл мәселе алдыңғы орындарға қойылған.

Жоғары оқу орындарының негізгі міндеті - білім беру, маман дайындаумен шектеледі деген пікір қалыптасқан. Алайда өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, өркениетті елдердің барлығында университеттер тек білім ордасы ғана емес, сонымен қатар ғылымды өндіріспен ұштастыра отырып, нағыз заманауи талаптарға төтеп бере алатын, әлемдегі озық технологияларды меңгерген мамандарды дайындайтын орталық болып есептелуде. Студенттерге терең әрі сапалы білім алуда зертханалық сабақтардың алатын орны ерекше.

Зертханалық сабақтар студенттердің теориялық-әдістемелік білімі мен оқу-зерттеу сипатындағы қызметінің біртұтас процесіндегі практикалық білігі мен үйлестіруге ықпалдастыруға мүмкіндік жасайды. Олардың ролінің артуы – эксперименттің қазіргі нысанында тез дамуына байланысты, соның нәтижесінде іс жүзінде жоғары оқу орындарын бітірушілердің барлығы да зерттеу жұмыстарына даяр болуға тиіс. «Зертхана» деген сөздің мағынасы (латынша labor – еңбек, жұмыс, қиындық) туындаған ғылыми және өмірлік маңызы бар міндеттерді ой және дене еңбегін қолданып, шешумен байланысты, ежелден қалыптасқан ұғым екендігін білдіреді. Зертханалық жұмыстардың нақты оқу мамандығына байланысты айрықша айқын көрінетін ерекшеліктері болады. Зертханалық сабақтарда жұмыстың тиімді нысандарының бірі бірлескен топтық жұмыс болып табылады. Оның нақты бағыты оқытушылардан көп жұмысты талап етеді.

Зертханалық сабақтарға қойылатын негізгі талаптар:
теориялық курс материалдарын тәжірибеде дәлелдеуді қалыптастыру;
жұмыс схемалары мен қондырғыларды жинауға онымен жұмыс жасауға дағдылану; теориялық курс материалдарын толық қамту; ғылыми – зерттеу жұмыстарының элементтерін қолдану.

Зертханалық сабақтардың сапасы: зертханалық жұмыстар бойынша әдістемелік нұсқаулардың дайындығымен; қажетті қондырғылар мен құралдардың, өлшеуіш аппараттардың болуымен; студенттің жұмысқа дайындық дәрежесімен анықталады.

Сонымен қатар зертханалық сабағы бақыланады, бағаланады: сабақты жүргізетін оқытушы – жұмыс алдында студенттің теориялық білімін және жұмысты орындау әдістемесін меңгеруін тексереді, жұмыстың соңында есеп беру құжаттарын қабылдайды.

Ғылымды адамның білімге қызығушылығы дамытады және ондағы оқытушының міндеті студенттер тек қана білімді тұтастай еске сақтап қана қоймай өздері зертханалық сабақтың көмегімен игеруі үлкен нәтижеге жеткізеді.


Болашақ биолог мамандарға сапалы білім беруде генетика ғылымының өзіндік қосар мол үлесі бар деп айтсақ қателеспейміз. Генетика пәнінде тұқым қуалау заңдылықтарын зерттеуге арналған зертханалық сабақтарды өткізуге дрозофила (*Drosophila melanogaster*) өте қолайлы объекті болып саналады [1].

Дрозофила шыбынының төрт түрлі қасиеті оның генетика ғылымының арнайы мәселелерін зерттеуде және генетика курсын оқытуда таптырмайтын объекті болуына негіз болып есептеледі. Олар:

1. Даму мерзімінің қысқалығы;
2. Ұрпақ санының көптігі;
3. Зертхана жағдайында алынған алуан түрлерінің немесе мутантты линияларының молдығы;
4. Хромосом санының аздығы.

Тәжірибе жасауды жаңадан бастаушылар үшін дрозофиланың морфологиясы мен биологиясы туралы қысқаша мәліметтер ұсынамыз. *Drosophila melanogaster*, яғни жеміс шыбыны Бұл мөлшері шамамен 3 мм болатын, көздері ашық қызыл түсті, сұр денелі өте кішкентай шыбындар, отаны Үнді-Малай.

Қазіргі кезде ол космополит Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Африкада, Австралияда, Жапония мен Оңтүстік Еуропада (Солтүстік Францияға дейін) тіршілік етеді. Сол сияқты Кавказ бен Украинада да кездеседі. [3].



1 сурет. Дрозофиланың сыртқы құрылысы

Жаз маусымында жеміс-жидектермен бірге оңтүстік аудандардан солтүстікке дейін тасымалданды.

Дрозофила ашыған жеміс-жидектермен, ағаш шырынымен қоректенеді. Оларды жақын маңдағы бау-бақшалардан оңай ұстап алуға болады. Ол үшін жаздың шуақты күнінде ішіне кез-келген жеміс не жидек салынған стаканды баққа немесе бақшаға қойып қойса жеткілікті. Біраз уақыттан кейін стаканға жиналған шыбындарды ыдыстың ауызын жауып жинап алуға болады. Зертханада шыбындарды арнайы қоректік ортада өсіреді. Жабайы шыбындармен салыстырғанда оның мутантты формаларында кейбір морфологиялық айырмашылықтар кездеседі.

Дрозофила тіршілігінің ұзақтығы және оған температураның әсері
Зертханалық жағдайда температура 31°C –тан артса дрозофила шыбындарының ұрпақ беру қабілеті жартылай немесе түгелдей жойылады. Бірақ отаны тропикалық климат болғандықтан табиғи жағдайда мұнан да жоғары температурада тіршілігін сақтай алады. Оның себебі жердің жоғарғы қабатында ылғалдың булануы күшейетіндігінде және ауаның төменгі қабаты температурасының төмен болатындығына байланысты.

Зертханада дрозофиланы өсіруге қолайлы температура $24-25^{\circ}\text{C}$. Мұндай температурада жұмыртқадан ересек шыбындардың дамып шығу циклі шамамен 10 тәулік болады. Ал 27°C -та даму циклі 9 тәулікке қысқарады. Жұмыртқаның дамуы 20 сағатқа созылады. Дернәсіл (личинка) мен қуыршақтың дамуы 8 тәулік, оның 4 тәулігі дернәсілдердің жетілуіне, қалған уақыт қуыршақтың дамуына кетеді. Сондықтан дрозофиланың I жылда 40 ұрпағын алуға болады. Температураның төмендеуі даму мерзімін баяулатады. 10° –та дернәсілдік кезең 57 күнге, ал қуыршақтың жетілуі 13-14 күнге созылады. Ал 20° –та бұл мерзімдер 8 және 6,3 күн болады зертханалық жағдайда ересек шыбынның тіршілік ұзақтығы қуыршақты жарып шыққаннан кейін 3-4 аптаға ғана созылады. Бұл мерзім тіршілік ортасында да тәуелді. (температураға, ылғалға, қорекке, қоректе бактериялардың болуына, даралардың тығыздығына). Арнайы қойылған тәжірибелерде дрозофила 153 күн тіршілік еткен.

Мутантты формалардың тіршілік қабілеті жабайы шыбындармен салыстырғанда төмен болады. Бірақ тіршілік қабілеті жабайы шыбыннан жоғары болатын мутантты түрлерінің де болатындығы анықталған [2].

Дрозофиланың даму циклі. Дрозофила жұмыртқасының пішіні сопақша келген ұзындығы 0,5 мм жуық. Оларды пробирканың құрғақ қабырғаларынан оңай байқауға болады. Дрозофиланың жұмыртқасы басқа насекомдардікі сияқты шығу тегі әр түрлі екі қабықшамен қапталып қорғалған. Ішкі қабықша жұмыртқаның өзінен түзілгендіктен **сарыуыздық** деп аталады. Сыртқы қабықша жұмыртқа безінің фолликулярлы эпителиінен түзілген. Ол хорион деп аталады. өте үлкейтіп көрсететін микроскоптың көмегімен жіңішке препараттық ине арқылы хорионды жұмыртқадан бөліп алуға болады. Болашақ ұрықтың мүшелеріне сәйкес жұмыртқаның алдыңғы және артқы, құрсақ және арқа бөліктерін ажыратуға болады. Жұмыртқаның

алдыңғы бөлігінде кішірек сорғыш орналасқан. Сорғыштың ортасынд жұмыртқаның ішінде сперматозоидты енгізетін микропиле саңылауы бар. Жұмыртқаның арқасының алдыңғы жағынан екі өскінше шығып алға қарай бағытталып өскен. Хорионнан шыққан бұл өскіншелерді **филаменттер** деп атайды. Олар жұмыртқаны сұйық қоректік ортаға батып кетуден сақтайды. Ұрықтану жұмыртқа қынаптың жоғарғы бөлігінен өткен кезде жүреді. Егер қандай да бір қолайсыз жағдайлардың әсерінен ұрықтанған жұмыртқаның сыртқа шығуы кешігетін болса, ұрық дамуының алғашқы стадиясы аналықтың жыныс жолында жүреді де сыртқа дамыған личникаларды шығарады. Қалыпты жағдайда эмбриональдық даму аналық денесінен тыс жүреді. Ол

27⁰ С-та 20 сағатқа созылады.

Жұмыртқадан дернәсілдердің шығуы және постэмбриональдық дамудың алғашқы кезеңі қоректің жеткілікті мол болуына байланысты. Даралардың тіршілігінің бұл стадиясында қоректің маңызы зор, ол шыбындардың мөлшерін ғана емес, тіршілік қабілетін де анықтайды.

Жұмыртқадан жарып шыққан дернәсілдер алғашқы уақытта қоректік ортаның үстіңгі бетінде қалып, содан кейін терең қабатына түсіп, сонда қуыршақтануға дейін болады.


Сырттан қарағанда қуыршақтанудың басталуы дернәсілдің қоректік ортаны бастап, біраз уақыт қоректенбестен пробирканың қабырғаларында жай қозғалып жүруінен байқалады. Содан кейін тұрқы қысқарып, бөшке тәрізді формаға ие болып, қозғалмайтын қуыршақтарға айналады.

Қоректе судың артық мөлшері болса дернәсілдер пробирка қабырғасында қуыршақтанады. Егер орта тығыз болса, барлық дернәсілдер қоректік ортаның бетінде қуыршақтанады.

Қуыршақтану кезеңіндегі дернәсілдің ішкі өзгерістеріне келетін болсақ, шыбын дамуының жаңа стадиясының, басталуына байланысты оның органдары (мүшелері) қайта өзгереді (метаморфоз). Қайта өзгеру процесінде дернәсіл мүшелерінде (жүйке жүйесі мен жыныс бездерінен басқалары) кері даму басталып, эмбриональды ұлпалардың арнайы бастамаларына түзіліп, имагинальды диск деп аталатын мүшемен алмастырылады. Имагинальды дискілер дрозифильдің алғашқы дернәсілдік стадиясында гиподерманың ішке енуінен пайда болады. Олардың кейбіреуі дернәсіл шықпай тұрып жұмыртқадан да пайда болуы мүмкін.

Алғаш пайда болған имагинальды дисклер өте пайда болған. Дернәсіл өскен сайын олар да ұлғаяды. Қуыршақтану кезінде олардың кейбірі толық қалыптасып бітеді. Мысалы, көздің имагинальды дисклері өте үлкейтіп көрсететін микроскоп арқылы және фасеттерді (омматидин) анық көруге болады. Осындай жіктелген имагинальдық дисклерден дрозофиланың басқа да органдары: аяқтары, қанаттары антенналары, жыныс мүшелері т.б. түзіледі. Сонымен дамудың қуыршақ кезеңі дернәсілдік мүшелер мен ұлпалардың ыдырып (гистолиз), имагинальды дисклерден ересек шыбын мүшелерінің дамуымен (гистогенез) сипатталады. 27⁰ С -та қуыршақтың кезеңнің төрт тәулікке созылатындығын айтқан болатынбыз.

Дрозофиланың даму циклі.



(жұмыртқа→дернәсіл→қуыршақ→ересек шыбын)

2 сурет. Дрозофиланың даму циклі.

Үшінші тәуліктің соңына қарай көздің қиығы байқала бастайды. Бірте-бірте қанаттары анықтала түсіп, ашық қызыл түске ие болған көздері қуыршақтың жартылай мөлдір хитинді жабындысынан жақсы көрінеді. Қуыршақтан пайда болған жас ұрпақтың едәуір ұзын пигментсіз денесі, қысқа және әлі толық жазылмаған қанаттары, нәзік қылшықтары болады. Осындай белгілеріне қарап, оларды ересектерінен оңай ажыратуға болады.

Будандастыру әдісін қолдану. Қуыршақтан шыққан аталықпен аналықтар 6-8 сағатқа дейін ұрықтану қабілеті болмайтындықтан, осы кезеңде алынған барлық шыбындар жас (ұрықтану қабілеті жоқ) деп есептеледі. Аналық аталыққа қарағанда ірірек және оның құйрығы сүйір болады. Аталықтың аналыққа қарағанда денесінің соңғы сегменттері біріккен, құйрығы доғал. Ұшып шыққан соң, алғашқы 2-3 сағат аралығында шыбындардың қанаттары жайылмаған және денелері ұзарған, реңі ашық болып келеді. Бұл белгілері де шыбындардың жас екендігін дәлелдейді. Бір линияның 4-5 аналықтарын және екінші линияның соншама аталықтарын бір пробиркаға салады. Ата-аналықтар тым көбейіп кетсе, шыбындардың өнімділігінің төмендеу қауіпті туады. Бір аналық 200-ге дейін жұмыртқа салады. Бірақта шыққаннан кейінгі 1,5-2 тәулік мерзімінде аналықтар жұмыртқа салмайды немесе өте аз салады. 3-4 тәуліктік аналықтар жұмыртқаны көбірек салады. Жұмыртқа салу жақсы өнген ашытқылары бар қоректік ортада өседі, яғни дайындалғанына 1-2 тәулік болған. Ал дайындалғаннан кейін 3-4 тәулік өткен қоректік ортаны пайдалануға болмайды.

Жұмыртқа салу үшін, шыбындар пробиркада 3-5 тәулік болулары керек, содан кейін, оларды сыртқа шығарып жібереді, ал салынған жұмыртқалардан шыбындардың келесі ұрпағы дамиды. Қуыршақтан ұшып шыққан шыбындарды 2-3 тәуліктен кейін есептеу тиімді болады. Алғашқы уақыттарды көбінесе аналықтар шығады, ал уақыт асып кеткен жағдайда шыбындардың жойылуы байқалады. [4]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұхамбетжанов К.К., Далабаев Б.А., Өтешева Г.А. Генетикадан практикалық сабақтар. Алматы. Ғылым, 2004
2. Берсімбаев Р.І., Мұхамбетжанов К.К., Генетика, Алматы, Қазақ университеті, 2002
3. Мұхамбетжанов К.К. Генетика. Алматы, 1994
4. Ватти К.В., Тихомирова М.М. Руководства к практическим занятиям по генетике М., 1979

Резюме

В данной статье рассматривается роль использование дрозофилы как объекта, для проведение лабораторных занятий по предмету генетики. *Drosophila melanogaster* является наиболее универсальном видом для научных исследований.

Summary

In this article a role is examined the use of as drosophila ,for realization of laboratory employments on the article of genetics. *Drosophila melanogaster* is most universal a kind for scientific researches.

КӨРКЕМ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КӘСІБИ ТҰРҒЫДА ҚОЛДАНУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ажитаев Н.Е. –

Абай атындағы ҚазҰПУ,

«Графика және дизайн» кафедрасының оқытушысы

Қазақстанда білім беру жүйесінің алдына студенттердің ақпараттық технологияларды қолдану арқылы даярлығын жетілдіру қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық прогресті жылдамдатып, өндірісті автоматтандыруды жетілдіру аса маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ал ақпараттық технологияларды кәсіби тұрғыда қолдану – кез-келген өндірістің қарқынды дамуына тез бейімделуге, кездескен қиыншылықтардың шешімін өздігінен дербес жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда қажеттілігін тудырады.

Көркем-педагогикалық білім жүйесінің сапасы кәсіби мамандардың ақпараттық технологияларды қолдану арқылы студенттерге сапалы білім беруіне байланысты. Ал студенттердің ақпараттық технологияларды практикалық әрекеттерде тиімді қолдануы олардың кәсіби даярлығының қалыптасуында.

Студенттердің кәсіби даярлығын практикалық іс-әрекетке байланыстыра отырып, деңгейлі түрде С.Я.Батышев, В.Д.Симоненко, П.Р.Атутовтар өз зерттеулерінде олардың білімі мен іскерлігін қалыптастыру мазмұнын, формаларын және әдістерін қарастырды.

Ал ақпараттық технологияларды жасау, пайдалану және дамыту мәселелерін Б.С.Гершунский, В.С.Кузнецова, А.В.Соловьева, А.Д.Урсиева және т.б. зерттеді.

Кәсіби білім беру жүйесінде компьютерлік оқыту технологиясын пайдалану мәселелерінің әртүрлі бағыттары бойынша бірқатар зерттеулер жарық көрді, олар: Б.Берібаев, Қ.С.Әбдиев, А.А.Абдукадыров, М.А.Құдайқұлов, Э.И.Кузнецов, К.Ж.Аганина, А.Ж.Арыстанова, Е.Балапанов, С.Р.Доманова, Ж.А.Қараев, Ш.Х.Құрманалина, Г.К.Нұрғалиева, М.А.Винницкая, В.П.Тихомиров, Е.Г.Гаевская, Д.М.Джусубалиева және т.б.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығын ақпараттық-технология арқылы қалыптастыру мәселесі бойынша Г.С.Базарбаева, Б.Т.Барсай, Ж.Ж.Жанабаев, В.В.Егоров, М.С.Мәлібекова, А.К.Мыңбаева, О.Ү.Мұсабеков, Қ.А.Сарбасова, Г.О.Тәжіғұлова, А.З.Тұрсынбаев және т.б. еңбектерінде ғылыми зерттеулер орындалған.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығын компьютерді қолдану арқылы студенттердің шығармашылығын арттыруды В.М.Блинов, Н.Н.Диканская және т.б. қарастырды.

Сонымен, ғылыми еңбектерге жасаған талдау жоғары өнер оқу орындары студенттеріне көркем-педагогикалық білім жүйесінде ақпараттық технологияларды кәсіби тұрғыда қолдану арқылы студенттерге сапалы білім беру, оны кәсіби іс-әрекеттерде практикалық түрде пайдалану мәселесінің күні бүгінге дейін шешімін таппай отыр.

Қазіргі таңда қоғамның басты бағыттарының бірі – білім беру процесін ақпараттандыру. Әсіресе білімді ақпараттандыруды көркем-педагогикалық білім жүйесінде практикалық тұрғыда қолдану – қоғамды ақпараттандырудың негізгі шарттарының бірі деуге болады.

«Ақпарат» - латынның Informatio - «түсіндіру» «мазмұндама» деген сөзінен шыққан, бір нәрсені жетілдіріп, түсіндіру деген мағынаны білдіреді. Барлық ақпарат өңделеді, ауыстырылады, сақталады, және түрлі тапсырмаларды шешу үшін қолданылады. Қазақ Ұлттық энциклопедиясында: «ақпарат» (информация, лат. Informatio – түсіндіру, баяндау, хабардар ету); істің жағдайы, қандай да болмасын оқиға немесе біреудің қызметі туралы хабарлау, мәлімет беру және т.б. түсінік беріледі. Ақпарат – *мәтін, сурет, кесте, графика, сан, әуен, дыбыс, иіс*, әр түрде басқаша беріледі.

Көркем-педагогикалық білім жүйесінде оқытудың озық ақпараттық технологияларды меңгермейінше, сауатты және кәсіби маман болу мүмкін емес. Компьютерлік ақпараттық жаңа технологияны меңгеру кәсіби маманның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген қабілетінің қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз.

Болашақ өнер мамандарын дайындауда ақпараттық технология арқылы педагогикалық технология және оқыту технологиясы практикалық іс-әрекетте қолдану – студенттердің оқу әрекетінде шығармашылық әдістерінің үйлесімділігін қамтамасыздандыру; оқытушылар біліктілігінің мүмкіндіктерін арттыру, сондай-ақ оқу процесін дидактикалық тұрғыда

жетілдіру арқылы ақпараттық технологияны бірізділікте ендіру болып табылады.

«Ақпараттық технология» - Ресейде жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдықтарында ақпараттың қалыптасу процесінде пайда болды. *Оның басты мақсаты* – адамның ақпараттық технологияға талдау беруі үшін ақпаратты жасауы және соның негізінде белгілі бір әрекетті жасауда әдіс таңдауы. Ақпараттық технология екі түрге бөлінеді, олар:

дәстүрлі (қағаздағы - адамның жұмысындағы құжаттарды пайдалануға негізделеді);

жаңа (компьютерлік) – есептегіш техниканың құралдарын кең көлемде пайдалануға негізделген.

Көркем-педагогикалық білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологияны қолдану – оқу -тәрбие үдерінде болашақ мамандарды көпсалада дамытуды қамтамасыздандырады.

«Жаңа ақпараттық технология» - компьютердің көмегімен білім беру және түрлі техникаларды меңгеру болып табылады.

«Компьютерлік технология» В.М.Глушковтың айтуынша, компьютерлік технология кешенді ғылым мен инженерлік немесе арнайы пәндерден тұрады. Яғни, шығармашылықты, жобалауды, ойлап табуды, баға берудің, жасап шығаруды, компьютерленген жүйені функционалдау (іске қосу), олардың әлеуметтік тәжірибедегі әсері мен қолдану аясының негізі болып табылады. *«Компьютерлік технология»* - ақпарат жинау, талдау мен өңдеу, оған қоса ақпаратты өңдеу құралдары, микропроцессорларды электрондық жүйелермен үйлестіру. И.Е.Нұрдәулеттің зерттеуі бойынша *«Компьютерлік технология»*: Компьютерлік технологияның дамып, жетілуін оның қай жерде, қалай қолданылуы мен бағытталуына қарай айқындауға болады көркем компьютерлік технология; инженерлік-компьютерлік технология; иллюстративті-компьютерлік технология, іс-құжаттық компьютерлік технология, когнитивті-компьютерлік технология және т.б. Ол ақпараттық технологиялардың күннен-күнге өркендеуіне байланысты жаңарып отырады. Мысалы, графикалық редакторлауға жаңа түс, материал немесе жаңаша бояулардың әдістері енгізілсе, бұның өзі үлкен жаңалық болып есептеледі.

«Компьютерлік технология» ақпараттық технологияны кәсіби тұрғыда қолданудың негізі болып табылады. Демек көркем-педагогикалық білім жүйесінің барлық салалары бойынша *«Компьютерлік технология»* қолданылады, мысалы: кескіндеме, сурет, станокты графика, сәндік-қолданбалы өнер, көркем және кітап графикасы, мүсін және қыш өнері, т.б.теориялық және практикалық пәндер.

Компьютерлік технология түрлерінің атқаратын ақпараттық міндеттері де әртүрлі. Сонымен қатар «Adobe Photo Shop», «Adobe illustrator», «Corel Draw». «Fractal Design Painter», «3D Studio Max» және т.б. әр бағдарламаның мүмкіндіктеріне қарай бағытталап жасалған арнайы бағдарламалармен шектеледі.

Иллюстративті-компьютерлік технология белгілі бір ақпаратты (текст, аудио жазбалар және т.б.) көруге бағытталады немесе оқуға көмекші құрал

ретінде пайдаланылады. Компьютерлік технологияның бұл түрі арқылы білім алушы бағдарламаны үйренеді және мультимедиа технологиясының көмегімен кез-келген пәндегі ақпараттарды алып қарауға мүмкіндік алады. Иллюстративті компьютерлік технология, сондай-ақ ғылыми ізденістердің нәтижелері мен графикалық мазмұнда жиі қолданылады.

Іс-құжаттық компьютерлік технология офистік тапсырмаларды шешуде: графиктер мен диаграммалар құрастыру, кесте таблицаларды көркемдеу және т.б. құжаттарды өңдеуге графикалық көркемдеу, факстарды, фирмалық стиль жасау және т.б. қолданылады.

Жаңа компьютерлік технология (киноиндустрия, компьютерлік моделдеу және дизайн, білім беру саласы, полиграфия, үш көлемдегі графика және анимация, сәулет, видео өндіріс, мультимедиа және т.б.) кең көлемде қолданылады.

Студент ақпараттық компьютерлік технологияны толық меңгермей, компьютерлік бағдарламаларға қатысты тапсырмаларды шешуі мүмкін емес.

Көркем-педагогикалық оқу жүйесінде мамандардың кәсіби даярлығын ұйымдастыруда компьютерлік технологияны қолдану олардың компьютерлік технологияны пайдаланудан практикалық білім негіздерінен тәжірибе жинақтауын қажет етеді. Компьютерлік технологияны меңгеру: олардың атқаратын міндеттерін; жұмыстың негізгі қағидаларын, қолдану саласын білуді; технологиялардың ұсынған негізгі функционалдық мүмкіндіктерін білуді; бағдарламалық құралдармен жұмыс жасау тәсілдерін жетік білуді, оларды шығармашылықпен практикада пайдалануды талап етеді.

Осыған орай ғылыми зерттеулерде айтылған ақпараттандырылған қоғамда өнер саласы мамандарының *үздіксіз компьютерлік даярлығының басты мақсаты* болып:

студенттерді ақпараттық орта жағдайында компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерге пайдалануға даярлау;

ақпараттық қоғам тұлғасының менталитетін қалыптастыру;

ақпараттық қоғамда компьютерлік технологияның теориясы мен практикасын меңгерген тұлғаның өзін-өзі дамытудағы қабілетін қалыптастыру;

әлеуметтің ақпараттануының тез өзгермелі жағдайында өз-өзінің үздіксіз білімін жетілдіруге қажеттілігі мен қабілетін қалыптастыру табылатын анықтаманы басшылыққа аламыз. (И.Е.Нұрдәулет)

Көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде студенттердің компьютерлік технологияны кәсіби тұрғыда қолдануы олардың практикалық іс-әректің психологиялық-педагогикалық міндеттің бірі болып табылады. Сондықтан *«кәсіби іс-әрекет»* ұғымына тоқталатын болсақ, бірқатар ғалымдардың (А.П.Ершов, А.А.Зенкин, Г.Г.Воробьев және т.б.) болашақ өнер мамандарының кәсіби даярлығының мәні мен құрылымын дербес компьютерді пайдалану тұрғысын зерттесе, (М.И.Капранова, А.Краснов, В.М.Оксман және т.б.) компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануды қарастырған.

Ғалымдардың кәсіби іс-әрекет саласындағы көзқарастарын, оған берген

анықтамаларын қолдай отырып, біз «*ақпараттық технологияны кәсіби тұрғыда қолдану* – тұлғаның *ақпараттық технологияны кәсіби іс-әрекетте практикалық түрде пайдаланудағы тәжірибесін меңгеру деңгейін көрсететін және мотивациялық, мазмұндық, көркем-практикалық, шығармашылық, эксперттік-аналитикалық компоненттерін біріктіретін тұлғаны анықтаймыз. Мотивациялық компонент* кәсіби іс-әрекетте компьютерлік технологияны пайдалануға мотивтік, қызығушылықтың, қажеттіліктің, құндылықтардың болуын болжайды. *Мазмұндық компонент* ақпараттық технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану ерекшеліктері мен пайдалану іскерліктерін меңгеруі туралы білімінің болуын білдіреді. *Көркем-практикалық компонент* ақпараттық технологияны іс-әрекеттерде пайдалану қажеттігін олардың біліктілігін арттырудың шарты ретінде түсінуді болжайды. *Шығармашылық компонент* ақпараттық технологияны кәсіби іс-әрекеттерде шығармашылықты үйлесімділікте пайдалану іскерлігі мен дағдының болуын қарастырады. *Эксперттік-аналитикалық компонент* ақпараттық технологияны пайдаланудағы өзінің іс-әрекетіне баға бере білу қабілетінің болуына көмектеседі [1].

Қазіргі ақпараттық қоғамның талабы заманауи компьютерлік технологияларды жетік меңгерген біліктілігі және кәсіби икемділігі жоғары мамандар даярлау. Компьютерлік технологиялар дамыған елдердегі дизайн салаларында кең қолданылады. Осыған орай заманауи талабына сай елімізде алдыңғы қатарлы елдер қатарына ену үшін де осы компьютерлік дизайн саласына маман даярлау жұмысы өз деңгейінде болуы шарт. Жаңа ақпараттық технологияларды адам қызметінің барлық салаларында жаппай енгізу білім беру саласын қайта қарастыру және оны дамытудың жаңаша түрлері мен жолдарын іздеуді міндет етеді.

Көркем-педагогикалық білім беру жүйесіндегі мамандардың кәсіби қызметінің сапалы және табысты болуы озық ғылыми-техникалық жетістіктерді нақты өндіріске енгізумен қатар, ақпараттық компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі талап етілуде. Осы білім саласында шығармашылықпен байланысты мамандықтар бойынша кәсіби даярлықты қалыптастыру мәселелері қазақстандық ғалымдар Т.К.Мусалимов, Е.С.Асылханов, Ә.К.Бәйдібеков, Н.Е.Исабек, К.М.Бегімбай және басқалардың жұмыстарында қарастырылған.

Көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мамандарды кәсіби даярлау мәселесі ойдағыдай қалыптасуы үшін төмендегі шарттар орындалуы қажет:

- дизайн саласының мамандарының кәсіби даярлығын қалыптастыратын практикалық сабақтарды қамтитын оқу құрал ретінде арнайы курстардың құрылымы мен мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- ақпараттық компьютерлік технологиялардың бір бөлігі ретінде кәсіби графикалық бағдарламалар мен графикалық дизайн саласына қажетті қосалқы компьютерлік құралғылармен жұмыс істеуді студенттер толық игеруі;

- Көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби қызметінде, яғни дизайн жобаларын жасау барысында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданудың қажеттігін саналы түрде және өз бетінше қолдануға деген ұмтылыс туындауы.

Қойылған мақсаттарға жету төмендегі міндеттер орындалған жағдайда іске асуы мүмкін:

- ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданып болашақ дизайнерлердің кәсіби деңгейін қалыптастырудың негізін анықталуы;
- жоғары оқу орынында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану жолдары қарастырылып, олардың болашақ кәсіби маманның даярлығын қалыптастыру мүмкіншіліктерінің анықталуы;
- болашақ мамандардың кәсіби даярлығын ақпараттық компьютерлік технологияларды практикалық түрде қолдану арқылы қалыптастыруға қажет педагогикалық шарттары айқындалуы;
- ақпараттық компьютерлік технологияны болашақ мамандарды даярлауда қалыптасқан кәсіби даярлықтың моделі жасалуы;
- ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану арқылы болашақ дизайн саласының маманын даярлаудың сапасы эксперименттік жолмен тексерілуі.

Қазақстан эконмикасының қарқынды дамуы кезеңінде ел басының болашақ кәсіби маман даярлау ісінің алдына қойған «бәсекелестікке дәрменді мамандар даярлау қажеттілігі» осы күнгі талаптардың ең бастысы болып табылады. Көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде оқытудың мазмұны мен құрылымын заманауи озық ақпараттық технологияларды белсенді түрде қолдану арқылы шешу біздің басты мақсатымыз. Сондықтан ақпараттық технологияларды практикалық сабақтар арқылы қолдану кәсіби пәндерді оқыту сапасын оқу бағдарламасына сәйкес құрылымын жасау мен әдістемелік базасын жетілдіру арқылы жүзеге асырылады. Ал оқыту үдерісі қазіргі таңдағы ақпараттық жаңа бағдарламалық технологияларды кеңінен қолдана алатындай тәжірибеден өткізіп, жеткен жетістіктерді көркем-педагогикалық білім беру жүйесіне енгізу арқылы түрлі деңгейге ие бола алады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде көркемсурет-графика факультетінде компьютерлік графика класында «Компьютерлік графика» пәні суретшілер мен дизайнерлерді ақпараттық компьютерлік жаңа технологиялармен таныстыру кәсіби мамандардың жаңа бағдарламалардан жиі-жиі кәсіби біліктілігін арттырып отыруды талап етеді.

Ақпараттық компьютерлік бағдарламаларды жетілдіру мен жаңаша меңгеру дизайн салаларының өзіндік ерекшеліктеріне сай кәсіби деңгейі қалыптасқан мамандар даярлауға мүмкіншілік беретіндігі сөзсіз.

Сондықтан көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту технологияларын заманауи озық ақпараттық компьютерлік технологиялармен байланыстыра отырып, дизайн салалары арқылы кәсіби маман даярлау жұмысын қайта құру қажеттілігі туындап отыр.

Ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану бағдарламалары жылдан жылға тез дамып отырғандықтан компьютерлік технология өнімдерінің сапасы нарықтық қоғамға байланысты өз деңгейіне сай салыстырмалы сапаны талап етеді.

Көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ кәсіби мамандардың кәсіби даярлығын арттырудың құралы болып практикада қолданылатын компьютерлік технологияларға интеллектуальдық оқыту жүйелерінің компьютерлі-құрылымдық түрлері, кәсіби компьютерлік графикалық пакеттерді қолдану технологиясы, қосалқы техникалық құрылымдарды қолдану әдістері және мультимедиа құралдары табылады. Демек, кәсіби мамандарды даярлаудың басты мақсаты – күрделі дизайнерлік көркем шығармашылық шешімдегі компьютерлік дизайн-жобаларды орындау әдістері мен тәсілдерін кәсіби деңгейде меңгеру.

Сондықтан оқыту үдерісінде озық педагогикалық әдістемелерді қолданып, заманауи талапқа сай кәсіби маман даярлауды жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Демек, көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ кәсіби мамандардың кәсіби деңгейінің қалыптасуы оның заман талабына сай болуына байланысты.

Осыған орай көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ кәсіби мамандардың кәсіби даярлау үрдісін үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең – мектеп қабырғасында және жоғары оқу орынындағы «Информатика» пәнінен алған ақпараттық технология туралы білімдері. Бұл кезеңде алатын білім деңгейі - информатика ұғымы мен бағдарлау тілдері (HTML және Visual Basic), компьютерлік техниканың құрылымы (процессор, аналық плата, монитор), қосалқы құрылымдар (манипулятор, клавиатура), операциондық жүйелер мен орталар (Windows), кеңсе бағдарламалары (Microsoft Word) және т.б.

Екінші кезең – студенттер кәсіби компьютерлік графикалық бағдарламалармен (CorelDRAW, Photoshop) алғашқы танысу, олардың түрлері мен графикалық мүмкіншіліктері, графикалық құралдары мен басты командалық қызметін қолдану.

Үшінші кезең – күрделі компьютерлік графикалық редакторларды оқып-үйрену, күрделі дизайнерлік шешімді табуды қажет ететін дизайн-жобаларды кәсіби деңгейде орындай білу және қосалқы техникалық құрылымдармен (принтер, сканер, плоттер, лазерлік басылым қондарғылары, сандық фотоаппарат, флешкалар және т.б.) жұмыс істеу. [2]

Көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ кәсіби мамандардың кәсіби даярлығын арттыруда кәсіби өндірістік практикаларға қатысу өте үлкен рөл атқарады. Өндірістік практикаларды өту үдерісінде студенттер еркіндікті сезіне отырып, өздерінің барлық мүмкіншілігін кәсіби маман ретінде кеңінен қолдана алады. Себебі кез келген өндірістік орында арнайы тапсырмалар беріліп, жұмыс нәтижесі қаржымен бағаланатындықтан онда студент шығармашылық ойлау қабілетіне сүйене алады. Сонымен қатар өз мүмкіншілігінің деңгейін анықтауға мүмкіндік туындайды. Сондай-ақ өндірістік орын да жұмыс жасау техникаларының мол мүмкіндігіне

байланысты жұмыс күрделілігін сезіну мен уақыт мөлшерін үнемдеуге дағдыланады.

Студенттер кәсіби өндіріс орнында оқу орнында жоқ, озық дизайнерлік компьютерлік бағдарламалар, кәсіби принтерлер мен плоттерлер, кітап және ақпарат баспа құрылымдары, жарнаманың арнайы түрлерінде қолданылатын баспа қондырғылары, дизайн саласында қолданылатын жаңа материалдар, ірі компьютерлік техникалардың түрлері сияқты көптеген техникалар мен технологиялармен танысуға және олармен жұмыс істеу тәжірибесін меңгеруге мүмкіншілік алады. Ал студенттердің негізгі ақпараттық компьютерлік технологияларды меңгеруі мен оны қалыптастыру көркем-педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ кәсіби мамандардың кәсіби даярлауды оқыту үдерісінде арнайы оқыту бағдарламалары бойынша кәсіби пәндерді оқытуға байланысты. Сондықтан, арнайы оқу пәндерін оқытуда студенттердің дизайн саласына қатысты теориялық және практикалық білімдерін кәсіби даярлау арқылы шығармашылық шеберлікке қалыптастыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исабек Н.Е. Студенттерді компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудың теориялық және практикалық негіздері (сәндік-қолданбалы өнер және дизайн факультеті материалдарында). Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған авторефераты, - Алматы, 2010.

2. Бегимбай К.М. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы болашақ дизайнерлердің кәсіби даярлығын қалыптастыру жолдары. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, № 3 (76) - Астана, 2010.

Резюме

В статье рассматриваются информационные технологии в системе художественно-педагогического образования. В том числе, значение компьютерной графики, как один из важнейших инструментов графического дизайна при формировании у студентов навыков и умения виртуального исполнения намеченной цели.

Summary

The article reviews the information technology in the art-teacher education. In particular, the importance of computer graphics, as one of the most important tools of graphic design in the formation of students' skills and knowledge of virtual execution target.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР. НАШИ АВТОРЫ.

Алдашева Ардак Ахметганиевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Ажитаев Нұрлан Ермекұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы, Алматы қаласы

Аширов Жәнібек Сатыбалдыұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы

Әміржанова Назира Серікқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Байтурбаева Асель Тулегеновна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Жиренов Саян Аманжолұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Жұмаділұлы Смағұл – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты

Жүнісова Раушан Жексенбаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы

Ибрагимов Аман Илесович – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Ибраимова Жібек Тұңғышбаевна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Нұрсұлтанқызы Жазира – Болашақ университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қызылорда қаласы

Қасенов Ерлан Сламбекұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Қорғанбаева Жанар Қожамбердіқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының аға оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Мәзбаева Жанар Оралханқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы

Сманова Ақмарал Смаилқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Тюлепбердинова Гульнур Алпыскызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

**Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясының
ғылыми мақалаларды қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясындағы мақалалар қоғамдық және жаратылыстану, педагогика мен әдістеме ғылымы бағыттарындағы ғылыми зерттеулердегі жаңалықтар мен өзекті мәселелерді қамтиды. Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің ғылыми мақалаларын жариялайды.

Мақала көлемі кестелерді, суреттерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және негізгі мәтін алдында жазылатын түйінді қосқанда 15 беттен аспауы керек. Мәтін Microsoft Word редакторында Times New Roman 14 пт әрпімен, аралық 1 интервалмен, үстіңгі және астыңғы жақтарынан – 2 см; сол жағынан – 3 см және оң жағынан – 1,5 см қалдырылып теріледі. Бірінші беттің ортасына қалыпты әріптермен автордың аты-жөні, оның астына мақаланың аты, төменіректе жай жақшаның ішінде жұмыс орындалған ұйымның аты мен қаласы жазылады.

Суреттер саны 5-тен аспауы керек (биология, физика-математика, химия салалары бойынша 10-нан аспауы керек) және иллюстрациялар (графиктер, схемалар, диаграммалар) компьютерде салынуы керек.

Барлық формулалар мен символдар (математикалық, физикалық, химиялық) Microsoft Equation және Microsoft Word редакторында теріліп, нөмірленіп, сілтемелер жасалады.

Әдебиеттерге жасалған сілтемелер тік жақшамен [1, 15 б.] көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі төмендегіше жазылады:

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.

Хасанов Ғ.Қ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. Ғылыми монография. –Алматы: Үшқиян, 2009. -488 б.

Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. Фил. ғыл. док... дис.: 10.02.02. Қолжазба. -Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2008. -346 б.

Шойбекова Ғ.Б. Ұлттық танымның сөз тудырудағы рөлі // Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2004. -204-207 бб.

Мақала төмендегі құжаттармен қоса екі данада және CD дискімен қабылданады:

1. Түйін (1/3 кем емес) екі тілде (қазақша-ағылшынша немесе орысша-ағылшынша);

2. Жеке парақта автор жөнінде толық мәлімет көрсетіледі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

3. Студенттер мақаласын жіберген жағдайда (студенттің аты-жөні, оқу орыны мен факультеті, мамандығы, ғылыми жетекшісінің сараптама пікірі, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы; ғылыми жетекшісінің аты-жөні мен ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ имени Абая» серия «Молодые ученые»

Статьи из серии «Молодые ученые» журнала «Вестник КазНПУ имени Абая» охватывают актуальные вопросы научных исследований в области общественных и естественных наук, а также в области методики преподавания. В серии Вестника «Молодые ученые» публикуются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

Статья представляется в двойном экземпляре. Размер статьи не должен превышать 15 страниц (от 6-ти страниц), включая таблицы, рисунки, аннотацию в начале статьи перед основным текстом (аннотация до 1/3 стр. через 1 интервал, 12 пт), список литературы, напечатанных в редакторе Word, шрифтом Times New Roman 14 пт, с пробелом между строк 1 интервал, поля - верхнее и нижнее – 2 см, левое – 2 см, правое – 2 см. Количество рисунков не более пяти (для серий биологическая, физико-математическая, химическая - не более 10). К статье прилагается:

- к статье необходимо приложить аннотацию (не менее 1/3 стр.) на двух языках (на казахском и английском или на русском и английском)

- на отдельной странице и сведения об авторах (Ф.И.О., ученая степень, ученое звание, адрес, место работы, телефон, факс, e-mail). Далее посередине страницы прописными буквами (курсивом) инициалы и фамилии авторов, ниже также посередине заглавными буквами - название статьи; затем посередине строчными буквами; в круглых скобках - название организации (ий), в котором выполнена работа, и город. Прилагается электронный вариант на CD-диске.

- в случае подачи статьи к публикации студентами необходимо указать: ФИО студента, название вуза, факультет, специальность, аналитический отзыв научного руководителя, адрес, телефон, факс, e-mail; ФИО и ученую степень, ученое звание, место работы, адрес, телефон, факс, e-mail научного руководителя.

- иллюстрации (графики, схемы, диаграммы) должны быть выполнены на компьютере или в виде четких чертежей, выполненных тушью на белом листе формата А4.

- математические формулы в тексте должны быть набраны как объект Microsoft Equation.

Химические формулы и символы должны быть набраны при помощи инструментов Microsoft Word. Следует нумеровать лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

- ссылки на литературные источники даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1,15 с.]. Список литературы оформляется следующим образом:

Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Просвещение, 1963. -255 с.

Аверьянов А.Н. Динамика противоречий // Вопросы философии. 1976. № 5.

Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. М.:Прогресс, 1985 451с.

В случае переработки статьи по просьбе редакционной коллегии журнала датой поступления считается дата получения редакцией окончательного варианта. Если статья отклонена, редакция сохраняет за собой право не вести дискуссию по мотивам отклонения.

ХАБАШЫ. ВЕСТНИК.
«Жас ғалымдар» сериясы
Серия «Молодые ученые»
№1, 2013

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады.

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009
жылы мамырдың 8-де тіркелген №10108-Ж.

Шығару жиілігі – жылына 2 рет.
2001 жылдан бастап шығады.

Басуға 30.01.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 5,2 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 432.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат»
баспасында басылды.